

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 17.02 (043)

Қолжазба құқығында

РУШАНОВА НЕЛЯ БЕРИКОВНА

Әл-Фарабидің этикалық философиясындағы надандық мәселесі

6D020100 - Философия

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
философия
ғылымдарының докторы, профессор
А.С. Сырғақбаева

Шетелдік ғылыми кеңесші:
философия ғылымдарының докторы,
бас ғылыми қызметкер,
Ювяскюля университеті
Яри Каукуа

Қазақстан Республикасы

Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 НАДАНДЫҚ МӘСЕЛЕСІН ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1 Әлемдік философия тарихындағы «надандық» құбылысының теориялық тұрғыда ғылыми зерделенуі.....	11
1.2 Әл-Фараби ілімінде тұжырымдалған «даналық пен надандық дихотомиясының» өмірмәнділік және тәжірибелік негіздері.....	22
1.3 Әлеуметтік субъектілер деңгейінде көрініс беретін надандықтың себептері мен ықтималдық салдарлары.....	35
2 ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ НАДАНДЫҚ ТУРАЛЫ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ СЫНИ СИПАТТАМАЛАР	
2.1 Шығыс пен Батыс сұхбаты аясындағы надандық феноменінің ілімдік деңгейде бағамдалуы: салыстырмалы талдау.....	44
2.2 Әл-Фарабидің дүниетанымындағы этикалық категорияларға қатысты ұстанымдарының құндылықтық маңызы.....	50
2.3 Әл-Фараби философиясындағы әлеуметтік болмыс пен таным мәселелері тұрғысынан надандықтың қарастырылуы.....	69
3 ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ЭТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ БАСЫМДЫҚ ТАНЫТАТЫН ИДЕЯЛАРДЫҢ ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН МАҢЫЗЫ	
3.1 Түркі және ислам өркениетінің дамуы тұрғысынан әл-Фарабидің этикалық ұстанымдарының айшықталуы.....	86
3.2 Әл-Фарабидің этикалық философиялық ойтанымының кейінгі тарихи кезеңдердегі рухани сабақтастығы.....	99
3.3 Әл-Фарабидің мұраларындағы даналық пен әділеттілік қағидаттарының надандыққа қарсы бағамдалуының заманауи кезеңге сәйкес дүниетанымдық маңызы.....	110
ҚОРЫТЫНДЫ	119
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	121

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу жұмысында Әбу Насыр әл-Фарабидің рухани мұрасындағы надандық туралы түсініктерге философия тарихы тұрғысынан талдаулар жасалды және оның танымдық және құндылықтық сипаттамалары зерделеленді, бағалаулар берілді. Ойшылдың дүниетанымында жүйеленген этикалық категориялардың құндылықтық маңызы айқындалып, оның тарихи сабақтастығы айшықталды.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Көрнекті философ, ғалым-энциклопедист, «Екінші ұстаз» («Әл-Муалим ас-сани»), Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлуг ибн Тархан әл-Фараби (870-950) ислам әлеміндегі гуманист, рационалист және саяси философияның негізін қалаушы ретінде өз ізін қалдырды. Әлеуметтік-философиялық және саяси ой тарихында, этикалық ілімімен ерекше орын алатын әл-Фарабидің философиялық жүйесінің негізінде адамның мәні, оның интеллектуалды және рухани кемелдігі, бостандыққа, жеке және әлеуметтік бақытқа ұмтылу, бақытты болашаққа ұмтылу жатыр.

Әл-Фарабидің этикалық философиясында орын алған надандық мәселесі жан-жақты зерттеуді қажет ететіні белгілі. Өзінің «Қайырымды қала, Ізгі қала» туралы теориялық концепцияларын жүйелей келіп, озық ойлы данышпан қарама-қарсы қасиеттерге ие болған «Надан қала» деген түсінігін келтіреді [1]. Демек, өзінің әлеуметтік құрылымын қалыптастыру барысында кейінгі ұрпаққа кез келген қауымдастық жалған, деструктивті жолға түсіп кету қаупі бар екенін ескертеді. Адамзат тарихындағы көптеген еларалық соғыстар мен кикілжіңдер осындай теріс қатынастардың шоғырланған жерінде пайда болғаны белгілі.

Ежелгі грек философиясында жоғары этикалық идеяларды тудырған қуатты мәдениеттің қайнар көзі және қозғаушы күші гректің ұлттық рухы болды. Сократтың пайымдауында, өркениеттіліктің бастапқы нүктесі ретінде осы грек рухын санады. Бірақ, теориялық және академиялық тұрғыдан адамның табиғатына, әсіресе ақыл-ойына және өмір салтына күмән келтірді. Сайып келгенде осындай қадамдар адамзат мойындаған этиканың пайда болуына әкелді. Диссертацияда батыстық этикалық ойдың негізін қалаушы болып саналатын Сократтың этикалық ойының қалай пайда болғандығы, оның надандық ұғымына берген анықтамасы, этикалық ойдың не екендігі, кейінірек Платон мен Аристотельдің ғылыми еңбектерінде аталмыш ұғымдардың пайда болуы қарастырылып, ежелгі грек кезеңіндегі этикалық ойға шолу жасалады.

Исламдық мораль философияның негізін қалаушы болып саналатын әл-Фарабидің бүкіл теориялық жүйесін рухани құндылықтар философиясы ретінде қарастыруға болады. Шынында да, әл-Фарабидің құндылықтар жүйесі адамның рухани табиғаты мен өмір сүрудің ізгі мақсатына сәйкес келеді. Ал қоғамдағы басқару формаларының табиғаты мен қызметіне, сондай-ақ оның негізгі

проблемасына жататын қарсы сипаттағы режимдерге назар аударады. Сонымен қатар, ойшыл адамзат әлемінің өмір сүру дағдысына теріс әсерін тигізетін надандық ұғымының қаншалықты зардабы бар екендігі туралы ойларын ортаға салып, өзінің замандастарымен және кейінгі ұрпақпен сұхбатқа түседі. Міне, осыған орай әл-Фараби философиясындағы надандық туралы тұжырымдар мен зерделеулердің өзектілігі қазіргі заманғы теория мен практика үшін маңызы зор.

Жоғары дәреже мен жоғары бақытқа ғылым мен өнер саласын дамыту арқылы қол жеткізуге болады. Бұл ғылым – ерікті әрекеттер мен әртүрлі өмір салтын зерттейтін мораль мен саясат ғылымы (михнатул-сикитий немесе михнатул-медений). Алайда, әл-Фараби жүйесінде үстемдік ететін саяси-моральдық-метафизикалық одаққа негізделген бұл ғылымда әр адам жете түсіне алмайтын бағдарлар мен принциптер болады. Осы тұрғыдан алғанда, әл-Фарабидің әмбебап философиясы туралы айтатын болсақ, оның надандық ұғымына қарсы адамгершілік, даналық, метафизика және гносеология ілімдерін қойғанын айта кету керек. Міне жоғарыдағы айтылғандарға байланысты диссертацияның таңдалған тақырыбының өзектілігі мол танылады. Кез келген қоғам үшін надандыққа қарама-қарсы рухани күштерді дамыту, қоғамда орнықтыру маңызды және сондықтан «Әділетті Қазақстан» құрамыз деген қоғам үшін осы бағыттағы зерттеулердің өзектілігі арта түсетініне сенімдіміз.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі.

Әлемдік деңгейдегі фарабитанушы мамандармен қатар қазақтың көрнекті ғалымдары: А.Х. Қасымжанов [2], М.С. Орынбеков [3], Ә.Б. Дербісәлі [4], М.С. Бурабаев пен Г.К. Құрманғалиевалардың [5] шығармашылығы және Ғ. Есімнің «Қазақ философиясының тарихы» [6] атты еңбегін зерттеу барысында қолдану теориялық тұрғыдан диссертация жазуға нақты және шынайы бағдар берді. Сонымен қатар, Ж.А. Алтаев [7], Т.Х. Ғабитов, Г.Ж. Нұрышева [8], А. Қасабек, А.Д. Құрманалиева [9], Н.Л. Сейтахметова [10], А.С. Сырғақбаева [11], Ә.А. Құранбек, А.Р. Масалимова [12] және Тәжікстаннан Б.Г. Гафуров [2] және Өзбекстаннан М.М. Хайруллаев сияқты көрші шетелдің зерттеуші ғалымдардың еңбектері зерттеу проблемасын жан-жақты ашып беру үшін теориялық-әдіснамалық мағынада үлкен көмегін тигізді. Әрине, әл-Фараби мұрасын зерттеуге араб, парсы елдерінің мамандары, ресейлік ғалымдар да үлкен еңбек сіңірді. Әл-Фарабидің шығармаларының 10 томдығының «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы ауқымында жарық көруі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ауқымында көрнекті Шығыс ойшылының 1150 жылдығының аталып өтілуі де ойшылдың рухани мұрасын игеруге үлкен мүмкіндіктер жасады.

Диссертациялық зерттеу жұмысында әлемнің әйгілі философы Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектерін зерттеген белгілі ғалымдар: А. Машановтың «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегі, А.Х. Қасымжановтың «Әбу-Насыр әл-Фараби», Ж.А. Алтаевтың «Әл-Фараби және ислам философиясы», Ғ.Қ. Құрманғалиеваның «Әл-Фарабидің ғылыми мұрасы», Г.Ж. Нұрышеваның «Әл-Фараби: таным тағылымы», Ә.Б. Дербісәлінің «Әбу Насыр әл-Фараби – Ұлы даланың дара тұлғасы», А. Азимханның «Әбу Насыр

эл-Фарабидің философиялық құрбандығы», Ризо Доваридің «Фараби – ислам философиясының негізін қалаушы», Луфа Эйанның «Эл-Фараби және қазіргі заман» атты теориялық, ғылыми-танымдық еңбектері пайдаланылды.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны. Эл-Фараби философиясында зерделенген «надандық» құбылысының теориялық-мазмұндық аспектілері.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу пәні – әлемдік философия тарихындағы этикалық ойтолғамдар аясындағы надандық феномені.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.

Мақсаты: Әбу Насыр эл-Фарабидің рухани мұрасын зерделеу арқылы надандық құбылысының негізгі аспектілеріне тарихи-философиялық талдаулар жасау.

Осы мақсатқа сәйкес келесі **міндеттер** қойылды:

- әлем философиясы тарихындағы надандық феномені туралы концепцияларды талқылау арқылы оның әр қилы пішінде сипатталуына теориялық тұрғыда ғылыми зерделеулер жасау;
- эл-Фарабидің шығармашылығында көрсетілген надандыққа қарама-қарсы болып келетін «даналық пен кемеңгерлік» ұғымдарының өмірмәнділік және тәжірибелік негіздерін талдаудан өткізу;
- әлеуметтік субъектілер деңгейінде көрініс беретін, адамның кейбір жетілмеушілік қырларын танытатын надандықтың себептері мен ықтималдық салдарларын зерттеуден өткізу;
- шығыс пен батыс дүниетанымдық сұхбаты аясындағы надандық құбылысын паймдауларға философиялық талдаулар жасау;
- ойшыл дүниетанымындағы надандыққа қатысты зерделенген этикалық ұстанымдардың құндылықтық маңызын саралау;
- надандық феноменінің болмыстық сипаты мен танымдық негіздерін салыстырмалы түрде талдаудан өткізу;
- түркі және ислам өркениетінің дамуы мен өзара байланысы тұрғысынан эл-Фарабидің этикалық ұстанымдарының айшықталуын зерттеуден өткізу;
- эл-Фарабидің дүниетанымында орын алған этикалық категориялардың адамзаттың рационалды ойлау эволюциясындағы тарихи сабақтастығын айқындау;
- эл-Фараби мұрасындағы ізгі қоғам мен әділеттілік туралы ілімін заманауи кезеңге сай өрбітудің жолдарын анықтау.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері:

Диссертациялық зерттеу жұмысы барысында компаративистика, индукция және дедукция, жүйелі сараптама, аналогия, констелляциялық талдау, сонымен қатар, феноменология, аксиология, герменевтика, психоанализ әдістері кеңінен қолданылды.

Аталмыш әдістерге сүйене отырып, қазақ философиясындағы надандық ұғымының пайда болу салдары мен надандықпен күресудің айла-амалдары, надандықтың қоғамға тигізер зардабы мен зияны теориялық тұрғыдан жан-

жақты сипатталады. Қазіргі отандық ғалымдардың надандық ұғымын зерттеудегі тың тәсілдері қоданылған соны еңбектеріндегі құнды мәліметтер диссертациядағы зерттеудің ғылыми негізі ретінде қарастыралды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

Зерттеудің теориялық және эмпирикалық талдауына негізделген:

- әлемдік этикалық ойтолғамдар тарихы аясындағы надандық феноменінің ұғымдық мағынасы тарихи-философиялық тұрғыдан бағамдалды;

- әл-Фараби философиясындағы әдеп мәселелері тұрғысынан надандықтың кейбір қырлары қарастырылып, оған қарсы тұратын даналықтың рухани қабілеттері айқындалды;

- әлеуметтік ортада қалыптасқан қайшылықты ахуалдың кейде надандықты күшейту мүмкіндігі мен ықтималдылығы көрсетіліп, оның терең жатқан құбылыстық себептері айшықталды;

- шығыс пен батыстың қарым-қатынасының негізін құрайтын қағидаттар анықталып, надандық құбылысын байыптауларға арналған түсініктерге философиялық талдаулар жасалды;

- әл-Фараби дүниетанымында жүйеленген надандыққа қатысты сыни этикалық ұстанымдардың аксиологиялық сипаттамасы берілді;

- надандықтың мағынасы мен мәніне онтологиялық және гносеологиялық зерделеулер жасалып, олардың құбылыстық қасиеттері жан-жақты сараланып, дүниені игеру мен түсінудегі маңызы көрсетілді.

- түркі және ислам өркениетінің өзара ықпалдасуы аясында қалыптасқан әл-Фарабидің этикалық ұстанымдар жүйесінің терең мазмұндық сипаты мен маңызы айшықталды;

- әл-Фарабидің этикалық сипаттағы философиялық жүйесінің кейінгі тарихи кезеңдердегі ойшылдар дүниетанымында мойындалып, рухани сабақтастықпен дамыталғаны көрсетілді;

- әл-Фараби рухани мұрасында басымдық танытатын ізгілік қағидатының надандыққа қарсы тұрар тетік ретіндегі сипатын заманауи кезеңнің әлеуметіне сай өрбітудің тиімді жолдары анықталды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- әлемдік философия тарихы форматында кездесетін надандық құбылысы туралы теориялық концепциялар ежелгі замандардан бері ұдайы басқа этикалық категориялармен синтезде қарастырылып келе жатқан өзекті тақырып. Бір-біріне логикалық сипатта қарама-қарсы тұратын надандық пен парасаттылық, жетілмеушілік пен кемелділік туралы философиялық терең ойлар мен пайымдаулар Ежелгі дәуір (Антикалық дәуір), Орта ғасырлар мен Жаңа дәуірлерде белгілі философтар мен ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Мәселен, надандық пен даналықтың қарама-қарсы концепциясы ежелгі Грекиядағы Сократ, Платон мен Аристотель, иудаизм және христиандық, Шығыс пен Батыстағы ислам, буддизм және конфуцийшілдік сияқты мыңжылдық тарихы бар батыс философиясы мен діндерімен байланысты болды. Ежелгі грек философиясында «Надандықты

жою, даналықты іздеу, даналыққа баса назар аудару» идеясы басты орын алды. Әлемнің философия тарихының бастауы болып табылатын Платонның идеялар мемлекет және эманация туралы ілімдерінің, Аристотельдің потенциалды және әрекетшілдік туралы көзқарастарының әл-Фарабидің қайырымды қала, бақытқа жету туралы ілімдерімен астасып жататындығы айқын. Надандықты жан-жақты талдау үшін неміс классикалық философиясындағы Кант және Гегель философиясына назар аударуға тиістіміз. Олар рационалды ойлаудың жетіспеушілігі әлеуметте надандыққа жетелейтін фактор екеніне меңзейді;

- әл-Фарабидің әдеп философиясын оның метафизикасы мен гносеологиясынан бөлек қарастыру мүмкін емес. Философиялық тұрғыдан алғанда Платон мен Аристотель теориялары әл-Фараби көзқарастарына түрткі болды. Мысалы, көп нәрсенің қалай біртұтас болатындығы және дүниенің көрінбейтін Құдайдан қалай пайда болатындығы, сонымен қатар тіршіліктің биік сатыға өрлеуін және төмендеу тәртібін түсіндіруді жатқызуға болады. Өз жазбаларында әл-Фараби Платон мен Аристотельдің тұжырымдамаларын біріктіруге тырысып қана қоймай жаңа сипатта әлеуеттегі құбылыстарға өзінің түсіндірмесін берген. Соның қатарына надандық құбылысының әр түрлі қырларын терең пайымдауы жатады. Әл-Фараби өзінің руханилыққа қатысты ойларын ашатын «әл-Мадинатул-Фазиль» мен «әл-Медений» атты еңбектерінде рух теориясынан бастап, жан ілімі туралы талдау жасап, соңында саясат туралы тың ойлармен бөліседі. Яғни: әл-Фарабидің мораль мен саясат туралы негізгі идеясы – «Ізгі қала» тұжырымдамасы әкімшіліктегі әділеттілік пен саяси тәртіпті білдірсе, ал оның негізгі құндылықтық қағидасы – надандықты жеңу және адамның кемелдігі мен бақытына жетуі екені анық;

- әлеуметтік ортадағы ахуалдың рухани биіктерге көтерілуі үшін тек қана сауаттылыққа жету жеткіліксіз екені анық. Себебі, әрбір қоғам мүшесі өзін тұлға ретінде қалыптастыру үшін білім қорын жинақтаумен қатар адамның ерекше қатынастары болып табылатын руханилығы мен әдептілігі, жауапкершілігі мен еңбекқорлығын қалыптастыруы шарт. Надандық теріс қасиеттер жиынтығы ретінде әлеуметтік ортада кенеттен және кездейсоқ орын алмайды. Оның көрініс беруінде белгілі бір қисын бар. Сондықтан әл-Фараби ілімі осы әлеуметтегі себептердің түп тамырын жоюдың тетігін іздейді, жолдарын қарастырады. Әрине, надандықты кәсіби хирургтың ота жасап, алып тастайтын соқырішек сияқты құбылыс емес екенін ортағасырлық данагөй жақсы біледі. Сондықтан надандықты жоюдың қайнар көзі – адами кемелдену, ізгі қоғамды қалыптастыру екенін тұжырымдайды әл-Фараби шынайы бақыттың не екенін зерттеп, бұл бақыт тек қоғамда немесе адамзат кемелдігі идеясы қолдайтын саяси тәртіпте мүмкін деп тұжырымдады. Әл-Фараби «кемелдену» деп аталатын философияның биік дәрежесін айқындайтын адам санасының ең жоғарғы деңгейін – бұл «ең жоғары бақыт, ол тек өзіне ғана қажет және адам қол жеткізе алатын нәрседен басқа ештеңе жоқ» деп тұжырымдайды. Азаматтың рухани әлемі белгілі бір биіктерге

көтерілетін болса, қоғамның да ізгілене түсетініне де күмән келтірмейді. Дегенмен, ойшыл ел басқарушы көсемнің қоғамды үйлесімді басқарудағы, дамытудағы үлкен талаптарға сай келуіне үлкен назар аударды;

- шығыс пен батыстың рационалды сұхбаты әл-Фараби заманында орын алды. Әл-Фарабидің еңбектерінде Антикалық ғылым мен философияны игерудің арқасында ғарышты, адамды, оның ақыл-ойын қамтитын және адам үшін онтологиялық мағынада маңызды шындыққа қол жеткізетін әлемнің синтетикалық бейнесін талдау нәтижесінде, адам мен ғарыштың, адам мен табиғаттың байланысы дәлелденді. Аристотельдің еңбегін түсіну оңай емес еді, әсіресе оның философиялық күрделі тіліне екінің бірі бойлай алмады. Аристотельдік «Метафизиканы» оқуда және оның мазмұнына одан әрі түсініктеме беруде белгілі бір қиындықтарды Ибн Сина (Авиценна) бастан өткергені белгілі. Бірақ Әбу Насыр әл-Фараби жүзеге асырған интерпретация оған Аристотель трактаты туралы тұтас түсінік алуға мүмкіндік берді. Әл-Фараби өзіндік ғылыми маңызы айрықша зор көзқарасты ұсынды. Соның арқасында Аристотельдің күрделі еңбегіндегі негізгі тұжырым мен идеяны түсіну қол жетімді түрде баяндалды. Бұл мысал әл-Фарабидің әдіснамалық аппараты айқын және күрделі дүниетанымдық идеяларды түсіндіру арқылы ғасырлық ғылым саласына орасан зор еңбек сіңіргенін байқауымызға болады;

- әл-Фараби дүниетанымында өмірді рухани жетілдірудің әр қилы жолдары көрсетіледі. Тіпті ғұламаның жеке басының өнегісі – энциклопедист ғалым болуының өзі надандықпен күресудің үлгісі. Ойшыл өзінен кейінгі ұрпаққа болашақ азамат әмбебаптылыққа ұмтылу қажеттігіне кеңес беріп тұрғандай. Этикалық категориялар арқылы жүйеленген надандыққа қатысты сыни адамгершілік ұстанымдарының аксиологиялық сипаттамасы жас ұрпақ үшін маңызды. Себебі, кез келген халық өзінің ғасырлар бойы қордалаған рухани құндылықтарын барынша құрметпен сақтап, әлеуметтік ортада дәріптеп, келесі ұрпаққа жеткізуі қажет. Халқымыздың Наурыз мейрамын этникалық болмысымызға қайтаруы, рухани мұраларымызды жүйелеп, жастардың кітапханасына ұсынуымыз қазақ ұлтының интеллигенциясының тәуелсіздік жылдары атқарған өнімді істері екені анық. Әл-Фараби насихаттаған даналық үлгілері барлық жерден табылуы керек. Ол үшін ғылым, дін және мәдениет біріге отырып философиялық танымның, аксиологиялық бағалаудың негізін қалыптастыруы шарт;

- әлеуметтік болмыста өз қисынымен орын алған надандықтың мағынасы ойшылдар тарапынан сыни зерделеулерге тап болып келе жатқаны белгілі. Ал енді оның мәніне онтологиялық және гносеологиялық зерделеулер жасалуы философтар қауымы үшін өзіндік парыз. Әрине, олардың құбылыстық қасиеттері мен көріністеріне жан-жақты сараптаулар беріліп, дүниені игеру мен түсіну бойынша әлеуметтік субъектінің таным үдерісі ауқымындағы ауытқушылығы деуге болар еді. Бірақ сол ауытқушылық адам болмысының ажырамас құрамдас бөлігі ме, әлде «кез келген рухани жетілмеушіліктің өзіндік қалыптасу жолдары және оны жеңудің тетіктері бар

ма?» деген сауалдар қойылары анық. Бұл жерде дүниедегі құбылыстық баршылық пен шындықтағы болуға тиістілік арасындағы өзара философиялық қатынастың шешімін іздейтін көзқарастың қисынын байқаймыз. Философияның адами, тұлғалық қалыптасуы игі әсер ететін тұсы осындай күрделі мәселелердің шешімін табуда байқалады;

- ислам мен түркі философиясының терең мәнін сипаттау үшін «даналық» ұғымын қолданған жөн. Ойлау, бақылау, рационалдылық, даналық және философия жайлы араб мұсылмандарының жазбалар статистикасына сәйкес, адамдарды ақыл-ой, парасатпен өмір сүруге дағдыландыратын 300-ден астам пункт бар, адамдарға ғаламның құпияларын байқауға және зерттеуге үйрететін 700-ден астам түсінікті және рух биігіне жетуді үйрететін ондаған орындар бар екендігі анықталды. Әл-Кинди алғашқы ислам философы болып саналғанымен, эллиндік ойдың Ислам философиясына толық әсері Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық ой-толғамдарында айрықша көрінеді. Ислам философиясы дәстүрінде логиканың атасы болып саналатын әл-Фараби жаңа платонизмді ұстанған бірінші философ болды. Ислам философиясының негізіне біршама әсер еткен Платонның теориясы екі функцияны орындайды: интеллектуалды және практикалық. Екеуі де кейінгі философиялық ағымдарының ажырамас бөлігіне айналды. Сондықтан әл-Фараби философиясы исламды гуманистік, ағартушылық сипатпен көмкереді деуге болады;

- әл-Фараби насихаттаған кемелденудің жеке адам үшін де, тұтастай қоғам үшін өте маңызды екенін тұжырымдауы қазіргі қоғам үшін өте маңызды екені белгілі. Әл-Фарабидің философиялық іліміндегі надандық пен парасаттылықтың қарама-қарсы тұру теориясын қазақ даласының ойшылдары қазіргі кезеңге дейін дамытып келді деп айтуға болады. Қазақтың ақын-жыраулары мен би-шешендері бұл тақырыпты айналып өткен емес еді, олардың поэтикалық формада жеткізген терең даналыққа толы шығармашылығында надандық сыни образдармен жеткізіледі. Қазақ ағартушылары надандықтан қайнар көзі білімсіздіктен, сауатсыздықтан деген идеямен байланыстырғаны да белгілі. Абайдың сыни поэзиясында «көп айтса көнді, жұрт айтса болды, әдеті надан адамның» деп әрбір тұлғаға жеке жауапкершіліктің, жеке таңдаудың маңызды екенін сыни талдаумен көрсетіп берілген. Алаш қайраткерлері «Оян, қазақ!» деген ұран арқылы адамның рухани келбетінің жетілуі үшін, надандық құрсауында қалмау үшін жұртшылықтың терең сауаттылыққа, саяси еркіндікке ұмтылудың қажеттілігін пайымдайды. Ұлттың ділін сақтап, оны жетілдірудің ең негізгі тетіктерінің бірі осы надандықпен тиімді күресе білу екендігін ұлт мәдениетінің эволюциясы көрсетіп берді;

- заманауи кезеңде елімізде «Әділетті Қазақстан» мен «Адал азамат» қағидаттарының күн тәртібіне көтерілудің астарында терең қайшылықты үдерістердің қисындары жатыр. Тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңнен бері мемлекетіміз жетістіктерге жеткенмен, бұқаралық сананың ауытқушылық жағдайында болғанын да жасыра алмаймыз. Қоғамда жемқорлық пен

сыбайластық, жағымпаздық пен көзбояушылықтың азаматтардың дүниеге көзқарастарында, құндылықтар әлемінде орын алуы соның айғағы. «Қаңтар оқиғасы» қазақстандық қоғамның дамуында жіберілген үлкен кемшіліктердің, қателіктердің орын алғанын дәлелдеп берді. Ел байлығының көбісі жекелеген олигархтардың қолында шоғырланғаны жөнінде ақпарат зиялы азаматтар арасында талқылауға түсіп, олардың жай халықты «маргиналдық» деңгейдегі әлеуметтік қабат деген бағалауға дейін апарды. Парасатты, ізгі қоғам өзінің барлық деңгейдегі әлеуметтік топтарын шеттетпейді, төмендетпейді, өз қамқорлығына алады, проблемаларды ашық және әділетті форматта шешуге ұмтылады. Сонда азаматтарда, әсіресе жастарда үйлесімді саяси сауаттылық ашылады, надандыққа жол берілмейді, құндылықтар жүйесі өркениетті сипатта қалыптасады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ауқымында бірнеше жыл бұрын жүзеге асырылған «Smart Citi» жобасы әл-Фараби мұрасын жоғары оқу орындарында практикалық мағынада қолданудың үлгісі болатын. Осындай жобалар әр түрлі деңгейде өзінің нәтижесін берсе надандықты, әділетсіздікті жеңудің нағыз механизмін қалыптастыруға болады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Әл-Фарабидің еңбектері бірнеше ғасырлар бойы әлемдік ғылым мен философияның даму бағытын теориялық мағынада анықтап, бірнеше ғасырлар бойы Шығыста ғана емес Батыс елдерінде беделге ие болды. Біздің уақытқа дейін ғалымның 117 кітабы келді, оның 43-і логикаға, 11-і метафизикаға, 7-і моральға, 7-і саясаттануға, 17-і музыка, медицина және әлеуметтануға қатысты. Ол 11 шығармаға түсініктеме жазды.

Диссертациялық қол жеткізілген ғылыми нәтижелер мен жаңалықтар теориялық және практикалық сипатта философия тарихы бойынша ғылыми ізденістерге арқау болады және көмекші оқу-әдістемелік құрал ретінде мәдениеттану, әлеуметтік және саяси философия, этика, саясаттану пәндерінде қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі және жариялануы. Зерттеу жұмысында қамтылған негізгі мәселелер мен зерттеу нәтижелері отандық, халықаралық және республикалық конференцияларда (2018-2023), сонымен қатар, республикалық басылымдарда: ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының «Әл-Фараби», «Адам әлемі» журналдарында (2020-2022), шетелдік (Өзбекстан, Словакия) және басқа да басылымдарда баяндалып жарыққа шықты. Аталған мақалалар мен жарияланымдарда зерттеу жұмысының мазмұны толықтай қамтиды.

Зерттеу жұмысының талқыланылуы. Диссертация Философия және саясаттану факультеті Философия кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде 2024 жылы қаңтардың 18 жұлдызында (№ 4 хаттама) талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы. Диссертация құрылымы белгіленген мақсат пен міндеттерге сай құрылды. Кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жалпы көлемі – 127 бет.

1 НАДАНДЫҚ МӘСЕЛЕСІН ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Әлемдік философия тарихындағы «надандық» құбылысының теориялық тұрғыда ғылыми зерделенуі

Түркі әлемінің терең ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби өзі өмір сүрген заманында ғылым мен білімнің барлық саласын қамтып, артынан айшықты із қалдырып, айтулы еңбектерін паш еткен энциклопедист ғалым, кемеңгер тұлға, дарынды философ, астролог, математик, музыка теоретигі, ағартушы. Сонымен қатар, грек ойшылы Аристотельдің шығармаларына түсініктеме берген «Екінші ұстаз». Тәуелсіздік алғаннан кейін осындай ұлы тұлғаларымыздың еңбегін зерттеп, оның ішінде ұстанған бағыттарына философиялық тұрғыдан зерттеуге мүмкіндіктер туды. Диссертациялық еңбекте әл-Фарабидің этикалық философиясындағы «надандық» мәселесін зерделеу негізге алынды. Ұсынылып отырған зерттеудің бірінші тарауында ең алдымен «надандық» ұғымын зерттей отырып, оның мән-мағынасын ашу мақсаты жолға қойылған. Енді адамзаттың философия тарихында осы маңызды мәселеге қатысты айтылған әр қилы тұжырымдарды зерттеуге, зерделеуге талпынып көреміз.

Ежелгі Грекия данагөйлерінің шығармашылығындағы әлеуметтік-философиялық концепцияларында ар-ұят, мораль мәселелерінің қоғамдық өмірде алатын ерекше орны туралы айтылған. Мысалы, Сократтың моральдық философиясындағы негізгі ұғымдардың бірі – ар-ұят. Ойшыл өз шығармаларында барлық адамға тән ізгі құндылықтар ар-ұяттан бастау алады деп қарастырады. Адамның жан дүниесін жетілдірудің басты жолы ретінде адамгершілікті, ар-ұятты бірінші орынға қояды. Жан дүниесі таза адам, өмірге басқа көзқараспен қарайды деп таниды. «Ар» Сократ философиясында адамгершілік, әділеттілік, қайырымдылық қатынастарын қуаттайтын идеялар жиынтығы ретінде қарастырылған. Сондықтан Сократ өз философиясында, бізге жаткен даналық сөздерінде «адамның өз-өзін танып-білуі – оның ең биік мұратына айналу керек» деген идея қалдырады [13, 840 б.].

Аполлон ғибадатханасында «Өзіңді таны!» деп жазылған. Надандықпен күрестің бастауы іспетті қанатты сөз деуге болатын тұжырым. Ежелгі грек философы Сократ Дельфи шақыруын жалпы әлем туралы бедеулік алыпсатарлықтан бас тарту рухында қайта қарастырды және оны «ізгілік-білім» этикасының негізіне қойды. «Бір ғана байлық бар ол – білім және бір ғана зұлымдық бар – ол надандық»,-деді. Өзін-өзі тану және ең алдымен оның адамгершілік мәнін білу – ізгі және бақытты өмірдің алғышарты. Сократ табиғатты танудан (өзінен тыс) адамның өзін тануына бетбұрыс жасайды. Әрине, Антика дүниесінің философиясы осы ерекше қадамдарымен адамзат тарихында маңыздылыққа ие болды.

Аристотельдің пікірінше, адамның орны тіршілік әлемінде ерекше. Ол ақыл-ойдың иесі. Адамның бойында ізгі қасиеттер, ар, адамгершіліктер

болмағанда, тіпті жануарлар деңгейіне дейін түсіп кетуі мүмкін [14, 103 б.]. Адам болу мен адам болып қалудың басты кепілі ол – ар-ұят, ізгілік, адамгершілік, қайырымдылық, парасаттылық, кісілік, имандылық, әділеттілік қасиеттермен байланыстырған. Арға қарсы ұғым ретінде арсыздықты қарастырады. Арсыздық қасиеттердің адам бойында надандықтық пен пысықтықтан шығады. Ойшыл адам өз өмірінде жан дүниесі таза, ары биік болуы керек деп таныған. Адамзатқа ең құнды игілік – адамгершілік, ар-ұятпен өмір сүру, яғни адам болу. Адамды өзге тіршілік иелерінен биік, бекзат ететін басты құндылық – ар-ұят ретінде саралады.

Бұл әмбебап идеяны алға тартқан кезде Фарабиге ежелгі грек классикалық философтары Аристотель және Платон үлкен әсер еткен сияқты. Фарабидің мәтіндерінен ол саналы таңдау жасай отырып, осы философтардың көзқарастарына жол бергені шығады. Грек философтарының Фарабидің саяси философиясына әсері, әсіресе олардың мемлекет пен заңдарға арналған шығармалары біршама ықпалды болды. Әл-Фараби ұсынған басқару жүйесі, мемлекеттердің түрлері және ізгі азаматтардың сипаттамалары туралы ойларынан айқын көрінеді.

Әл-Фарабиге Аристотельдің әсері оның ізгі қала тұрғындары иеленуі керек бостандық және азаматтар өз бақытына ие болу үшін не істеу керектігі туралы ойларынан көрінеді. Бұл мәселелерде Фараби Аристотельдің ізгі саясатын қатты қабылдаған сияқты. Сол сияқты, бұл тезисте Фарабидің аммоний Саккас, Плотинус, Проклус, Порфирий, Фемистий және Ямвлих сияқты философтардан алған пікірлері бар екенін көрсетуге тырысты.

Надандық концепциясы туралы тұщымды ой айтқан тағы бір белгілі философ Ямвлихты айтуымызға болады. Ол Сирияда төртінші ғасыр мен желтоқсан аралығында өмір сүрген философ. Бір жағынан, ол ең қатал сынға алған адам Порфирия, ал екінші жағынан, ол Порфирияның ең құнды және табысты шәкірті болып саналады. Өйткені, Ямвлих Амелия және Порфирия, Сирия мен Анадолыда уытты көзқарастарымен бөлісіп, сыни пікірлер айтқан.

Сонымен қатар, Ямвлих оған дейінгі философтардың жазбаларына түсініктеме беру үшін елеулі еңбек сіңірген ғалым. Асыл отбасында тәрбиеленген Ямвлих III ғасырдың ортасынан бастап саяси қиын кезеңде өмір сүргені белгілі, сол кезде парызшыл патша Шапур Сириядағы билікті басып алып, Антиохияға (Қазіргі Хатай) дейін созылған аймақты бақылауға алды. Нәтижесінде Ямвлих саяси құрылымды жақсарту үшін саяси философияға да айрықша үлесін қосты. Мұндай ерен еңбектердің мысалы өте көп, әсіресе, ол жазған саясат туралы, надандық туралы трактаттарды ерекше атап өтуімізге болады.

Олардың кейбіреулері; ағылшын-араб мәтіндері: Фараби, Фусул әл-Мадани, Жарлық туралы хат, ізгілік туралы Сопатер, Мажедониус, Жарлық туралы хат. Джон Ф. Финамор және Джон Майлз Диллон «Ламблихус де Анима» («Македонияға хат») деген трактат бойынша маңызды пікірімен бөлісті.

Бұл трактаттарда Ямвлих саясатқа назар аудара отырып, менеджмент қандай болуы керек және менеджерлер мемлекеттік мекемелерде жұмыс істегенде не нәрсеге назар аударуы керек екендігі туралы айтады. Сонымен қатар, қоғамдағы надандықтың салдары туралы ой қозғап, надандықтың арты нендей жағдайларға душар ететіндігі туралы ерекше мысалдармен атап өтті. Әбу Насыр әл-Фараби басқа ғасырдың ұлы философы болса, Ямвлих мүлде басқа ғасырдың ірі тұлғасы болды. Алайда, қос тұлғалы философтың надандық туралы тұжырымдамалары қазіргі таңда өзектілігін жоғалтпай, керісінше маңызы артып келеді. Сонымен қатар, біз білетіндей, Платон саяси ізгіліктерді екіге бөледі, ал Порфирий оларды төртке бөледі. Ямвлихке келетін болсақ, ол саяси ізгіліктерді жеті деңгейге бөледі: бұл діни таптың жеті деңгейі, парадигматикалық интеллектуалды, тазарту, саяси, этикалық және табиғи.

Ямвлихтің трактаттары мен саяси ойларын император Джулиан одан кейінгі кезеңде жинап, сақтаған және бұл ойлар Джулианның саясатына үлкен үлес қосқан дейді. Ямвлих трактаттарының исламдық саяси философияға қосқан үлесі айқын көрінбесе де, олар Фарабидің надандық тұжырымдамасы туралы ойларына әсер еткен болуы мүмкін.

Фемистиус Константинопольде (шамамен. ол 317 жылы дүниеге келген) грек әдебиетінің негіздерін білгеннен кейін ол әкесінен философиялық білім алды. Білім беру қызметін аяқтағаннан кейін ол көптеген қалаларға барып, ертегі патетикасынан сабақ берді, бұл оған эллинистердің ең ұлы зиялысы және философы атағын берді. Фемистий (шамамен 345) және (шамамен 355), желтоқсан айы аралығында өзінің философиялық мектебін ашты. Бәлкім, оның Аристотель туралы сөйлеген сөздері (парафразалары) осы кезеңде жазылған болар. Сонымен қатар, интеллектуалды күшіне сүйене отырып Фемистия, ол мүмкіндік болған кезде философия мұғалімі ретінде үлкен биіктерге жететіні анық болды. Фемистиус 347 жылы император болған 2. Константин бұл фактіні оның алдында сөйлеу мүмкіндігі болған кезде дәлелдеді.

Констанс оның алдында сөйлеген кезде көшбасшының көзіне қарады. Фемистиус Констанцияға саяси фактілерді қорқынышсыз түсіндірді, өйткені ол қалыпты философқа сәйкес келеді, сонымен бірге онымен қазіргі саясатты қалай жүргізу керектігі туралы ақпаратпен бөлісті. Осы себепті Фемистиус сол күннен бастап империяның ең ұлы философы және саяси кеңесшісі болды. Өйткені ол төрт түрлі көшбасшының қол астында жұмыс істеуге мүмкіндік алды және осылайша философ қана емес, сонымен қатар тәжірибелі саясаткер болды.

Фемистиус, саяси философ ретінде, саяси философия шеберлері Мажента мен Аристотельдің еңбектеріне түсініктеме берді. Бұл әрекетте Фемистиус осы екі философтың ойлары арасында ешқандай айырмашылық жоқ екенін көрсетті. Өйткені Фемистий Платон мен Аристотельдің жазбаларына түсініктеме берумен қатар, өзі саясат туралы және надандық туралы трактаттар мен баяндамалар жазды. Мысалы, 34 сөйлеу Фемистия (34 сөйлеу Тимистия), Джулианға хат (Джулианға хат), Аристотель де Анима туралы Парафаза (Аристотельдің жан кітабы туралы), жан туралы, постериорлық аналитика, физика және Константиннің жазуы – олардың кейбіреулері.

Сонымен қатар, осы шығармалардың кейбіреулері, мысалы, «Джулианға хат», тек араб тілінде белгілі болды және кейінірек араб тілінен латын тіліне аударылды. Джулианға хаттың исламдық саяси философияға әсері нақты белгісіз болғанымен, оның исламдық саяси философияға үлес қосқаны анық. Өйткені Фемистий ортағасырлық исламда өте танымал тұлға, әсіресе оның Аристотель жазған көптеген пікірлеріне (парафразаларына) сүйене отырып жазған надандық туралы трактаттары философия саласында айрықша зор еңбек болды.

Сонымен бірге Джулианға хатты оныншы ғасырдың алғашқы жылдарындағы ең танымал зиялылардың бірі Димешканың араб тіліне аударуы исламдық саяси философияның дамуында маңызды рөл атқарды. Кейбір ойшылдардың пікірінше, түсіндіру жүйесі Фемистия басқа жаңа сиқыршылар жүйесінен мүлдем өзгеше. Бұл айырмашылықтың себебі – Фемистий сөйлемнен кейін сөйлемнің шығармаларына түсініктеме берудің орнына, оларды жалпы мағынасына адал болып, өз стилінде қайта жазды. Шығармалары Фемистика, осылайша жазылған: De Anima-ға түсініктеме, қосымша аналитикаға түсініктеме, физикаға түсініктеме, метафизикаға түсініктеме.

Бұл түсініктемелердің ерекшелігі – Фемистий өз ойларын қосу арқылы шығармалардағы ақпаратты қайта жазады. Бұл стильдің мақсаты – студенттерге осы мақалаларды түсінуді жеңілдету. Осы стильдің әсерінен Фемистий өз уақытында үлкен жетістік пен үстемдікке қол жеткізді. Осылайша, бұл пікірлер Фемистия ең көп таралған пікірлердің бірі болды. Фемистий әрқашан саясат пен надандық философиясының бір уақытта бар екенін атап өтті. Сол сияқты, ол философия мен шешендік өнер бір-біріне көмектеседі деп сендірді. Фемистикаға сәйкес, Философия мен шешендік өнердің ортақ мақсаты – азаматтар үшін ізгі өмірге қол жеткізу. Риториканы қорғаудың арқасында кейбір адамдар Фемистийді софист деп санайды. Бірақ Фемистий адамдар оны Софист деп атаудан бас тартты, оны орынды деп санады және оны философ деп атағанды жөн көрді. Ол тіпті өзін соңғы мәтіндерінде философ ретінде көрсетеді.

Фемистиус Рим мемлекеті Құдайдың бұйрығымен құрылған институт деп санайды, бірақ ол ешқандай дінге сенбейді. Ол үшін Рим империясы – Құдай адам үшін жасаған Орталық жоспар. Ол Рим империясының басшылары да Құдай таңдаған адамдар екенін және олардың Құдаймен ерекше байланысы бар екенін айтты. Мысалы, ол император Джулианның мезгілсіз қайтыс болуының себебін оның Құдай болып сайланбағанымен байланыстырады. Фемистиус патшалық құдайдан су шығаратын нәрсе екенін, ал патша жердегі Құдайдың өкілі екенін баса айтады. Сондықтан патша Құдайға еліктеуі керек. Басқаша айтқанда, патша өзінің саяси жүйесін Құдайдың ғарыштық басқару формасына ұқсатуы керек.

Атап айтқанда, Фарабидің саяси көзқарастарының артында теологияны түсіну (құдайландыру), саясатты метафизикамен үйлестіру және бірінші билеушінің пайғамбар болғандығы сияқты жаңа платондық саясаттың салдары жатыр деп айтуға болады. Сол сияқты, олардың көзқарасы, мысалы, ізгі қала

тұрғындарына тән сақтық, батылдық, байсалдылық пен әділеттіліктің негізгі айдарлары бойынша жиналған саяси ізгіліктерге назар аудару және қалалық құрылымның өзін-өзі қамтамасыз ететін қоғамын көрсету идеяларына ұқсас. Сонымен қатар, осы әсерлерден гөрі, надандықтан алыс сөйлейтіндердің діни және саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қоғамда өз ойларын білдіруі Фарабидің өзіндік саяси ой-өрісін қалыптастырудағы, даналықты, парасаттылықты өрнектеуде маңызды көмекші фактор болғаны байқалды.

Ар-ұят мәселесін өз шығармаларында негізгі мәселелердің бірі ретінде қарастырған Аврелий Августин. Ойшыл өз еңбегінде былай дейді: «ар-ұяттың функционалдық мақсаты, адамның мінез-құлқын іштен басқару, демек, Құдай адамның жүрегіне сіңірген адамгершілік заңның бір түрі» [15, 118 б.]. Ойшыл ар-ұяттың адамзат өміріндегі рөлін этикалық категорияларымен байланыстыра отырып, адам мен Құдай арасындағы адамгершілік заңы ретінде анықтайды. Арды адамның рухани тазару жолы ретінде қарастырады.

Роджер Бэконның этникалық тегі толық белгісіз болғанымен, ол ағылшын болған деп есептеледі. Отбасының қаржылық жағдайы жақсы болған Бэкон Оксфорд пен Парижде білім алып, өнер магистрі дәрежесін алды және көптеген жылдар бойы Аристотельдің натурфилософиясы бойынша курстардан сабақ берді. Бэкон өзінің алғашқы еңбектерінде жанды денемен бірлікте болатын рухани тұлға ретінде анықтайды. Жан потенциалды және белсенді екі психикалық күшке ие. Потенциалды ақыл сезімдермен байланысты. Белсенді ақыл, керісінше, жоғары әлеммен тікелей байланысты және ондағы рухани тіршілік иелерін өз мәні бойынша тани алады.

Бұл көзқарас Платонның идеялар теориясына ұқсас болғанымен, олар бірдей емес. Өйткені Бэкондағы жоғары әлеммен қарым-қатынас күйі – бұл Платондағы өткен ақпаратты қайта есте сақтау күйі емес, табиғатына байланысты шынайы білімге бейімділік күйі. Бэкон әлеуетті ақыл-ойды психикалық жанмен анықтайды (*anima intellectiva*). Басқаша айтқанда, потенциалды ақыл – бұл рухани тұлға да, дене бейнесі де. Рухани тұлға ретінде ол материалдық емес тіршілік иелерін танудың белгілі бір әлеуетіне ие [16, 32 б.].

Денемен бірлікте ол білім үшін ашық бос жапырақ сияқты. Белсенді ақылдың көмегімен ол жаңа білім ала алады. Философтың кейінгі еңбектерінде ол белсенді ақыл-ойды жеке ақыл ретінде қарастырғанын көреміз. Бэкон жанның қоректік және сезімтал бөліктері адамда табиғи түрде болады, ақыл-ой рухын Құдай бөлек жаратқан және берген деген идеяны қолдайды және барлық үш жан бірге өмір сүреді деген заманауи түсінікке қарсы болады. Бэкон сонымен қатар Томас Аквинский де қолдаған бір парасатты жанның бар екендігі туралы теорияны сынға алады. Егер барлық адамдарда бірдей ақыл-ой рухы болса, онда әрқайсысы ізгі және азғын болар еді. Бұл ілім табиғат заңдарын бұзып қана қоймай, қарастырылып отырған жанды Құдаймен бір деңгейге қояды. Сол логикаға сүйене отырып, Бэкон ақыл-ой мен ақыл-ой түрлеріне қол жеткізгісі келетін білімді де ажыратады. Басқаша айтқанда, бір нәрсенің түрлері әр түрлі, сондықтан әр адам оларды әр түрлі қабылдайды, бұл ақылға да қатысты. Осылайша, Бэконның

айтуынша, әр жан бір-бірінен ерекшеленетіні сияқты, алынатын ақпарат та бір-бірінен ерекшеленеді және әр адам үшін әр түрлі болып келеді [17, 322 б.].

Роджер Бэконның айтуынша, «*intellectus agens*» адам табиғатының бөлігі емес. Бірақ адамның ақыл-ойы оны алуға және соған сәйкес әрекет етуге қабілетті. Бұл мағынада *intellectus possibilis*-тен ерекшеленеді. Бэкон бұл айырмашылықты Аристотель мен оның комментаторлары Ибн Сина мен Фарабиге сүйене отырып жасағаны анық. Сол сияқты, ол философияның мақсаты білімге, демек, Жаратушыға жету деген пікірде. Тағы бір назар аударарлық мәселе, Бэкон Фома Аквинскийдің «Теологияның қосындысы» кітабында айтқан жанның біртұтас ақыл теориясына жауап ретінде ислам философтарының жағына шықты. Өзінің «Опус Майусында» ол Фараби мен Ибн Синаның дәйексөздерін келтіре отырып, осы философтардың ақыл мен жанға деген көзқарасын айқын көрсетеді.

Аквинат, Аристотель сияқты, жан – дененің бейнесі деген көзқарасты ұстанады. Кескіннің жоғалуы үшін бұл оның қарама-қарсы әрекетіне, объектінің бұзылуына немесе себептердің жеткіліксіздігіне қарама-қарсы әрекет болуына Жанның қарама-қайшылығы жоқ. Жан денеге тәуелсіз өмір сүре алады. Осы себепті мұнда да тақырып жоқ. Жанның бір ғана себебі бар; бұл Құдай. Сондықтан ақыл-ойдың жеткіліксіздігі сияқты жағдай жан үшін мүмкін емес. Осы негіздерді тізімдей отырып, Томас Аквинский жан мәңгілік деген қорытындыға келеді.

Жан денеден бөліну арқылы кемелдікке жетеді. Бұл абстракция білім мен ізгі істердің арқасында да орын алады. Білімнің мағынасы – материалдық емес сала туралы білім. Осы нәрселер туралы ойлана отырып, адам ақыр соңында білімге қол жеткізеді. Ізгі әрекет-материалдық дененің дүниелік тілектеріне қарсы тұру. Осылайша, денеден шыққан жан өлмейтіні сияқты, ол жойылуға мүлдем қарама-қарсы кемелдікке жетеді. Біздің айтқанымыз интеллектке ие адамға қатысты. Өйткені жанның Өлмейтін бөлігі – ақылдың жағы. Жануарлар мен өсімдіктер сияқты тіршілік иелерінің де жаны бар, бірақ оларда адамдар сияқты үш ақыл-ой күші жоқ. Жанның қоректік күші мен сезім күші материяға байланысты. Демек, ол өз субъектісінің өлімімен жоғалады [18, 592 б.].

Фома Аквинскийдің айтуынша, Мәңгілік адам жаны шын мәнінде мәңгілік емес. Философ теологияны да қабылдамайтындықтан, жалғыз логикалық түсініктеме – Құдай әрбір жаңа туған адам үшін жан жаратты. Демек, жанның материясында Құдайдың жаратылысының тұрақты әрекеті орын алады. Әлемдегі кез-келген тіршілік иесі өзінен гөрі кемелсіз болуға тырысады. Біз жанның да кемелдікке жететінін айттық, денеден абстракциялау арқылы. Егер біз жандар денелер пайда болғанға дейін болған деген тезисті растайтын болсақ, онда біз жанның денеге енуін тек жанның материямен бірігу арқылы көтерілу ниетімен түсіндіреміз, бұл мүлдем дұрыс болмас еді.

«Өз ілімдерінің арқасында адамдарды жақсартамыз» деп мәлімдеген философтар үшін даналық ең маңызды мәселе екені белгілі. Сонымен қатар, философия ұзақ уақыт бойы өзін жанының емшісі ретінде көрсетті, осылайша егер дәстүрлі медицина дене саулығы үшін жұмыс істесе, онда философия өз кезегінде жан саулығы үшін жұмыс істеді. Сондай-ақ, сөздік қордың өзі медицина мен философия арасындағы жақындасуды беретінін байқаймыз.

«Тетрафармаконды» келтірейік және Эпюраның 2003 жылы жарық көрген адамдарға бақытты болуға мүмкіндік беретін төрт философиялық принциптерге арналған жинағы, сондай-ақ, Платонның кафедрасында пайда болған және Жак Деррида Платонның дәріханасында (1989) талдаған «фармакон» ұғымын атауға болады [19, 280 б.].

Рас, бұл тәсіл «денсаулық» ұғымы тек денеге ғана қатысты емес екенін білдіреді. Бұл жан денсаулығы тұжырымдамасы шынымен не болуы мүмкін? Бұл физикалық бұзылуды шешу емес, экзистенциалды бұзылуды шешу мәселесі болды. Содан кейін физикалық тұрғыдан сау, бірақ өмірден ауырған адам әлі де өз жанына қамқорлық жасауы керек екен. Дені сау жан бақытты жан болды. Бұл бақыт бірнеше аспектілерді қабылдауы мүмкін: атараксия, даналық немесе тіпті әділеттілік; шынында да, бақыт ұғымымен жұмыс істейтін әрбір философиялық ағым оның неден тұратынын түсіну үшін оған белгілі бір мазмұн берді. Сондықтан біз мұнда «бақыт» терминін Аристотельге емес, ежелгі философияларда танылған мақсатқа қатысты қолданды; бұл термин біз іздеген бақыттың табиғаты туралы әртүрлі ұғымдарды білдіретіндей кең болып көрінеді.

«Надандықты түсіну» Сократтың ойларын білдіру тәсілі ретінде қарастырылуы мүмкін. Яғни, Руссо өзінің «Ғылым мен өнер туралы» еңбегінде аталмыш ұғымды «ізгілік» туралы Сократтық пайымдаудың негізгі анықтамасынан бөліп алып, қолданады. Сонымен қатар, Руссо Сократтың «Апологиядағы» дәйексөзін мысал ретінде алып, «надандық» ұғымы жайлы кеңінен тарқатып жазады [20, 67-73 бб.].

Алайда, аталмыш мысалда біз Сократ пен Руссоның бірдей «ізгілікке» деген көзқарасты ұстанады деп ойламаймыз. Біз осы екі философтың ізгілікке деген көзқарасының надандықпен байланысты болғанын байқағанымызбен, шын мәнісінде, бұл мәселе бойынша олардың екеуінің де көзқарастары әртүрлі. Сондықтан біз осы екі философтың «ізгілік» туралы пікірталастарын «надандық туралы түсінік» деген жалпы атаумен бөліп көрсетуге мәжбүрміз.

Надандық туралы ой толғағанда біз алдымен Руссоның дәйексөздеріне жүгінеміз. Содан кейін біз Сократтың ізгілікке деген көзқарасын талқылаймыз. Алдымен біз «Сократтың ойы» мен «Сократтың атынан айтылған Платонның ойы» арасындағы айырмашылықты анықтаймыз, содан кейін екі ұғымды талдаймыз: «бір ізгілік – білім» және «надандық туралы түсінік» [21, 5-25 бб.].

Содан кейін біз ұқсас құрылымға сәйкес Руссоның ізгілікке деген көзқарасы туралы толығырақ тоқталамыз. Ақырында, Руссоның көзқарасы бойынша біз оның «Ғылым мен өнер туралы» еңбегінде ол Сократтың көзқарасын келтіріп, «надандық – ізгілік» деген ұғымды алға тартып, «табиғат адамға ізгілік береді» деген пікірге тоқталады.

Дін мен гуманизмді жақындатуға талаптанған Мартин Лютердің дүниетанымында: «ар-ұят ақыл-ойға айтарлықтай әсер ететін, адамның Құдаймен қарым-қатынасының тасымалдаушысы адамшылдық негізі» [22, 82 б.]. Ар адамның ісіне Құдаймен бірге төреші болатын рухани құндылық ретінде сараланған.

Жалпы Қайта Өрлеу кезеңінің ойшылдарының ерекше еңбегі – надандықпен күреске шығуында. Әсіресе, діни шектеулерді алып тастауға талпыныс өмірді гуманистік бағытта дамытудың бір нұсқасы екені анық. Бұл тарихи кезеңде білім мен адам мәселесіне ерекше көңіл бөлініп, ағартушылықтың ерекше формасы ұсынылғанын ұмытпауымыз керек. Осы қадамдар өзінің нәтижесін кейінірек Еуропада ғылымның жаппай дамуына, күрделі техниканың пайда болуына әкелді. Сөйтіп, Еуропа ғылыми және әлеуметтік прогрестің орталығына айналды.

Реформация кезеңінде өмір сүрген Эразм Роттердамский көзқарастары ерекше болған еді. Ол ақымақтықты, надандықты даналықтан күшті деп пайымдайды. Себебі, сезімдік қасиеттер адам тәнімен тікелей байланысты, сондықтан ол адамның басында жиналған ақыл-ойдан гөрі күрделі болып келеді, яғни, адамға адамгершілікті сақтау, надандық әлемінде қалып қоюдан қиынырақ. Оның себебі Эразмның пайымдауынша өмір иррационалды, логикаға бағына бермейді. Демек, адамның бақыты оның адаспауында, қателеспеуінде емес, керісінше, адасқан сайын, қателескен сайын парасаттылыққа, даналыққа жақындай түседі. Бақыт заттың өзінде шектелген, локалды кейіпте емес, адамдардың құбылыстар туралы пікіріне, көзқарасына байланысты. Сол себепті адам өмірі өте күрделі, түсініксіз, ештеңені толық білу мүмкін емес. Роттердамскийдің көзқарасы бойынша «табиғат қана адаспайды», ол адамдарды ақымақтықтан, надандықтан құтқарады. Дүниеде әдеттен тыс ғажайып, керемет күш жоқ, ол тек табиғаттың өзі деген ойды тұжырымдайды. Бірақ табиғатты да толықтай танып білу мүмкін емес.

Бұл жерде айта кететін жағдай – табиғат толықтай, яғни өсімдіктер мен хайуандар табиғи инстинктер жүйесіне бағынанды және еркіндік деген сол шектеуден асып кетпейді. Белгілі бір бағдарлама айқымында тіршілік үйлесімді жүріп жатады. Бұл заңдылықтың бір қыры адам болмысына да қатысты, әсіресе табиғи болмысымызды зерделегенде осы қырларды ескеруге тура келеді. Ойшылдың пайымдауынша адам өмірін бастайтын да, аяқтайтын да – Құдай, бірақ сол екі ортадағы өмір ағымында адамға рухани еркіндік қажет. Бұл еркіндік абсолюті емес, ол белгілі бір мөлшерде болып келеді: ерікті барынша ақыл-ой реттеп, үйлестіріп отыруы қажет. Дүниеде шамадан, мөлшерден көп артық ештеңе болмауы керек. Роттердамскийдің жеке тұлғасы осы принциптерге сүйеніп өмір сүрді. Э. Роттердамскийдің өмірлік қағидалары: «...кез-келген заттың екі жағы бар: өлімнің артында өмір, өмір – өлім, әдемі – ұсқынсыз, байлық – кедейлік, білімдік – надандық...» [23, 42 б.].

Неміс классикалық философиясы адамзаттың тарихында терең із қалдырған құбылыс. Оның өкілдері – И. Кант, И. Фихте, Ф. Шеллинг, Г.В. Гегель және Л. Фейербах даналықты дәріптеп, надандықты рационалды білімнің жетіспеушілігінен, философияны жете игермегендіктен пайда болатын теріс мағынадағы әлеуметтік үдеріс деп қабылдаған. Сыни ойлауды барлығынан биік қойып, философияда алға шығарған И. Кант адам табиғатын рационалдылықпен, логикамен тікелей байланыстырған. Оның ойынша категорияларды жинақтаған логика ғана әлем туралы даналыққа толы білім

әкеледі, даналықты қордалайды. Ал табиғаттың құрсауында қалу надандыққа алып баруы мүмкін деген ойды қорытады.

Гегельдің зерттеу проблемасына қатысты көзқарастарына тоқталатын болсақ, онда ойшылдың пайымдауынша адам бір ғана адамгершіліктік іс-ірекет жасау арқылы ізгі азаматтар қатарына қосылып кетпейді, ол үшін адамгершіліктік әрекеттер кісі мінезінің тұрақты сипатына айналуы шарт. Қысқаша айтқанда, Гегельдің пайымдауынша ізгіліктің бастауы сөз бен істің сәйкес келуінде, тұрақтылық пен сабырлылық, жауапкершілік пен еңбекқорлықтың түйісуінде болып тұр. Жоғарыда келтірілген айтылған пайымдаулар мен дүниетанымдық ұстанымдар әл-Фараби философиясының терең қатпарларымен үйлесіп жатқанын байқаймыз. Даналардың дүниетанымдық үйлесімділігін ғасырлар айырмашылығы, уақыт алшақтығы бұзбайтыны байқалады [24].

Гегель өзінің «Философия тарихы» туралы дәрістерінде «Аристотель мектебі» перипатетикалық деп атады, өйткені Ликей Стагирит (Аристотель) оны сатып алып, оқушыларға оқығандықтан емес, сол жерде мектеп ашқанға дейін серуендеуге арналған Периклмен жабдықталған жер деп мәлімдеген еді. Философия тарихында өзінің лепес сөздерімен зияткерлік қауымның есінде қалған көптеген философтардың қатарында неміс классикалық философиясының өкілдері біршама. Әлемдік философияның эволюциясында осы кезеңнен кейін классикалық емес философия дәуірі келді, кейін оның орнын постклассикалық емес кезеңі ХХ ғасырдың ортасында ауыстырса, сол ғасырдың соңында, ХХІ ғасырдың басында модернизмнен кейінгі келген постмодернизм дәуірі өзінің надандық туралы ойларын түйіндей бастады. Әрине, кейінгі келген философтар тобы алғашқыларына сыни көзқараспен бағалаулар беріп, теорияны, әдіснаманы қайта пішімдеумен айналысып келеді. Біздің ұлттың философиямыз солардың көлеңкесінде қалып қоймауы үшін өзіміздің ғұламалардың рухани мұрасын, философиялық пайымдауларын ұмытпауымыз қажет.

Надандыққа қарсы тұратын ар-ұят, адамшылық ұғымдары қазақ халқының ғұлама ойшылы Абай Құнанбаевтың дүниетанымында ерекше орын алған. Ойшылдың шығармашылығында көрнекті орын алатын жиырма тоғызыншы кара сөзінде: Біздің қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтұғыны да бар деген тұжырымды өрнектеген. Әуелі «Жарлы болсаң, арлы болма» делінеді мақалдар тізбегінде. «Ардан кеткен соң, тірі болып жүрген құрысын. Егер онысы жалға жүргенінде жаныңды қинап еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол – ар кететұғын іс емес. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі» деген еді [25, 89 б.].

Қазақ мәдениетінде «надандық» ұғымын сыни тұрғыдан қарастыру Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин сияқты тарихи тұлғалардың шығармашылығы мен көрнекті ойшыл Абайдың философиясында маңызды рөл атқарды. Надандыққа қарсы тұратын рухани күштердің әлеуметтік ортада баршылық екенін дәлелдеумен болды. Қоғамдық ортадағы, этникалық санадағы надандық

құбылысымен күресті жоғарыда аталған қазақ халқының озық ойлы азаматтарының өмірлік позициясында жақсы өрнектелгенін қазақстандық философ О.А. Сегізбаев өзінің еңбектерінде жақсы зерделеп берген еді [26]. Надандық ұғымын сыни сипаттау қазақ ағартушылардың шығармашылығында және XX ғасырдың басындағы Алаш қайраткерлерінің саяси философиясында, жалпы шығармалар топтамасында жиі кездеседі. Абай надандықты негізінен білімсіздік пен жалқаулықтың, енжарлық пен немқұрайлылықтың салдары деп түсіндіреді. Әл-Фараби идеяларымен Абай көзқарастарының біршама үндестігін байқаймыз. О.А. Сегізбаев еңбектері надандық құбылысын айшықтаудағы философиялық мағынада өзіндік ерекше әдіснамалық ерекшеліктері бар туындалар екені байқалды. Ол негізінен қоғамдағы гуманистік құндылықтардың түп мәнінде надандықпен күреске жұмылдыратын күш екеніне жетелейтін ғылыми танымның сипаты іспетті.

«Надандық» ұғымына орыс тілінің синонимдер сөздігінде төмендегідей анықтама берілген. Білімсіздік, ұйқышылдық, қараңғылық, сауатсыздық, мәдениетсіздік, жабайылық, дөрекілік, әдепсіздік. «Надандық» түсінігіне барынша шолу жасап шықсақ. Надандық – қазақ ұғымында тек «оқымағандық», «сауаты жоқтық» дегеннің ғана синонимі емес. Надандық деп ең алдымен ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, ырым-кәделерді, ататегін, аталы сөздің нарқы мен парқын айыра білмеуді, өмір салты мен замана үрдісін, т.б. осы сияқты өз этносының болмысы мен тіршілік-тынысын жетік білмейтіндікті айтады. Сондықтан кейде жат ортада өсіп-өніп, өз ортасын біле бермейтін, білгісі де келмейтін жат мінезді адамдарды да, не, керісінше, бір жерде ғана өсіп-өніп, өз ауылынан басқа жұртты, оның өмір-тіршілігін, жалпы этностық қауымды біле бермейтін томаға-тұйық адамдарға тән қасиетті де «надан», «надандық» деп айта береді [27, 99 б.].

Тіршілік иесінің өн бойындағы мәдениетсіздік пен қараңғылықты, салақтық пен олақтылықты, енжарлық пен еріншектікті айқындатын да ол «надандық».

Надандықтың тағы бір көрінісі – мәңгүрттік. Ол адамда жүректің жылуы болмаса, оның елі мен жұртына, тарихы мен мәдениетіне, тілі мен дініне құрметі болмайды. Наданның бірінші кезекте көздейтіні – пайда табу. «Естілер де ісіне қуанбай жүр, ел азды деп надандар мұңаймай жүр», -деп Абай атамыз осылай тұжырымдаған. Надандық – бұл байырғы болып кеткен құбылыс емес, ол қазіргі заманның аса қауіпті дерті. Әр түрлі қоғамның озық ойлы адамдары бұл дерттен арылудың шешімдерін қарастыруда. Ол жеке адам басындағы надандықтан, мемлекеттік саясатқа дейінгі сатылардың әрқайсысынан көрінеді. Сондықтан зерделеудің әдіснамалық қырлары маңызды [28, 24 б.].

Надандықтан ада, алыс болудың тиімді жолдары болса, онда халқымыз қазіргі жол айрықта тұрған сәтте барынша жинақталып, алдымен соған қарай ұмтылуы көптеген күрделі мәселелерді шешудің бастауы болар еді. Надандық туралы еліміздегі тікелей бұқаралық ақпарат құралдарында жазылған мақалалар жиі кездеспейді. Бірақ өзінің шыншылдығымен теориялық тереңдігімен танылған шығармалардың қатарына Ғарифолла Есімнің надандық туралы жазған еңбегін атай аламыз [29].

Біз «надандық» ұғымының өзара байланысты екі мағынасы бар екенін білдік. Надандық – бұл біріншіден, білімнің жетіспеушілігі, екіншіден, әдепсіздіктің нағыз ұяшығы (азғындық). Әл-Фарабидің надандық тұжырымдамасы осы құбылыстың аспектілерінің қосарланған бірлігін білдіреді. Адамзаттың табиғи деректері мен әлеуметтік мәнінен туындайтын жауапкершілігін терең түсіндірудің жолы философия мен діннің өзара түйісетін жерін анықтау, ізгілікті қоғам өзінің-өзі түзіле салмайды, ол әрекеттердегі ұтымдылық пен руханияттың бірлігі арқылы қалыптасады.

Жоғарыда келтірілген сипаттамадан біз әл-Фарабидің зияткерлік мұрасы – адамдарды біріктіретін және болашаққа жол ашатын ұтымдылық пен руханилықтың мұрасы деп қорытынды жасауға болады. Себебі оның философиялық дәстүрі өзінің сын-қатерлері мен мәселелерімен заманауи контексте бағалануға тиіс сындарлы философиялық диалогтың ортасына айналады [29, 23-24 бб.].

Надандықты сипаттау мен зерделеу әрі қарай жалғасын табатыны анық. Себебі, адамдар қауымы әзірге Күш патшалығында өмір сүріп жатыр және адамаралық қатынастардағы жоғары руханилықтың келбеті толықтай мағынада қалыптаса қойған жоқ. Осы рухани жетілмеушілік қоғамдық болмыста надандық құбылысын ерекше дүние ретінде сақтап отыр және өзінің кедергісін танытуда. Философиялық зерделеу арқылы надандықтың терең қайшылықты тұстарын анықтаумен қатар, оған қарама-қарсы тұратын қоғамдағы парасаттылық пен даналықтың барлық өзектерін ашу маңызды. Еліміздегі рухани бағдар сондай бағытта қалыптасып, өркениетті-жасампаз тұрғыда алға жылжитынымыздан үміттенуіміз керек іспетті.

Диссертациялық жұмыстың алғашқы тараушасын қорытындылай келе төмендегідей ойларды түйіндеге болады: әлемдік философия тарихында «надандық» құбылысы туралы ой жинақтаған философия өкілдерінің тұжырымдары негізінен бір-бірімен сәйкес келеді және ол жай ғана бір нәрсеге қатысты «білімсіздік» немесе «білместік» деңгейіндегі дүниетанымдық позиция емес, рухани жетілмеушіліктен туындаған агрессия мен ішкі қайшылықтардың көрінісі және одан зардап шегетін алдымен таяз ойлы надан адам өзі және оны қоршаған әлеуметтік орта екені пайымдалады.

Надандық – бұл біздің өмірімізде рухани заңдарды білмеудің моральдық нәтижесі екендігі сараланады. Диссертациялық еңбекте надандық тек білімнің жетіспеушілігі ғана емес, сонымен қатар адам болмысының рухани жетілмеуімен астасып жататын нақты әлеуметтік ортада байқалатын құбылыс ретінде қарастырылады. Әлемнің ұлы философтарының «Надандық» ұғымы туралы жазған еңбектерінде ғаламның үйлесімділігін дамытатын даналық екендігі көрсетілген және Руссоның Сократтың «Апологиядағы» дәйексөзін мысал ретінде алып, «надандық» ұғымына берген анықтамасы тұжырымдалды.

1.2 Әл-Фараби ілімінде тұжырымдалған «даналық пен надандық дихотомиясының» өмірмәнділік және тәжірибелік негіздері

Ұлы дала ойшылдары туралы айтар болсақ, ең алдымен әлемдік деңгейдегі ғұлама ғалым, тарихи ұлы тұлға – Әбу Насыр әл-Фарабидің есімін айрықша атап айтамыз. Ол өзінің ғылыми еңбектерінде парасаттылық туралы ой толғап, адам деген ардақты атты алып жүруді үлкен бақыт деп есептеп, үлкендердің кішілерге, жастарға беретін тәрбиесін «Үлкендер ұлағаттылығы» деп атаған. Ғалым тәрбиенің мәнін түсіндіруде оның қоғам дамуындағы алатын орнына, ең алдымен адамгершілік тәрбиесіне және жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына байланыстылығын дәлелдеген. Ұлы ойшыл ғалым «ғылым» – «білім» – «тәрбие» деген үш ұғымды философиялық, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан дәйектей отырып, олардың әлеуметтегі тұлға қалыптастырушылық мәнін айқындаған.

Әл-Фарабидің бақытқа жету жолындағы риясыздық туралы ойлары өте өзекті. Әл-Фарабидің пікірінше, егер адам үлкен пайда алу үмітімен жаман әрекеттерден бас тартса, онда бұл бақытқа жетудің шынайы жолы емес. Бұл не сауда, не арсыздық, не екіжүзділік. Себебі, бақыт – бұл белгілі бір пайданы іске асыру үшін, жалған әрекеттерге бару емес. Шынайы ізгіліктің себебі және оны анықтайтын барлық жағдайлар бар. Мұны кейінгі өмірде, басқа әлемде марапатқа айырбастауға болмайды. Мұндай ізгілік ізгілік емес, керісінше, жамандық. Ізгілікке деген мотивация – рухани тәуелсіздік пен өзін-өзі қамтамасыз ету. Ізгілік – бұл ізгіліктен басқа ешқандай сыйақы талап етпестен, өз сезімдерінде, ойларында, сөздерінде және іс-әрекеттерінде әділеттілікті ұстанатын ізгі адамның шынайы әрекеті мен ниет тазалығы. «Сіз өзіңіздің ізгі екеніңізге қанағаттануыңыз керек» [30, 95 б.], - деді әл-Фараби. Егер бұл сізге бақыт әкелмесе, онда сіз өзіңізді тек ізгі жүректі деп санайсыз. Демек, сіздің ізгі болып көрінуіңіз тек көзалдау мен көзарбау.

Бақыт – зұлымдықтан, ұсқынсыздық пен өтірік айтудан бойын аулақ ұстаған шынайы ізгі жүректі адамның ғана талайына бұйырады. Бақыт материалдық «пайда» іздеп, мәңгілік өмірге деген жалған сенімді бірінші орынға қоятын адамға келе алмайды. Ізгілік бақытқа жету үшін өзін-өзі қамтамасыз етеді және өзін-өзі бағалайды. Ізгі болу – бақыт. Адам шынайы бақытқа жетті делік. Бұл жағдайда адам өлімнен қорықпайды, өйткені бұл өмірдегі шынайы ізгілік шынайы бақытқа кепілдік береді. Өлім алдында (жерде) ізгі адам өзінің қадір-қасиетін жоғалтпайды, қорқыныш пен уайымға бой ұрмайды. Бақытты адам өзінің ізгі өмірінде бақытқа қол жеткізеді, сондықтан ол үшін мәңгілік бақыт күтіп тұрған Мәңгілік әлемге асығудың мағынасы жоқ [30, 21 б.].

Адамдағы жақсы мінез-құлықтың қалыптасуы кезінде ерік-жігеріне көп мән беріледі, себебі, сезім, нәпсі, парасат мұқтаждықтары қатар келгенде, санамен шешіп, өзін-өзі билеуіне келіп тіреледі. Мұндай жақсы ниет, оң істер бара-бара дағдыға, ерекше қасиетке ұласып, ол тәрбиелі, дұрыс адам болып қалыптасады. Бұл айтылғандар әл-Фарабидің «Бақытқа жол сілтеуінде» былай

дәйектеледі: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл – адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыз бен әрекетімізден абзалдық пен кемелдікті табамыз. Осы екеуінің арқасында игілікті және қайырымды адам боламыз. Біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады. Адамдағы мінез салдарының абзалы да, оңбағаны да жүре пайда болады дейміз. Адам бойындағы қалыптасқан мінез болмаса, ол өмірінде жақсы немесе жаман әрекеттерге тап болғанда, керісінше, қарама-қарсы мінезге көшіп кетуі мүмкін.

Адам мінезінің ауысуына «әдет» себепші болып жатады. Мінез-құлықтың қалыптасуы өнерді үйренудің жолдарына ұқсайды. Мәселен, жазу өнеріне шебер жазғышқа ғана тән әрекеттерді сол адамның орындап машықтануы арқылы жетеді. Түрлі өнердің де келу жолдары осындай. Абзал әрекет жөнінде де істің жайы осылай сияқты. Ол адам жақсы мінез-құлыққа жетілгенге дейін оның өзінің табиғатына біткен әлеуетке сай келетін мүмкіндіктерді іске асыру қажет. Адамда белгілі бір мінез-құлық қалыптасу үшін осыған сай келетін әдеттер берік орын алулары керек» [30, 35 б.].

Фарабидің ілімі бойынша адамның рухани келбеті, мінезі мен жүріс-тұрысы қоғамдық орта, тәрбие әсері, адамның еркі, ауру сияқты көптеген объективтік және субъективтік себептердің әсерімен қалыптасады және өзгереді. Фарабидің пікірінше, тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын жас болмайды. Үйретуші тек ретін тауып үйретуден, баулудан жалықпау керек. «Жаман қылық – ол жан ауруы. Бұл ауруды кетіру үшін тән ауруын емдеуші дәргерге ұқсауымыз керек», - дейді ғұлама. «Бақытқа жол сілтеу» шығармасында әл-Фараби, бақытты адам қол жеткізе алатын ең жоғары игілік деп атайды. Адам көркем мінезбен, ізгі қасиеттермен ғана бақытқа жете алады [30, 11 б.].

Тәрбие күрделі, әрі ұзақ процесс. Оған белгілі бір дәрежеде білім, тәжірибе, шеберлік қажет. Ал тәрбие әдістері тәрбие процесінің маңызды әрі күрделі құрамдас бөлігі. Тәрбиенің мақсат міндеттеріне сәйкес, оның мазмұны тек әдістерді қолдану барысында жүзеге асады. Тәрбие әдістерінің көздейтін мақсаты тұлғаның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, соның негізінде олардың әрекеттерін ұйымдастыру [31]. Ал тәрбиенің сапалы, жасампаз, руханилықты қалыптастыру бағытында болмауы даналықтан алшақтатып, жеке адамды надандық құрсауына қарай бағыттайды. Сөйтіп, психологиялық қақпанға түсу мүмкіндігі әрбір адам үшін үлкен ықтималдылыққа айналады. Даналықтың қалыптасуы бір сәттік, кенеттен жүзеге асатын нәрсе емес. Ол үшін адам біршама жетілу сатыларынан өту керек, өзінің табиғи әлсіздіктерін, кемшіліктерін жеңуі тиіс, ал надандық әлеміне бойлап кету әлде қайда тезірек жүзеге асуы мүмкін. Мысалы, адамдарды қалыптан ауытқушылыққа апаратын есірткі мен құмар ойындары талай жанды шырмауықтай байлап тастайтыны белгілі. Ондай жолға түсудің өзі рухани жетілуден пенденің алыстай бастағанын білдіреді.

«Білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан дүниені тәрбиелемей, үлкен жетістікке жету

жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымына қолы жетпейді», – деп тәрбиенің рухани-адамгершілік негізін салып берген екен өз заманында ойшыл [30, 40 б.]. Әбу Насыр әл-Фарабидің пікірінше білімді, тәрбиелі, ғылым адамы болу әлбетте адамгершілік және еңбек тәрбиесіне байланысты. Сол себепті ол еңбекті тәрбиенің алғышарты, негізі етіп алды. «Тәрбиені неден бастау керек», «Философияны үйрету үшін алдын ала не білу керек» атты еңбектерінде білім алу мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтайды [30, 40 б.].

Ортағысырлық ойшыл өзінің «Ғылымдар тізбесі», «Ғылымдардың шығуы» атты еңбектерінде ғылымдарды үйрену, реттерін белгілейді және тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің тарихи тағылымын, үлгісін, болашақ ұрпаққа өнеге, тәлім етіп қалдырады. Сонымен қатар «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету жайында», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» сияқты трактаттарында ғұлама адамзат баласын ғасырлар бойы толғандырып келе жатқан және өмір бойы жалғаса беретін адамтану, тұлғатану мәселесіне тоқталады. Адамның бойындағы небір асыл қасиеттердің екіжақтылық сипатын мінез-құлық, іс-әрекет, әдеп пен әдет тұрғысынан дәйектеп, олардың тумысынан емес, жүре келе қалыптасып, дамитынын қисынды түрде дәлелдеп береді. Даналық туа біткен қасиет емес, тұлғаның жүре жинақтаған рухани байлығы, кемелдігі екендігіне толық сенімді болады. Философтың рационалдық жүйесіндегі даналық пен надандық дихотомиясы осы қырлардан анық көрініс береді.

Әл-Фарабидің өз трактаттарында қолданатын логикасы, надандық пен кемелдік концепциясы, «қайырымды қала» тұжырымдамасы тек теориялық қана емес, сонымен қатар біршама практикалық функцияны да қамтиды. Әл-Фарабидің осы мәселелер төңірегіндегі көзқарасын былайша сипаттауға болады: «Әл-Фарабидің негізгі құралы, білім әлемін ашқан барлық құлыптардың кілті логика болды. Ол өзінің мұрагері Авиценнаға логика шындыққа жету үшін барлық ғылымдар мен теологияларға бірдей қолданылатын дәл ойлау әдісін ұсынды» [30, 4 б.]. Нақты ойлау, ақиқатқа сәйкес ойлау, сыни ойлау кез келген даналық жолындағы азаматтың бағдары болары анық, ал надандыққа ығысып кетуден ешкімге кепілдік берілмейтіндігін ескертіп отырады. Сондықтан әлеуметтік өмірде әркімнің «Адам мен қоғам» қатынасында барынша қырағылығы мен ұқыптылығы өте маңызды деп тұрғандай ойшылдың даналық концепциясы.

Адам бойындағы жақсы және жаман қасиеттерді Әбу Насыр әл-Фараби әркімнің ақыл парасатының өлшемі ретінде сипаттайды және оларды адамгершілік сапаларына негізделген мінез-құлық нормалары деп атайды. Адам өзінің бойындағы адами және табиғи қасиеттеріне сәйкес әрекет етеді. Жақсы адам үнемі жақсылыққа ұмтылады, ал жаман адам әр нәрседен кемшілік іздейді, құбылыстың теріс жағын айшықтауға бейім болады деген емеурін байқалады. Ал жағымды мінезі мен игі іс-әрекеті арқылы жақсылыққа ұмтылуды ойшыл ғалым «екеуі бірдей болып келсе, біз ізгі, игілікті және қайырымды адам боламыз, яғни біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы

болады» [1, 75 б.] дейді. Мұнан біз түркі ойшылының айтып кеткен ұлағатты сөздерінің терең даналығын айқындаймыз, сонымен қатар қазіргі жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің, азаматтық қалыптасуының да маңыздылығы мол екенін байқаймыз.

Мінез – адам баласының ішкі жан дүниесінің сыртқы көрінісі деуге болады. Сондықтан, әл-Фараби «Мінез – жанның айнасы» дейді. Фараби адамдарды оның ішінде жастарды тәрбиелеу жүйесінде бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез-құлық тәрбиесін қояды. Кең мағынада алып қарайтын болсақ, бұл тәрбие ауқымына еңбек, эстетика, дене, гуманистік, патриоттық тәрбие түрлері қарастырылады. Сондай-ақ, ұлы ойшыл, мінез-құлық тәрбиесінің құрал, әдістерін белгілеуде Аристотельдің адамдағы барлық мінез-құлық қасиеттері туа біткен емес, жаттығу, әдеттену, машықтану нәтижесі деген қағиданы басшылыққа алып, ары қарай дамытып алып кетеді [31, 12 б.].

Біздің пайымдауымызша, адамның нақты әлеуметтік ортада тұлғалық қалыптасуы ерекше маңызды екені анық. Дегенмен тағы бір күмән келтірмейтін бастау – әрбір адамның өзінің ататегінен алған табиғи-тектік қасиеттердің топтамасы. Ата-анасы математикаға бейімділік танытса ұрпағы да осы саланы тезірек және сапалы игеріп кетеді, музыканттар әулетінен осы салаға бейімділігі мол дарындылардың шығу ықтималдылығы көбірек. Әрине, ататектен берілетін қасиеттер көбінесе потенциалды мүмкіндіктер екені де айқын. Ғалымның баласы ғалым болмауы да мүмкін. Бірақ қазақта: «Алмас қылыш қап түбінде ұзақ жатпайды, бір уақытта жарып шығар», дегендей тектегі кейбір ерекше қасиеттер бірнеше ұрпақтан кейін қайталануы да мүмкін. Сондықтан адам бойындағы әр түрлі қасиеттердің айқындалуының барлық кеңістігі әлеуметтік дүние болып қала береді.

Адам өмірінің мәні, бақытқа жету жолдары туралы ойларында әл-Фараби: «Адамның өмір сүру мақсаты ең жоғары бақытқа жету болса, ол адам бақыт дегеннің не екенін білуі қажет және оны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмтылуы керек. Содан кейін ол бақытқа жету үшін не істеуге тиіс екенін біліп, соған әрекет жасауы керек. Бақыттың мәні парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат ете білуінде... адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыштап отыруында» [30, 32 б.] деп бақытқа жету жолдарының ізгілікті мәнін ашып көрсетеді. Олай болса, бақытқа жету мақсатын нақты қоя білумен шектеседі, ал мақсат адамның бойындағы жан қуатына, ерік-жігеріне тікелей байланысты жүзеге асырылады. Тек мақсаттың Ақиқат заңына, қоғамдағы игіліктер мен рухани құндылықтар әлеміне сәйкес келуі адамды надандық қақпанына түсірмейді.

Ұлы ғалымның ұғымындағы надандық, ең алдымен, ізгілікке, даналыққа карама-қарсы ұғым. Әрине, ойшыл ізгіліктің білім мен дүниетаным негізінде дамитынын жақсы түсінеді. Әл-Фарабидің Құдай мен әлем туралы, заттардың қасиеттері мен адамның ақыл-ойы туралы ғажап ойлары кездейсоқ емес. Ол адам мен әлем туралы толық түсінік алғысы келеді және бұл көріністі ізгі қаланы құратын адамдарға жеткізгісі келеді. Ізгі қала ойшыл арманынан туындаған идеалды қала болса, соны қалыптастырушы негізгі әлеуметтік

субъектілер сол қаланың адамдары, тұрғындары. Демек, әркім өзінің әлемін өз қолымен, таза еңбегімен, адал ісімен қалыптастыруы шарт. Оған әлеуметтік дүниеде басқа балама жоқ, ешкім басқа жақтан келіп үйлесімді, бар жағынан сапалы қоғамды жасап бермейді. Бір кезде елімізде шетелдік инвесторларға қиындықтан құтқарушыдай, әлеуметтік прогресті, Отанымызға дамуды әкелуші ретінде оларға оң көзбен қарауға үйретті. Бірақ инвесторлардың барлығынан биік қоятын өз мүдделері бар екенін және кейде олар мемлекетіміздің ұлттық мүддесімен сәйкес келе бермейтінін де байқадық.

Сонымен, әл-Фараби үшін надандық – бұл өмірге, оның құндылықтары мен мақсаттарына немқұрайлылықпен қарау болса, даналық барынша Ақиқат, үйлесімділік заңына сәйкес өмір сүру және басқаларға осы бағытта үлгі болу. Әлем мен адамға дұрыс емес көзқарас дұрыс емес әрекеттерді, бұрмаланған моральды және онымен бірге шынайы адам ұғымына сәйкес келмейтін әлеуметтік қатынастарды туындатады [30, 17 б.]. Надандық – бұл жай ғана бір нәрсеге қатысты білімнің, мәліметтердің шектеулі мөлшері емес.

Заманауи кезеңге сәйкес пайымдайтын болсақ, онда оқыған азамат бірнеше университетті бітіріп, агрессия мен ішкі қайшылықтардан зардап шегетін таяз ойлы және надан адам болып қала беруі мүмкін. Надандық – бұл біздің өміріміздегі терең рухани заңдарды, заңдылықтарды білмеудің моральдық және практикалық нәтижесі. Надан адам тек өзіне ғана емес, ол сонымен қатар өзінің әлеуметтік қоршаған әлеміне теріс дүниелерді алып келуі мүмкін. Мәселен, діндегі кейбір радикалды ағымдарға өзгелерді шақыру арқылы, қылмыстық топтарды құру арқылы кейбір азаматтар басқалардың тағдырын бұзады, қоғамдағы қатынастарды үйлесімсіздендіреді.

Адамды қоғаммен бірге өмір сүретін, қоғамнан тыс әрекет ете алмайтын жаратылыс деп түсінген ойшыл әр адамның бойынан табылу тиіс адамгершілік сапаларды жіктей келе, өзі қадір тұтқан төмендегідей маңызды тұлғалық қасиеттерді жүйелейді және жіктемелейді:

- мінсіз, келбетті дене бітімі (бұл «харизма» ұғымына саяды);
- айтылған сөзді жетік түсіну, пікірін дәлелдеп, ой қорыта алу;
- естіген, көрген, нәрселерді есте сақтау, жадының тұрақтылығы;
- алғыр ой, зерек қабілет, саналы ақыл, көрегенділікке ие болу;
- сөз мәнерін түсіну, өз ойын шешен, ділмар сөйлеп жеткізе алу;
- білімге, дүниені тануға құштарлық таныту, еңбек етуден жалықпау;
- барлық жағдайда барынша сабырлық сақтау, өзін-өзі реттеп отыру;
- үнемі шындық пен ақиқатқа жүгіну, өтіріктен әрқашан аулақ болу;
- әділеттілікті, әділдікті жақтау, ар мен абыройды, намысты қадір тұту;
- қанағатшыл болу, жамандықтан сақ болу, байлыққа еш құнықпау;
- бірбеткейліктен аулақ болу, жарасымды, ізгілікті қатынасқа түсе алу;
- қорқыныш пен жасқануды білмейтін ержүрек, батыл, қайсар бола алу.

Ғалым «осындай он екі қасиетті өзара ұштастыра білген адам өзін-өзі басқарып қана қоймайды, ол сол сияқты мемлекетті басқаратын да көшбасшылық қасиеттерге ие болады» деп тұжырымдайды [30, 434 б.]. Әбу Насыр әл-Фарабидің жоғарыдағы қасиеттердің жеке-жеке қызмет етпей,

олардың бір-бірімен астасып, толықтырып көрініс беретініне сенімді.

Әл-Фарабидің өмірін, шығармашылығын зерттеген, фарабитанушы ғалым Ақжан Машанов ол туралы: «дүние емес, білім жиған ғалым» деп, ғұлама ойшылдың құндылықтар әлемінде білімді өте жоғары бағалағанын айтады [32, 111-112 б.]. Бұл пікірдің рухани құндылықтардан гөрі материалдық қажеттіліктерді көбірек таңдауға бейім қазіргі жастарға беретін өнегесі мол екендігі анық. Жоғарыдағы адамның ерік-жігерін, күш-қайратын, ар-намысын шыңдауға және достықта адал болуға үндеу екендігін мына өлең жолдарынан байқауға болады:

Тіршілікте құрыштай бол төзімді,
Сан мәртебе алдаса да өзінді.
Тағдырыңды ешуақытта жазғырма,
Тіпті кейде болса әзәзіл азғырған.
Өрге жүзген өнегелі ісімен,
Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен.
Жүргендер көп достық атын малданып,
Алайда тек қалма оған алданып [32, 56 б.].

Бұл өлеңді өзін-өзі тану тұрғысынан талдағанда «Дұрыс әрекет», «Ішкі тыныштық» құндылықтарымен сабақтастықта қарастырамыз. Ғұламаның еңбектерінде айтылған рухани-адамгершілік құндылықтарды саралай келе, біз әл-Фараби шығармаларының қуаты оның адам өмірінің мәнін қайырымдылық, жақсылық, қанағат және дұрыс іс-әрекет арқылы дәйектеп беруінде деп пайымдаймыз. Сонымен қатар оның шығармаларының қазіргі жастардың өзіндік тәрбиесіндегі орны зор екендігін ашып айта аламыз.

Данышпан (парсы: ғалым, оқымысты) – рухани кемелдікке жетіп, даналық қасиеттерді меңгерген тұлға. Данышпан болмыстың заңдылықтарын терең түсініп, толық сезінеді және өзі де сол заңдылықтардың аясында, ауытқымай, тәртіпті бұзбай өмір сүреді. Оның қарапайым адамдардан айырмашылығы – өзінің іс-әрекетін, барша ғұмырын өткінші қызықтың, жеке бастың қамына емес, мәңгілік құндылықтарға, жалпы адамзаттық аңсарларға бағыттап, өз тұтастарына, кейін ұрпақ өкілдеріне өнеге таратып, ізгі ықпалын тигізгенінде [33, 87 б.]. Данышпандық құбылыс ретінде үнемі имманентті түрдегі тұлғалық күрестің ауқымында болады. Ешқандай адам табиғи инстинкттерден, психологиялық ауыртпалықтардан, дағдарыстардан алыс болмайды. Сол күрделі қасиеттерді барынша игеру, реттеп отыруға тырысу даналықтың нағыз белгісі. Данышпан өмірде қателесуден қорықпайды, ол оны қайталамауды өзіне мақсат етеді.

Демек, қазақ даналығын өрнектеген ұлт философиясының маңызы мен мазмұны қоғамдағы надандықты жеңу үшін тіпті зор екені айқын. Қазақ халқы ежелден өмір философиясының экзистенциалдық тереңіне бойлап, өмір сүру дағдыларын салт-дәстүрлермен, жөн-жоралғыларымен байланыстырып, философиялық таным дәрежесінің биік сатысына ұмтылған халық. Қазақтың философиялық, рухани-танымдық құндылықтары ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, ауыз әдебиетінің озық үлгілерін көрсеткенінде. Сондықтан сөз қадірін білген

қазақ халқы өзінің моралдық әлемін табиғи экологиясын қорғағандай қорғап отырған. Демек, құқықтық реттеушіден гөрі моральдік үйлесімдендіруші болатын рухани фактордың маңыздылығы жоғары болған және ол үнемі Ұлы Дала жазирасында жетекші рөл атқарып келгенін атай аламыз. Құқықтық жазалау кейбір әлеуметтік субъект өздерінің іс-әрекеттерінде шектен шығып, надандық жолына толықтай түскенінде қолданылған. Атақты «Жеті жарғы» қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі қажеттіліктен туындаған тарихи құжат екеніне күмән туғызуға болмайды.

Философияны ежелгі грек ойшылдарының дәуірінен бері «даналыққа құштарлық» деп анықталып келгендігі белгілі. Алайда философияның кең танымал осы ұғымынан өзге түсініктері де тарихи-философиялық еңбектерде молынан ұшырасады. Мысалы, Платон «геометрия және басқа философиялар» деген сөздерінде философия ұғымын «ғылым» сөзінің мағынасына жақын қолданады. Оның айтуынша, Сократ «философия» терминін даналыққа құштарлықты, ақиқатқа жетуге деген құмарлықты белгілеу ретінде пайдаланған [34, 5-8 бб.]. Даналыққа құштарлық сайын далада әлеумет үшін белгілі бір құндылықтық бағдар болғанын атап өтсек артық айтпаймыз деген ойдамыз. Әлеуметтің басына түскен небір қиыншылықтар заманы болғанда осы рухани бағдарлар жиынтығы халыққа қосымша күш берді, дағдарыстардан шығарды деген ойдамыз.

«Философияны даналықтан туатын, даналықпен тығыз байланысты тағы бір қыры, тағы бір анықтамасы түсінік», - дейді Т. Рысқалиев [35, 8 б.]. Оның ойынша, философия ежелден бері дүниедегі заттарды, құбылыстарды, болып жатқан оқиғаларды танып қана қоймай, оларды түсінуге тырысты; оларға өзінің, өзі арқылы адамның қалай қарайтынын білдіруге тырысты. Философияны белгілі бір шамада бір сөзбен түсінік деп қарауға болады, яғни адамның қоршаған ортаны, дүниені, тарихты, жағдайды, басқа адамдарды, өзін, өзінің дүниеге қатынасын түсінуі. Даналықты біліммен шатастыру сияқты, түсінік те таныммен шатастырыла береді. Танымда, ғылымда – тағы да баса қайталауға тура келеді – адам жоқ. Адам жоқ жерде түсінік бола ма? Адамның жетілгенін, жетіскенін, кемелденгенін, Декарт айтқандай, ойлаумен емес, түсінікпен өлшеу керек деген ойды зерттеуші ғалым ортаға салады. Әрине, ойлаумен ғана шектелу нысан туралы толық мағлұмат бермейді. Тек белгілі бір сипаттарын жеткізуі мүмкін. Бағалаудың объективті болу үшін практика жүзінде тексеруден өткен, дәйектелген, дәлелденген білім қажет. Міне, сол кезде әлем және қоғам туралы ғылыми түсініктің орны арта түседі.

Енді «даналыққа құштарлық» деп анықталатын философияға қайта оралайық. Бұл сөз тіркесіндегі «құштарлық» белгілі бірі нәрсеге таңдануды, өзінен жоғары тұрған нәрсені сезіміңмен мойындауды және басқа осындай әсерлерді білдірумен қатар, «өзге» үшін «өзіңді ұмыту, өзіңнен бас тарту сезімін де аңғартады. Даналыққа құштар осы адам үшін «өзге нәрсе» нені білдіреді? Ол физикалық тұрғыдан алғанда да, рухани тұрғыдан алғанда да өзіндік «меннен» өзге нәрсе. Тіпті, ішкі идеалды «меннің» өзі де физикалық тәннің өмір сүруінен өзгешеленеді.

Иә, бұл пәнилік өмірдің шектеулі екендігі бәрімізге белгілі. Былайша пайымдауға болады: адамды өзінің шектеулі шеңберінен шығарып, «өзгеге» құштарлықпен ұмтылуға мәжбүрлейтін күдіреттің бар екендігін ескерсек, оның жалғыз тәсілі – бұл рухани күш-жігер болып табылады. Мұны идеалдық, руханилық, ақыл-ой және т.б. атаулармен атауға болады. Осылай зерделеудің нәтижесінен мынандай түйін келіп шығады: философия дегеніміз адамның өзінің шеңберінен шығуға мүмкіндік беретін рухани форма, ерекше матрица. Демек, адам рефлексия жасауға ұмтылу, әркімнің жеке түсініктерін әлемдік тәжірибемен салғастыра отырып қалыптастыруы, трансценділік деңгейді түсінуге тырысу арқылы философиялық даналықтың шыңына көтеріле бастайды. Міне осыған орай философияға деген қажеттілік барлық ғылымдар үшін ғана емес, жалпы әлеуметтік өмірдің барлық салаларына тиімді реңк беретін қадам деуге болады. Философияның орны тек даналықты нығайтуға ғана емес, сонымен қатар қайшылық біткеннің шешу тетіктерін анықтауға көмегін тигізу, қоғамда дұрыс, жасампаз ойлаудың үлгісі болу.

Сонымен, философияны «даналық» түсінігімен байланыстырар болсақ, онда бұл соңғы ұғым «білімнің жоғарғы синтезі», белгілі бір нәрсе туралы «толық жетілген білім» деген мағынаны білдіреді. Демек, философия осындай білімге деген құштарлық, ал бұл даналықтың нысаны – менің өзімнен тыс табиғат және адамзат әлемі, сонымен қатар, өзім және феномен ретіндегі білімнің өзі. «Өзгеден» тек «бөтендікті» іздеу емес, одан өзімнің «Мендік» сипатымның кейбір қырларын көру деп қарастырған өнімді. Сондай әрекеттердің, түсініктердің арқасында адамның әлеуметтік ортада басқалармен текетіресі, конфронтациясы өрбімейді, оның орнына адам өзінің өмірінің жалғасын, кейбір ерекшеліктерін анықтайды. Абай кезінде «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым, деп!» ұран тастағанда кейінгі ұрпаққа осы даналықты айтқан сияқты. Қоғамда бөтен ешкім жоқ, барлығымыз бір-бірімізге бауырмыз, жақынбыз деп тұрғандай. Бұл Інжілдің, Құранның негізгі қағидаттарымен үндес келетін түсінік екенін де айта кетуге болады.

Адам – ақыл-ойы бар рухани және әлеуметтік жан. Оның іс-әрекеті белгілі бір мақсатқа бағынады. Күрделі қазіргі әлемде мақсатқа сай қимылдау үшін көп біліп қана қоймай, сонымен қатар адамның түбірлі мүддесі мен заман талабына сай дұрыс шешімдер қабылдап, дұрыс мақсаттар таңдай білу қажет. Ол үшін ең алдымен әлемді терең және дұрыс түсіну, яғни жалпы және жеке мақсаттарды және оларға жету әрекетінің тәсілдерін таңдауға мүмкіндік беретін дүниетанымның қажеттілігі шарт. Адамға қоршаған ортада бағдар жасауына, оны өзгертуіне көмек беретін – ғылым.

Әл-Фараби ілімінде Ақыл да екі жақты: теориялық және практикалық. Теориялық аспект – өзгермейтін нәрсе туралы білімді сипаттамалық жолмен алу мүмкіндігі; практикалық аспект – өзгермелі туралы білім алу мүмкіндігі. Теориялық бағыттың мақсаты – дәлелдеу, ал практикалық бағыттың мақсаты – сендіру. Аристотель ақыл-ойдың теориялық жағын даналық, даналықтың практикалық жағын атайды. Практикалық даналық – бұл теориялық ақылдың дәлелдері арқылы белгілі нәрсені бастапқы нүкте ретінде қабылдай отырып,

адамдар үшін жақсы және жаман нәрселер туралы шешім қабылдау және әрекет ету құзыреттілігі. Практикалық даналық – моральдық ізгіліктің қосымша қасиеті, ал моральдық ізгілік – практикалық даналықтың қосымша қасиеті. Ізгілік сізді дұрыс мақсатты таңдауға мәжбүр етеді, ал практикалық даналық – дұрыс құралдар болып табылады.

«Ақиқат, шындық, жақсылық пен әдемілік бірдей, өйткені олардың барлығы Құдайдан шыққан» деген пікірді ұстана отырып, әл-Фарабидің ғылым және философия салалары арасындағы қақтығысты өркениеттің себебі болып табылатын татуласуға айналдыру үшін маңызды қадам жасады. «Құндылықтар» өрісін құру арқылы адам табиғатта жоқ жаңа нысанды жасайды. Адам өзінің мәні бойынша адам ретінде басқа аспект бойынша емес, құндылық кеңістігін құру арқылы танылады.

Әбу Насыр әл-Фарабидің түсінігінше, адам – жаратылыстағы ең қасиетті жан. Сондықтан оған үлкен құрметпен қарау керек. Жақсылық дегеніміз білім, мейірбандық, сұлулық бірлігінде жатыр. «Бақытқа жол сілтеу» трактатында ойшыл баянды тіршіліктегі бақыт туралы сөз қозғайды. Бақыт дегеніміз – зұлымдық, ұсқынсыздық, өтірік сияқты қасиеттердің адамға шын мәнінде жағымсыз болғанын айтамыз. Бақыт тіпті материалдық жағынан «пайда» іздеп, мәңгілік өмірге сенім артатын адамға келмейді. Ізгілік бақытқа жету үшін өзін-өзі қамтамасыз етеді және өзін-өзі бағалайды. Ізгі болу – ол бақыт. Егер бақыттың бұл нұсқасы жүзеге асырылса, онда адам өлімнен қорықпайды, өйткені бұл өмірдегі шынайы ізгілік шынайы бақыттың кепілі болып табылады, яғни жердегі (өлім) және ана дүниедегі (мәңгілік).

Өлім алдында (жерде) ізгі адам өзінің қадір-қасиетін жоғалтпайды, қорқыныш пен шатасуға жол бермейді. Ондай адамға барынша жақын жүруге тырысу керек. Бақытты адам жердегі өмірден қайғы-қасіретсіз, үмітсіз және қорқынышсыз арғы өмірге аттанады. Өлім қорқынышының болмауы оған ажалды жақындатуды білдірмейді. Бақытты адам өзінің ізгі өмірінде бақытқа қол жеткізеді, сондықтан оны мәңгілік бақыт күтіп тұрған Мәңгілік әлемге асығудың мағынасы жоқ деп түсінеді. Логикалық тұрғыдан әл-Фараби жүйесі, біздің ойымызша, мінсіз болып көрінеді. Бір нәрсені ескеруіміз қажет, бастапқы қасиет өзін-өзі қамтамасыз етеді. Бұл гипотеза және аксиоматикалық. Ізгілік, біздің ойымызша, априори емес, өйткені әл-Фараби оны мойындайды. Яғни, бұл адамға ғана тән емес. Бұл бірінші. Екіншіден, адамзаттың Фарабиге дейінгі және кейінгі бүкіл тарихы көрсеткендей, білімнің қарапайым жинақталуы жеке адамға да, қоғамға да, жалпы адамзатқа да пайда әкеле алмайды. Ізгілік адамның ішінен ынталандырылуы керек, бірақ сыртқы жағдайлармен анықталуы керек. Мәселен: Құдай, табиғат, қоғам, жергілікті мәдени орта, отбасы немесе кез келген нәрсе. [26, 42 б.].

Бірақ, Платонның эманация жайындағы ілімінің өзгерген түрі болып табылатын осы космологияның шеңберінде ғана «ай астындағы әлем» туралы ілім дамытылады да, мұнда материализм элементтері өте айқын көрінеді. Эманация теориясы, бір жағынан, үстемдік етуші діни идеологияға, жердегі мен аспандағының арасын ажырату, болмыстың төменгі басқышы ретіндегі

материяны кемсіту дәстүріне сәйкес келетін-ді. Мұның орта ғасырда Шығыста да, Батыста да қабылданып, өріс алған себебі осы. Екінші жағынан, белгілі бір концепцияның сарыны мен мағынасы тарихи жағдайларға байланысты, сондықтан эманация теориясының «әммеге бірдей» Құдайды пантеистік тұрғыдан баянды ету рухында және дүние жөніндегі эволюциялық көзқарастың өте аңғырт, шарана формасы рухында түсіндірілуі ықтимал еді.

Пәрменді парасат жайындағы ілім – Аристотельдің потенциалды және әрекетшіл туралы ілімінің дамытылған түрі. Әрекетшіл парасат «ай астындағы әлем» қозғалысының жай ғана себебі емес, ол – жер әлеміне іштей тән парасат өзгеше бір логос, осы әлемнің заңдылығы. Жеке индивидтің парасаты бейнесіз, космостық парасатқа қосылу дәрежесіне сәйкес қана дамиды. Соңғысы мәңгілік парасат. Индивид өткінші де, өлімді келеді. Жанның өлмейтіндігін және оның ауысып отыратындығының бекерге шығарылуы, міне осыдан. Ал мұның өзі әрқашан ортодоксия мен философия арасында күрес туғызып келді. Теология жеке адамды, индивидумды, оның парасатын қорғауы қаншалық ерсі болса, адамның қайта тірілуі және жақсылыққа кенелуі жайындағы тезиспен байланысты алғанда мұның өзі соншалық орынды да. Парасат адамзат атаулының бәріне бірдей. Әрбір жеке-дара парасаттың алғашқы әрекеті оның ырықсыздығында, бәйекшілдігінде ғана. Потенциялы парасат дегеніміз тек қана барша жұртқа ортақ мүмкіндік, қабілет деген сөз. Жүре біткен парасат – индивидтердің біртұтас парасатқа, яғни осы заманғы терминді қолданып айтқанда – жалпы адамзат пікіріне еншілес болуы.

Әрекетшіл парасат концепиясының мағынасы, тек Аристотельге сәйкес алып қарасақ, сол парасаттың мәңгілік екенін және үздіксіз әрекет жасайтынын танып білуде, бірақ мұны жан өлмейтін мағынасында емес, адамзатқа тән қабілет мағынасында түсіну керек. Бірақ сонымен қатар әл-Фараби адам жаны өлмейді деген тезисті екінші бірінде жақтап отырады. Мұның өзі әл-Фарабидің дүниетанымындағы екіұшты мәселені көрсетеді. Айқын нәрсе, Пифагордың жан ұшып-қонып жүреді деген түсінігіне қарсы шығып, жанның тәннен бұрын өмір сүруі мүмкін емес дейді. Бір қызығы, әл-Фараби қайырымды және білгір адамдардың жаны өлмейді, ал надан адамдардың жаны өлімді келеді деп топшылайды.

Парасат деген ұғымды ұсына отырып, әл-Фараби ойлау мен болмыс парларлығының диалектикасын шебер ашып көрсетеді. Таным дәрежесіне жеткенге дейін парасат екі тараптан потенциалды болады. Субъект тарапынан алып қарағанда, парасат өзін әлі көрсете қоймаған пайымдау қабілеті ретінде потенциалды. Объект тарапынан алып қарағанда парасат заттың ойландыруға, пайымдалуға қабілеттілігі себепті потенциалды болып табылады. Пайымдалған нәрселерге қатынасы, бұлардың потенциалдылықтан нақтылыққа айналуы арқасында потенциалды парасат шын парасатқа айналады. Бұл диалектикада күллі нәрсе атаулының парқын пайымдауға парасаттың (ойлаудың) қабілетті екенін анықтаудың маңызы ерекше. Бірақ, ақылмен пайымдалатын заттардың мәні оқшау шығарылады, сол заттардан, сезім арқылы аңғарылатын шындықтан бөліп алынады. Аристотель сияқты, әл-Фараби де платондық идеализм жағына

ойысып, айрықша идеялар дүниесі бар деп біледі [36, 26 б.].

Әл-Фараби қайырымды қала басшысы туралы былай дейді: «Ол кемелдік дәрежесіне жетіп, пәрменді парасат пен ұғымға айналған. Ол – қиялдау қабілеті табиғи түрде біз көрсеткен аса мәртебелі кемелділік дәрежесіне жеткен адам. Бұл қабілет ояу жатқан кезде де, ұйықтаған кезде де жеке-дара заттардың әрекетшіл парасатын, сонымен қатар туынды ұғымдарды табиғи түрде аңғаруға бейім болады. Оның ерекше парасаты барлық ұғымды толық қамтып, одан бірде-бір ұғым сытылып кетпейтіндей, ал осы парасаттың өзі пәрменді парасатқа айналатындай болуы керек.

Сөйтіп, толыққанды парасаты барлық ұғымды толық қамтыған әрбір адам пәрменді парасатқа және пәрменді ұғымға айналады, ал оның танымы өздігінен тани бастайды, сонда адам әлдебір пәрменді парасатқа ие болады, ал мұның дәрежесі бәйекшіл парасатпен салыстырғанда аса жоғары және мұның өзі одан анағұрлым кемелді, одан гөрі материядан көбірек алшақ кетіп, әрекетшіл парасатқа одан гөрі жақынырақ орналасқан. Бұл парасат жүре біткен парасат деп аталады – ол бәйекшіл парасат пен әрекетшіл парасаттың аралығындағы парасатқа айналады, бұдан кейін оны ешнәрсе де әрекетшіл парасаттан бөліп әкете алмайды. Бәйекшіл парасат бейне жүре біткен парасаттың материясы мен объектісі тәрізді, ал жүре біткен парасат бейне әрекетшіл парасаттың материясы мен объектісі тәрізді. Табиғи форма ретіндегі ойлау қабілеті әрекетшіл парасаттың материясы – объектісі болып табылады, мұның өзі пәрменді парасат.

Адамның нағыз адамға айналатын қадамдарының бірінші сатысы – пәрменді әрекетке айналуға қабілетті және әзір тұрған табиғи форма пайда болатын кездегі саты. Нақ осының өзі бәріне ортақ саты, ал бұдан әрекетшіл парасатқа дейін екі саты: бәйекшіл парасат пәрменді парасатқа ауысатын және жүре біткен парасат қалыптастыратын сатылар бар. Адамгершіліктің осы бірінші сатына осылайша жеткен адам мен әрекетшіл парасаттың арасында арасында да екі саты болады.

Кемелді және толыққанды парасат пен табиғи форма, материя мен форманың үйлескен кезінде келіп шығатын бірлік сияқты, бейне бір тұтас тұлғаға айналған кезде, осы адам адам формасына түскен кезде, атап айтқанда, бәйекшіл парасат пәрменді парасатқа айналған кезде, бұл ретте онымен әрекетшіл парасаттың арасында бір ғана саты қалады. Егер оның ойлау қабілетінің екі жағында бірдей теориялық қабілеті пен практикалық қабілетінде, онан соң оның қиялдау қабілетінде де осылай болатын болса, онда бұл адам аян берілген адамның нақ өзі болмақ.

Мархабаты мен құдіреті күштерден әрекетшіл парасатқа дарыған қасиет одан жүре біткен парасат арқылы оның толыққанды парасатына, одан соң оның қиялдау қабілетіне дариды. Міне, осындай адам оның өзінен оның аңдағыш парасатына дарыған қасиет арқасында дана, философ, кемеңгер, парасат иесі болып шығады, ал оның өзінен оның қиялдау қабілетіне қасиет дарыған адам пайғамбар, болашақты болжағыш сәуегей және өмірдегі оқиғаларды түсінгіш, білгір болып шығады. Міне, осының бәрі оның тәңірлікті танып білетін болмысының шарапаты.

Адам кемелділігінің ең биік дәрежесіне жеткен мұндай адам бақыттың ұшпағында болады. Оның жаны кемелді, жоғарыда айтқан әдіспен әрекетшіл парасатпен ұштасқан болып шығады. Бұл адам бақытқа жеткізетін әрекеттің қандайын болса да кәміл білетін адамның нақ өзі. Басшыға қойылатын бірінші шарт осы. Сонымен қатар ол өзі білетін нәрсенің бәрін көркем де бейнелі сөзбен айтып жеткізерліктей қабілеті болуға тиіс. Ал жұртты бақытқа бастайтын ең дұрыс жолға сала біліп, бақытқа жеткізетін іс-әрекетке талпындыруға тиіс. Сонымен бірге жеке іс-әрекетті жүзеге асыру үшін оның бойындағы қайраты жеткілікті болуға тиіс» [36, 331-335 б.].

Сондай-ақ, Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегінде: «Қайырымды қала басшысы табиғатынан керемет түсініп және өз ойын, өсіне істің қалай болып жатқанын айтушының сөздерімен байланыстыра отырып, елестете білуі, мәнерлі сөйлеу және ойлаған ойды нақты жеткізе білуі керек, білім мен танымға деген махаббатқа ие болып, оған еш қиындықсыз және оқудан шаршамай жету керек», [36, 23 б.] деп белгіледі.

Ал әл-Фарабидің «Бақытқа жол сілтеу» шығармасында бақытта адам қол жеткізе алатын ең жоғары игілік деп атайды. Адамдар ізгі қасиеттер арқылы ғана бақытқа қол жеткізе алады. Әл-Фараби бақытқа апаратын жолды ізгілікпен байланыстырады. Оның пікірінше ізгілік – адамның ең жақсы адамшылық қасиеті. «Ізгілік» сөзінің түбірі – «ізгі». Адам күнделікті өмірде ізгі істерді андасанда емес, кездейсоқ емес, өз еркімен және үнемі жасауы тиіс. Басқаша болғанда, зұлымдыққа айналады [37, 179 б.].

Әл-Фарабидің көп қырлы еңбектері араб-мұсылмандық Шығыстың рухани ізгілікті келбетін анықтайды. Орта ғасырдағы мұсылман ойшылдары ырық екендігі мен зұлымдық себебі, адамда жоғары ізгілікті қасиеттерді қалыптастыру және ізгілікті адамды тәрбиелеу, адамның өз әрекеті мен қылықтарына жауапкершілігі болуы секілді маңызды этикалық мәселелерді көтереді. Осы мәселе төңірегінде діни және философиялық пікірде әр түрлі бағыттар мен ағымдар қалыптасты. Кейде олардың арасында осы мәселелер бойынша қызу таластар мен ымыраға келмейтін пікірталастар туатын [38, 290 б.].

Үлгілі мемлекеттің құрылымы, дін мен философия сәйкестігі, үлгілі басшыға қызығушылық, адамның рухани құндылықтары – ислам мәселелері арасында маңызды орын алды. Ал әл-Фарабиді арабтілді философиядағы гумнистік дәстүрдің негізін салушы деп таниды. С.Қ. Сатыбекова, әл-Фарабидің философиялық ізденістерінің бағытын сипаттай келе былай дейді: «Әбу Насыр әл-Фараби – орта ғасырдағы Таяу және Орта Шығыста алғаш рет философиялық ізденістің объектісі ретінде адам мен адамзат қоғамы мәселелерін ұсынды. Осылай рационалды дүниетаным шекарасын адамның мәнін, оның өмірінің мыңыздылығын түсінуге алып келді және адам туралы түсінікті кеңейтті» [39, 72 б.]

Қазақ халықының тарихына көз жіберсек, онда басқа үлкен өркениеттердің мәдениетінің, руханиятының даму эволюциясына сәйкес прогресс жолын өткенімізді байқаймыз. Осыған орай тарихты кезеңдеу мәселесі

туындайды. Тарих тек әлеуметтік құбылыстар мен деректердің тізбегі ғана емес. Мән мен мағынасы бар терең заңдылықтарға бағынатын үрдіс. Мәселен, дүниетанымдық типтердің алмасуы барысында философиялық еңбектерде мифологиялық, дәстүрлік және жанашылдық кезеңдер ерекшеленеді. А.Х. Қасымжанов қазақ халқының рухани мәдениетіндегі мынадай құбылыстық кезеңдерді жіктемелеп көрсетеді: «1. Мифология. 2. Ренессанс. 3. Ағартушылық» [40, 90 б.]. Енді қазіргі уақытта жаңа ақпараттық кезеңнің дәуірі келгені байқалады. Ол негізінен жаһандану үдерістері алып келген цифрлы технологияның қарқынды дамуымен ұштасып жатыр.

Қазақ философиясының нақтылы халықтық көрінісіне мақал-мәтелдер жатады. Бірнеше ғасырлар бұрын пайда болған, данышпандықтың сүзгісінен өткен, мәңгілік өмір сүруге құқылы, біздің заманымызға дейін жеткен қазақтың мақал-мәтелдері, ертегілері бүгін де өз маңызын жоғалтпай, өзінің жарқын бейнесімен халықтың адамгершілік-психологиялық дамуының тарихи жолын айқындап тұр. Қанатты сөздер, мақалдар мен мәтелдер, аңыздар мен өлеңдерге, айтыс пен толғауларға еніп кеткен. Мақалдар халықтың қуанышы мен қауғысын, даналығы мен өмірлік тәжірибесін білдіретін ең кеңінен таралған формасы ғана емес, моральдық нормалардың өзіндік кодексі болып табылады. Мақалдардан көрінетін моральдық кодекс балалық шақтан кәрілікке дейінгі тәрбиеде маңызды рөл атқарады. Қазақ мақал-мәтелдерінің тақырыбы әлеуметтік өмірдің барлық қырларын қамтиды. М.С. Орынбековтің пікірі бойынша, олар өмірдің барлық қырларын құрамына енгізеді: күнделікті тұрмыстан тарихқа, өмірге дейін, халықтың этика нормаларының кең кодексін қамтиды [41, 87-89 бб.]. Мақалдарды догмалық білім деп қабылдауға болмайды. Кезінде Абайдың өзі көптеген мақалдарға сыни пікірін білдіріп, олар шартты түрде ғана даналықтың көзі екендігін ескерткен еді.

Қазақ философиясында даналық үлгілері ауызекі мәдени ақпаратты берудің тиімді тәсілі – поэзиялық үрдіс арқылы түйінделген. Батыста философиялық пайымдаулар рационалдық ғылыми әдіснаманы мұрат тұтса, еуразиялық дала көшпенділерінде даналық әдеп талаптарымен синкретті түрде көрініс табады [42, 37 б.]. Осы жерде түркі-қазақ философиясының этикалық категорияларға үлкен мән беретінін атап өтуіміз керек. Өзінің қазақ философиясына, қазақ этикасына және мәдениеттану саласына арнаған көптеген еңбектерінде қазақстандық философ Т.Х. Ғабитов жүйелі түрде халықтың философиялық ойлауының кәсіби философия деңгейіне ауысуы жөнінде тұжырымдарын зерделеп береді. Әсіресе автордың қазақ этикасының ең негізгі ұғымдары жоғары оқу орындарындағы студенттер мен магистранттар үшін нағыз құнды мәліметтер қоры екені анық [43].

Даналық пен надандықты бір-біріне қарама-қарсы құбылыстар екенін қарастыратын тараушаны қорытындылай келе, қазақ философиясында өткір жырлары арқылы надандық мәселесі туралы ақиқат сөзін айтқан ойшылдар мен аузы дуалы, тілі қылыштай өткір, рухы асқақ жыраулардың құнды мұрасы зерттеу еңбегіміздің негізгі ұстынына айналғанын атауға болады. Сондай-ақ, бұл тарауда: әл-Фараби қайырымды қала туралы ілімін толықтыра түсетін

ізгілік, бақыт және парасаттылық сияқты ұғымдар жан-жақты талданып, көпғасырлық халық даналығындағы адамгершілік-этикалық идеялары сарапталды; қазақ философиясында даналық үлгілері ретінде поэзиялық үрдістің маңызды аспектілері қарастырылды; түркі-қазақ діліндегі сөз бен істің сәйкес келуі, қиындыққа шыдамды, төзімді болу, жақсы мен жаманды айыра білу, надандық, сарандық, дүниеқұмарлық, жалған сөйлеп, имансыз болудан сақтану сияқты келелі мәселелер жан-жақты сараланды.

1.3 Әлеуметтік субъектілер деңгейінде көрініс беретін надандықтың себептері мен ықтималдық салдарлары

Аристотельдің шығармашылық мұрасының Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық жүйесіне әсері мол болды. Алайда саяси көзқарастарға қатысты Аристотельдің әл-Фарабиге әсері туралы ғылыми әдебиеттерде жиі айтыла бермейді. Мұның себебі Аристотельдің «Саясат» деп аталатын философиялық еңбегі әл-Фараби қайтыс болғаннан кейін пайда болды деп болжануда. Алайда, бұл ақпараттың дәлдігі әлі де даулы болып табылады. Философия тарихындағы әлде де өзінің тарихи дәйектемесін күтіп жүрген тақырыптар көп екені белгілі. Дегенмен, әл-Фарабидің саяси ойларында Аристотельдің «Саясатында» қамтылған ойларға көптеген ұқсас тәсілдер мен идеялар бар екені белгілі болып отыр. Бірақ бұл Фараби ойларының шынайы көзін табу оңай емес. Бұл белгісіздіктің себебі, Эрвин Розентальдың пікірінше, этика мен саясатты бөлетін сызық нақты емес. Өйткені, бұл екеуінің бір-біріне деген көзқарасы теория мен практика бір-біріне қарсы тұратын жағдайға ұқсас. Әл-Фараби мен Аристотельдің бірнеше негізгі идеялардағы саяси көзқарастарының ұқсастығы туралы болжам жасауға болады. Ең алдымен, әл-Фарабидің адам өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әлеуметтік жануар/тірі жан ретінде қоғамда өмір сүруі керек деген идеясы Аристотельдің «Саясат» атты еңбегіне де енгізілгені байқалды. Надандықтың түбегейлі себептері мен салдарларын іздегенде осы бағыттағы біршама түсініктерді талдаудан өткізгенді жөн көрдік.

Әбу Насыр әл-Фараби Аристотель сияқты саясат үшін моральдың маңыздылығын атап көрсетеді. Екі философ та моральдық негіздердің басым болуының жалғыз жолы болып табылатын байсалдылықты түсіну үшін саясат функциясының маңыздылығын ашып береді. Аристотель өзінің «Саясат» атты еңбегінде заң орта жолды білдіреді деп мәлімдеді [44]. Аталмыш заң абсолютті деп мәлімдеген әл-Фарабидің пікірімен сәйкес келеді. Надандықтың себептері мен қайнар көздерін іздегенде осы моральдік негіздің әлсіздігі, мемлекеттің өз заңдарын жеткілікті деңгейде қадағаламауы жататынан ескертеді. Сондықтан олардың салдарлары барлық қоғамға тиетініне меңзейді. Шынымен де саясаттағы жемқорлық мен сыбайластық бүкіл қоғамды бұзады.

Мемлекеттегі теріс қалыптағы моральдік нормалар саясат саласында әдеттегі құбылысқа айналса, онда қоғамның экономикалық, мәдени және

тұрмыстық тоқырауға, яғни, стагнацияға ұшырау қаупі зораяды. Өкінішке орай, біздің еліміздің тәуелсіздік кезіндегі тарихи көптеген кемшіліктерге толы болды. Біршама жеткен жетістіктерімізді моральдік деңгейде жіберілген кемшіліктер көлеңкелеп кеткенін де байқадық. Әл-Фарабидің саясат пен моральді әлеуметтік кеңістікте қатар алып жүруінің де маңыздылығы әлеуметтік практикадағы қажеттіліктерден туындайтындығы анық көрініс береді.

Әл-Фараби де ол саяси биліктің міндетін байсалдылық пен сабырлылық принципі аясында қояды. Фарабидің пікірінше, қоғам жетекшісі басқару өнерін ақылға қонымды заңдар шығару және қоғамға адамгершілік өмірге қажетті байсалдылықты ұсыну үшін қолдануы керек. Сонымен қатар, қоғамдағы надандықтың ұшқындарын түбегейлі жою үшін, байсалдылық принципін ұстану қажеттілігін атап өтті. Әл-Фараби, Аристотель сияқты, адамның өз іс-әрекеті мен адамгершілігінде байсалдылықты қабылдауы жеке емес, әлеуметтік пайданы, халықтың басымдық танытушы мүддені ескеруі керек дейді. Адам қоғамда әлеуметтік жануар/тіршілік иесі ретінде өмір сүруімен шектеліп қалмауы керек екені анық және оған қоса моральдық принциптердің стандартты жүйесі болуы керек екені меңзеледі. Сол жүйе әлеуметтік субъектілер деңгейіндегі қызметтерін тиімді атқарған сайын қоғамдағы надандықтың белгілері жойыла бастайды, әрбір әлеуметтегі қадамның парасаттылыққа жақындатындығын сезінуге болады.

Жеке адам үшін қоғамдағы моральдық стандартсыз ақылға қонымды мораль құру мүмкін емес. Алайда, әл-Фараби «қоғам» сөзін «Китаб Филь-ижтимаат әл-Медения» еңбегінде кеңінен қолданады. Аристотель қоғамға сілтеме жасау үшін қолданған «койнония» деген ұғымды білдірген болуы мүмкін деген пікір орын алады. Әл-Фарабидің «Медина» сөзін «Ізгі қала» мағынасында қолдануына келетін болсақ, «Медина» қала, мемлекет немесе полиция дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, бұл бір-бірінен бөлінген ұйым бар қоғамды білдіреді. Әл-Фарабидің «умм» немесе «ауыл» орнына «қала» сөзін таңдауы кездейсоқ емес. Өйткені, бұл артықшылықтан Фараби Аристотельдің Қала туралы ойларын қандай да бір жолмен білгені шығады. Атап айтқанда, Фарабидің шағын қоғамдардан тұратын қоғам «кемелді емес» деген дәлелі және оның осы кішкентай қоғамдар бірігіп, кемелді болу үшін үлкен қоғамды құруы керек екенін көрсетуі бұл идеяның аристотельдік екенін көрсетуі мүмкін. Өйткені, Аристотель өзінің «Саясатында» полис/қаланы көптеген қалалар біріктіріп, деконструкциялаған қоғамның өзін-өзі қамтамасыз ететін бірлігі деп атайды. Әл-Фараби жоғары игілікке жету үшін қала-мемлекет көлеміндегі қоғамның құрылымы болуы керек дейді. «Жоғары игілік» тұжырымдамасын ежелгі гректер жасағаны да белгілі. Жалпы Антика философиясы осы іргелі Игілік ұғымының төңірегінде топтастырылғанын атап өту керек.

Әр түрлі ұлттар мен топтар бір-бірімен некелесу арқылы немесе басқа коммуникация тәсілдерімен байланысады деген Идея Фарабидің Аристотельдің шабыттандырған идеясы болуы мүмкін. Аристотель мен әл-Фараби саяси мақсатта некеге тұру мүмкін деп санайды, бірақ олар осылай құрылған

мемлекеттің жетістігіне, болашағына алаңдайды. Өйткені, олардың пікірінше, адамдар өз өмірін жалғастыруға ғана емес, жалпы игілікке де ұмтылуы керек. Фараби надан мемлекеттер туралы айтқан кезде, ол басқа топтарға өз мүдделері үшін шабуыл жасау және оларды жеңу мақсатында құрылған мемлекеттердің алдамшы екенін баса айтады. Әл-Фарабидің бұл көзқарасы Аристотельдің «Саясатының» үшінші кітабындағы өнегесіз қауымдастықтар туралы пікірімен сәйкес келеді. Аристотель үйде, көшеде, учаскеде бірге өмір сүру, ізгілікті болу және жақсы өмір сүру жеткіліксіз дейді. Фарабидің пікірінше, ең жақсы мемлекет – бұл шынайы әділеттілікке негізделген мемлекет. Басқаша айтқанда, бұл әркім өз үлесін қосатын мемлекет. Мұндай мемлекеттік құрылым сау адам ағзасына ұқсас. Бұл ой кедергі көздерімен байланысты. Аристотель өзінің «Жануарлар қозғалысы туралы» еңбегінде аталмыш мәселе турасында кеңінен тарқатып жазады [44, 65 б].

Әл-Фарабидің шығармаларынан табылған мұндай дәлелдер ойшылдың Аристотельдің пікірлерін креативті түрде қолданғанын көрсетеді. Метафизика римдік және эллиндік кезеңдегі саясатқа көбірек қызығушылық танытқанымен, аристотельдік ой осы кезеңдерде догматикалық факт ретінде өмір сүрді және бұл ойларды кейінгі кезең философтары мен мұсылман философтары өздеріне мұра етті деп айтуға болады. Ислам пайда болғанға дейін антикалық білім жаңа күлгін Эдесса, Нисибис, Антакия, Джундишабур, Харран сияқты көптеген қалаларда оқытылды. Философия және медицина сияқты ғылымдардағы білім осы қалаларда исламның таралуына дейін және одан кейін де дами берді. Мысалы, аударма қозғалысының бастаушыларының бірі Хунейн Би-Исхак Джундишабурда оқыды. Сол сияқты, Порфирияда ол жаңа сиқыршылардың философиясын білетін және олардың еңбектерімен жұмыс істейтін адам. Осылайша, бұл қалалардың, әсіресе Александрия, Джундишабур және Харранның Ислам империясының әкімшілігіне кіруі Бағдад пен Ислам әлемінде жаңа ғалымдардың танымал болуына әкелді. Бұл дәстүр Ислам әлеміне ерте кезеңде берілгені белгілі. Мысалы, жаңаланған ойдың әсері осы кезеңге дейін Құдайды жоқтан жаратуды жақтаған мұсылман ойшылдарының (ex nihilo) су тұжырымдамасы арқылы Құдай мен әлем арасындағы қарым-қатынасты түсіндіре бастауына себеп болды деп болжануда. Құранда су туралы нақты түсінік жоқ, бірақ соған қарамастан мұсылман ойшылдары су мәселесін қабылдағаны, өрбіткені анық. Судағы Құдай ештеңеден немесе бір немесе абсолютті «Жақсылықты» жасамайды, бірақ астындағы барлық нәрсені Мәңгілік сумен қамтамасыз етеді.

Әл-Фарабидің ізгілікті қаласының басшысының мінездемесі екі бөлімнен тұрады. Олардың кейбіреулері оның «Мединатул-Фадила» атты еңбегіне енгізілген. Фарабидің осы жұмысына енгізілген ел басшысының барлық он екі сипаттамасы кейінгі философтар үшін теориялық бағдарға айналды. Фарабидің айтуынша, ізгі қаланың көсемінің он екі физикалық, интеллектуалдық және моральдық қасиеттерге ие болуы керек. Бұл сипаттамалар Бірінші басшы үшін дүниеге келген сипаттамалар болуы керек. Бұл табиғи ерекшеліктердің өзі бірінші басшыны кемелді ете алмайды немесе оны философ-патшаға айналдыра

алмайды. Осы сипаттамалардан басқа философ-патшаның терең білім алу қажеттілігін ескетеді. Әсіресе, көсемнің адамгершілік тәрбиесі ерекше маңызды, әл-Фарабидің айтуынша, заңгерлік және мәдени білім алғанмен қатар ел басшысы өзінің табиғи қасиеттерін дамытуы керек. Қарапайым адамға қарағанда қоғамда жетекші рөлді атқаратын азаматтың әлеуметтік субъект ретіндегі жауапкершілігінің салмағы ауыр. Ол адамдардың тағдырына жауап береді. Деспоттық, тирандық жолды таңдаған ел басшылары әл-Фараби ілімінде, теориялық концепциясында жанама түрде сыналып отыр және бұл тұжырымдардың ғасырлар өткенмен ақиқат сөз екенін дәлелдегенін байқаймыз. Барлық халықтарға тән халық даналығы бір жерден түйіседі және оларда негізгі кейіпкерлердің бірі болатын әділ патшалар надандықпен күреседі және халықтар өз эпостарында барынша жырларға қосып, ертегілерін керемет көркем бейнелеп отырғаны белгілі.

Сонымен қатар, Фараби жоғарыда аталған белгілерге қосымша кішігірім белгілер туралы айтады. Бұл қайталама сипаттамалар идеалды адамды бақытқа жету үшін қажет басқалардан ажыратады. Әл-Фараби бұл сипаттамаларды бір адамға жинау, сонымен шектеу мүмкін емес екенін түсінеді. Осы себепті Эрдемли қала билеушісі үшін қайнар көзі болатын төрт топ туралы айтады. Фарабидің ізгі қаласында билеуші бола алатындардың біріншісі – философ-патша. Қоғамда философ-патшаның ерекшеліктері бар адам сирек кездеседі. Өйткені, бұл адам басқара алатын жасқа жеткенде, олар екінші дәрежелі барлық алты сипаттамаға ие болуы керек екенін диссертацияда атап өтеміз. Әлеуметтегі надандықтың себебін іздегенде қоғамдағы ел басшысына ұсынатын саяси ережелер мен конструкциялардың мазмұны үлкен маңыздылыққа ие болатынын ойшыл үнемі ескертіп отырғанын байқаймыз.

Әл-Фараби ел басшысы философ болумен қатар, мықты метафизикалық күшке, белгілі бір деңгейде пайғамбарлық көзқарасқа және өзіне белгілі шындықтарды басқаларға жеткізе алатын риторикалық күшке ие болуы тиіс екендігіне меңзейді. Ел басшысы сондай-ақ, басқа қасиеттермен бірге заң шығарушы және әскери жетекші бола алатын біліммен қарулануы керек. Фараби патша-философтың сипаттамаларын өзінің шығармаларында нақты тұжырымдармен көрсетіп береді.

Билеушілердің екінші түрі «алғашқы имамдар» Фараби жүйесінде философ-патшаның сипаттамалары бар бірде-бір адам болмаған кезде менеджер болып табылатын алғашқы көшбасшылар деп аталатын топқа айналады. Бұл көшбасшылардың әрқайсысы жеке-жеке осы сипаттамалардың кейбіріне ие, бірақ олар философ-патшаның барлық сипаттамаларына ие бола алмайды. Сондықтан олар жиналған кезде философ-патшаның қасиеттеріне сүйене отырып қаланы лайықты басқара алады. Мұндай атқарушы көшбасшыларды қоғамдағы «ізгі менеджерлер» деп атауға болар еді.

Аристотельдің логиканы, дұрыс ойлау туралы ілімді белсенді дамытып, қисынды ойлаудың механизмін жасауы әл-Фараби шығармашылығына әсер етпей қоймады. Әсіресе, силлогизм туралы антикалық ілім ислам әлеміне келуінің өзіндік ерекшеліктері болды. Мәселен, әл-Фараби ілімін әрі қарай

дамытушы ойшылдар осы бағытта біршама жетістіктерге жетті, Бұның өзі қоғамдағы надандықпен күрестің бір қыры дұрыс ойлау, қисынды ойлау сияқты құбылыстармен астасып жататындығын байқатты. Силлогизмдер туралы ілімінде Ибн Сина Аристотельден әлдеқайда асып түсті деге болады. Ол силлогизмдердің жіктелуін жетілдірді және Аристотель талдаған дәлелді керісінше толықтырды. Сонымен қатар, ол «Органонға» кіретін «Бірінші аналитика» трактатында айтылған, бірақ оның авторы қарастырмаған шартты (гипотетикалық) силлогизмдер теориясын түрінде дамытты. Ибн Синаның өзі Аристотель шартты силлогизмдер туралы кітап жаза алмады деп сенді — ол еңбектердің кейіннен жоғалып кеткені туралы білмеді. Силлогизмдердің жіктелуін Ибн Сина философия, теология және діннің арақатынасы туралы түсінігінен шығарды. Барлығы ол силлогизмдердің бес категориясын ажыратады, олардың әрқайсысы белгілі бір білім түрімен байланысты:

- 1) дәлелді (аподиктикалық) – философия мен ғылым қолданатын;
- 2) диалектикалық;
- 3) софистік-теологиялық;
- 4) риторикалық;
- 5) поэтикалық.

Жалпы ғылым жинақтаушы сипатқа ие болады. Осы бағытта мұсылман философтары X және XI ғасырларда философия саласында жүйелі зерттеулер жүргізе бастады. Әр түрлі ғасырларға жататын шығармалардағы грек әсерін көру арқылы өркениеттердің өзара әрекеттесу процесінің табиғи, тіпті рационалдылық тұрғыдан қажетті дүниелер екенінен хабардар болуға мүмкіндіктер ашылады. Алайда мұсылман философтары грек әлемінің тұжырымдамалары мен көзқарастарын тікелей көшірмелеп, ислам өркениетіне тікелей аударуды мақсат тұтпады. Өйткені ислам философиясының пайда болу кезеңінде ислам елдерінде өзіндік Ұлы өркениет болған еді, ал ғылыми және саяси білім де белсенді дамығаны байқалды. Мұндай интеграциялық процестерді тоқтату мүмкін емес болғанмен оларды механикалық тұрпатта грек құндылықтарын ислам әлемінде имитациялау немесе қабылдау араб елдерінде болған жоқ. Азиялық мәдениет сол кездің өзінде ондай қатынастарды қажет етпейтін дәрежеде болған деген пікірдеміз. Сондықтан надандықпен күресте, оның қайнар көздерін анықтауда және парасаттылыққа қарай қадам жасауда грек мәдениетінің ықпалы қосымша және жанама түрде болды деген ойдамыз. Басты рухани күш әруақытта қоғамның өз бойында, іштей көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан ғылыми, мәдени, логикалық негіздерде деген пікірдеміз. Дегенмен, мәдениетаралық сұхбат та маңызды әлеуметтік фактор екенін жоққа шығармауымыз керек.

Грек ойының іздерін Ислам философиясының ізашары болған әл-Фараби мен Ибн Синаның моральдық ілімдерінен көруге болатынына қарамастан, олардан кейін келген ойшылдар үшін бұл толықтай беріле қойған жоқ, озық өркениеттің мәдени жетістіктерін қолдану үшін оны сіңіретіндей деңгей болуы шарт. Моральдық ой тұрғысынан «ізгілік» тақырыбы екі өркениеттің ойлау дәстүріне, кейбір рационалдық жақындықтың бар болғанына назар аударады. Барлық ізгіліктерді қамтитын ізгілік ретінде «әділдік қасиеті» көрсетіледі. Адам әлеуметтік

субъект ретінде тек қоғамның түлегі емес, оның табиғи жаратылысы мен рухани қайталанбас әлемі бар құбылыс. Оның әртүрлі, тіпті мүлдем қарама-қарсы қабілеттерге ие болатын жаратылысы бар. Осындай күрделі жаратылысы бар адамға ішкі үйлесімділік пен байсалдылыққа қол жеткізуге мүмкіндік беретін жолдарды іздеу керек [45, 328 б.]. Сонда надандықтың кейбір көрініс беретін қырлары үдерістің бастама шағында жойылады, адам даналықтың барлық мүмкіндіктерін нақты әлемде, жеке тағдырында қолдана алады.

Тарихи кезеңдердегі надандықтың әлеуметте пайда болуының қисынды тізбектерін іздеген данагөй ойшылдар адамзаттың болашақта біршама еңсеріліп, бірте-бірте жойылатынына сенген. Идеалды қоғам, ізгілікті қала, қайырымды адам туралы түсініктердің орта ғасырлардың еншісінде болуы соның айғағы. Қазіргі таңда әр қилы деңгейдегі әлеуметтік субъектілердің белсенді қызметтерінің арқасында қоғамда қатыгездіктің, надандықтың көрініс беріп отыратынына куә болып отырмыз. Соның салдарынан адал азаматтардың тағдырында көптеген қиын жағдайлар орын алып келеді. Тіпті, XX ғасырда екі дүниежүзілік соғыстың орын алуы, онда миллиондаған адамның қырылуы адам надандығы бірте-бірте саяси деңгейге дейін көтерілгенде әлеуметте орасан зор апатқа алып келетінін көрсетті. Индивидуализмді, оқшаулануды әлеуметтік тұрмыста күйттеген заманауи қоғамда адамдардың бірі-бірінен алшақтап, өзара әлеуметтік қашықтық ұстап, тұрмыстық өмірдегі қиын кездері бір-біріне қол ұшын беруі де сиреп кетті. Ал кейбір әлеуметтік деңгейі төмен отбасыларға көмек қолын созған қауымдастықтар өздерінің кішкентай игілікті қаракеттерін әлемге жар салып, істерін жарнамалауды алдарына мақсат етумен айналысады. Бірақ, олардың қадамдары көрмегенсіп өтіп кететін немқұрайлылық танытқан әлеуметтік субъектілерден жақсырақ деп бағалаймыз. Адамдардың басқа адамдарға деген немқұрайдылығы қоғамдық санада ұлттық тәрбиенің құнсыздануының, адами қатынастардың негізінде өзара жатсыну қисыны үстемдік ете бастағанының айқын көрінісі.

Іс-әрекетті адамгершілік тұрғысынан бағалау үшін әрбір жеке адамның тұрғысынан алғандағы белсенділік табиғи жағдай ретінде, еркін таңдауы ретінде туындауы керек, ол ішін әлеуметтік субъект саналы, игі мақсатты және ерік-жігерлі болуы керек. Іс-әрекеттің түбегейлі мақсаты – қоғамдағы әділеттілік пен тепе-теңдіктің салтанат құруын қамтамасыз ету болғандықтан, іс-әрекеттің формалды кейпі емес, оның нәтижелі болуы маңызды. Рухани бірлікке шақыратын тетіктер қандай және сол бағытта қандай әрекеттер жасау керектігін анықтайтын критерийлер бар ма деген сауал қойылғаны жөн. Ал олар көбінесе қоғамда жасырын, латентті күйде болады. Демек, бұл әрекеттерді бірден жақсы немесе жаман емес (әділ немесе әділеттілікке қайшы келеді деп айту) деп бағалауға біршама қиындықтар туады. Бұл нақты жағдайларды бағалауға мүмкіндік беретін алдымен тарихтың өзі, сосын практикалық даналық

Түпкі мақсатына жету үшін адамға кейде өзінің қалауларына шектеулер қоюы қажет. Бұл шектеулер адамның ішкі және сыртқы әлемінің қатынастарына байланысты болуы шарт. Адамның дүниеге келгендегі потенциалды сана деңгейі әр қилы болуы ықтимал. Берілген табиғи қасиеттер жеке адамға құнды болғанымен, адамның әлеумет алдындағы жауапкершілік деңгейі өте маңызды.

Жеке адамның белсенділігі артқан сайын оның да қалпы өсуі тиіс. Бұл ережелерді жеке азамат, яғни индивид қоғам мүшесі ретінде қабылдауы қажет. Адам өзінің әрбір қадамының жөнді, немесе жөнді емес екенін алдын-ала аңғарып үйренуі тиіс. Сондықтан тұлғаның, әлеуметтік субъектінің қоғам алдындағы жауапкершілігі маңызды мәселе және оның барлық заңдылықтарына мойынсұнып, әр түрлі қырларын үйренуі жалпы қоғам үшін тиімді. Әйтпесе, қоғамда маргиналдылық жағдайда қалып қоятын әлеуметтік топтар көбейе түседі. Ол надандықтың кең қанат жайып, әлеуметтік субъект деңгейіндегі көрінісіне айналады.

Ақыл-ойы толыққанды қалыптасқан адамның табиғи бейімділігінің бастауында тек табиғи инстинктерінен құралған субъектінің қалаулары жиынтықталмайды. Адам еркіндігі қоғамдағы азамат үшін әлеуметтік парыз немесе міндет болып табылатын жауапкершілікпен үйлесіп отырылуы маңызды. Адамды шектейтін заңдардың негізгі көзі адамнан тыс болуы керек. Шындығында, жауапкершілігі мол адам әрқашан жауапкершілікті қадыр тұтады, одан қашпайды. Әл-Фараби мен Ибн Синаның философияларында бұл дереккөз белсенді ақыл деп аталады. Белсенді ақыл қазіргі заманның креативті ойлауымен біршама үндес келеді. Ақылдың орнының өте маңызды екенін кейінгі дәуірлерде Абай Құнанбаев та өз ілімінде айтып кеткені белгілі.

Әділеттілік принципі әр адам үшін ізгі өмір принциптерін орнатуға және сонымен бірге ақылға негізделген ізгі қаланы жасауға мүмкіндік береді. Өз құзыретіне тек әлеуметтік ортада басқалармен қарым-қатынаста қол жеткізе алатын адам үшін ең тиімді критерий – әділеттілік. Қоғамдағы әлеуметтік стратификацияның құрылымы, білім беру саясаты мен заманауи стилі және әртүрлі қоғамдармен қарым-қатынас сипаты әлеуметтік әділеттілік нормаларын ескере отырып анықталуы керек. Біздің қоғамымыз соңғы жылдары әділеттілік концептісін жетекші қағидатқа айналдыра бастады. Әрине, әділеттілік кез келген қоғам үшін маңызды және оған абсолютті мағынада жету де қиын. Дегенмен, оның іргелі негіздерін қорғау арқылы қоғам өркениеттілікке қарай жылжиды, көптеген қайшылықтардың тиімді шешімін табады.

Әлеуметтік прогресс жолындағы негізгі мақсат – барлық адамдардың келісімімен осы элементтердегі пропорционалдылықты жүзеге асыру болып келеді. Адамдар іздейтін әділеттілік үйреншікті әлеуметтік әдетке жатпайды; ол білім мен ерік-жігерді біріктіруді талап ететін құбылыс. Ақылға, ойлауға және этикалық әдеттерге тәуелсіз іс-әрекеттерсіз жақсы жағдай мен оның қарама-қайшылығы туралы сөз болуы мүмкін емес. Демек, ізгілік – бұл еркін әдет. Адамның «өз ісінің қожайыны» екендігі оның ақылдылығы мен ерік-жігерінің синтезделуіне байланысты [46, 525 б.].

Адам ақыл-ойдың теориялық аспектісі ұсынған ақпарат арқылы ақыл-ойдың практикалық аспектісінің құндылығын қабылдауға мүмкіндік беретін деңгейге жетуі керек және осы ақпаратпен біріктіру арқылы байсалдылық мақсатына жетуге тырысуы керек. Ол осы мақсатты жүзеге асыруда мысал ретінде алатын модель – бұл әлемдегі тәртіп және осы тәртіпті жасайтын және оны жалғастыратын Құдай деп есептелінеді.

Ақыл-ойдың теориялық жағына негізделген шешім қабылдайтын

практикалық даналықтың арқасында құрылған моральдық әділеттілік. Әділеттілік негізінен моральдық және саяси қажеттілік екенін дәлелдейді. Ислам философиясында байқалатын ортақ қасиет – бұл ақыл-ой үстемдік ететін сенім мен сенім үстемдік ететін ақыл арасында ешқандай қайшылық жоқ екендігінде. Діндарлық – бұл ұтымдылықты жоққа шығаратын қасиет емес. Қоғамдағы моральдық біртұтастық пен саяси әділеттілікті жүзеге асыруда бұл екі элемент (сенім мен ақыл) бір-бірін талап етеді және толықтырады. Әлбетте, Фараби – ислам ойының тарихында алғаш рет қоғамды айқын және ашық принциптерге негізделген саяси құрылым ретінде айшықтап, идеалды саяси қоғамды ұсынуға тырысқан философ.

Фараби қоғам орналасқан әлеуметтік-саяси ортаны және осы ортада туындайтын мәселелерді біле отырып, қоғамды осы идеалды жүйені алға қарай тарта отырып, қиын жағдайдан құтқара отырып, неғұрлым ізгілікті және жарқын саяси құрылымға шақырғанын көруге болады. Фараби қоғамның осындай саяси құрылымын ұсынған кезде, ол мұсылман қоғамында кең таралған кейбір терминдер мен анықтамалардың орнына әмбебап тіл мен әмбебап ұғымдарды қолдануды жөн көрді. Бұл артықшылық сонымен қатар ол барлық жерде қолданылатын саяси құрылымды ұсынатынын және қазіргі мәселелерді шешу үшін осы әмбебап принциптерді ұстанатын қоғам болуы керек деп санайтын қоғамды көрсетеді.

Осылайша, «Мединет әл-Фадила», «эс-саясаткер әл-Медения» және «Тахсил әл-Саада» сияқты шығармаларда Фараби ашқан ізгі қала бізге бір жағынан Фарабидің еркін және ерекше ойлауын, екінші жағынан армандаған саяси құрылымды көрсетеді, сол кезеңдегі қоғамды сипаттайды [47, 226 б.]. Сол сияқты, бұл тезисте Фарабидің аммоний Саккас, Плотинус, Проклус, Порфирий, Фемистий және Ямвлих сияқты философтардан алған пікірлері бар екенін көрсетуге тырысты. Атап айтқанда, Фарабидің саяси көзқарастарының артында теологияны түсіну (құдайландыру), саясатты метафизикамен үйлестіру және бірінші билеушінің пайғамбар болғандығы сияқты жаңа платондық саясаттың салдары жатыр деп айтуға болады. Сол сияқты, олардың көзқарастары, мысалы, ізгі қала тұрғындарына тән сақтық, батылдық, байсалдылық пен әділеттіліктің негізгі айдарлары бойынша жиналған саяси ізгіліктерге назар аудару және қалалық құрылымның өзін-өзі қамтамасыз ететін қоғамын көрсету екені байқалды. Сонымен қатар, осы әсерлерден гөрі, жаңа кейіпте сөйлейтіндердің діни және саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қоғамда өз ойларын білдіруі Фарабидің өзіндік саяси ой-өрісін қалыптастырудағы маңызды көмекші фактор болғанын атап өту керек [48, 160 б.].

Қорытындылай келе, осы тараушада: ақыл-ойдың теориялық жағына негізделген шешім қабылдайтын практикалық даналықтың арқасында құрылған моральдық әділеттілік қоғамдағы моральдық және саяси қажеттілік екені ойшыл тарапынан дәлелденге тұжырымдалды; грек ойының іздерін Ислам философиясының ізбасарлары болған әл-Фараби мен Ибн Синаның моральдық ілімдеріндегі іс-әрекеттің мақсаты әділеттілік пен тепе-теңдіктің салтанат құруын қамтамасыз ету болғандықтан, іс-әрекеттің мәні емес, нәтижесінде қандай әрекет

жасау керектігін анықтайтын критерийлер қарастырылды; «Мединет әл-Фадила», «эс-саясаткер әл-Медения» және «Тахсил әл-Саада» сияқты шығармаларда әл-Фараби ашқан Ізгі қала теориясының бағыт-бағдарлары саяси философия мен логика ілімдері тұрғысынан айқындалды.

2 ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ НАДАНДЫҚ ТУРАЛЫ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ СЫНИ СИПАТТАМАЛАР

2.1 Шығыс пен Батыс сұхбаты аясындағы надандық феноменінің ілімдік деңгейде бағамдалуы: салыстырмалы талдау

Философиядағы надандық концепциясы Шығыста да, Батыста да әртүрлі көзқарастар негізінде қалыптасты. Шығыс философиясында адам үшін басты бағдар – рухани болмыстың толықтығы, біртұтастығы. Тұрмыстық жайлылық көбінесе ол үшін үшінші дәрежелі рөл атқарады. Әлемде жоғары трансцендентті болмыстың бар екенін сезініп, онымен қайта қосылуға ұмтылған бұл адам бәрін «Құдайдың даңқы үшін» (егер ол православиелік христиан немесе мұсылман болса), оның әрекеттері мен ойлары ғаламның ырғағына сәйкес болатындай етіп өмір сүреді (егер ол индуc немесе буддист болса) және т.б.

Бұл императивтер жеке адамнан өзінің дене және экономикалық сұраныстарын қысқартуды немесе жай ғана Аспан қамтамасыз еткен нәрсемен шектелуді талап еткенде, ол мұндай үндеуді өкінбестен орындайды. Әрине, бұл оппозициялардың барлығы қатаң және шартсыз емес. Батыста әр түрлі ортадан шыққан көптеген адамдар өздерін Шығыс адамдарына ұқсатып, әлеуметтік ортада кейбір наразылықтарды, мазақ етуді және қуғын-сүргінді тудыратыны туралы көптеген мысалдар келтіруге болады.

Сол сияқты, Шығыста да батыстық әдепті ойлағандар мен әрекет еткендер аз болған жоқ, және оны басқалар да құптамады, ал интеллектуалды жұртшылық мұндай әрекеттерді айыптау үшін байыпты теориялық және моральдық дәлелдер тапты. Біз оқшаулаған қарама-қайшылықтарды жалпы векторлар ретінде, статистикалық заңдылықтар ретінде, белгілі бір жағдайларда азды-көпті көрінуі мүмкін тенденциялар ретінде қарастырған жөн. Жалпы, Егер сіз Батыс пен Шығысты тең мәдени түрлер деп санасаңыз, олардың өзара әрекеттесуінің үш негізгі формуласын ажыратуға болады:

- «батыс – батыс, ал шығыс – шығыс және олар ешқашан бірікпейді» (Р. Киплингтің көзқарасы бар). Осы тұрғыдан алғанда, батыс пен шығыс бір-біріне мәңгілік бөтен және түсініксіз болып қалады.

- олардың арасындағы диалог құрудың кез-келген әрекеті бастапқыда сәтсіздікке ұшырайды. Олар жасай алатын ең үлкен нәрсе – қарым-қатынастың дұрыстығын сақтауға тырысу, ашық қақтығысқа әкелмейтін өзара құрмет көрсету, әсіресе қазіргі жаһандану әлеміне қатысты деген түсініктерді жүйелендіру, үйлесімдендіру [49, 312 б.].

- «шығыс та жоқ, батыс та жоқ, тек біртұтас адамзаттың тарихы бар» деген түсінікті белгілі қазақстандық жазушы Олжас Сүлейменов өзінің шығармашылығында тұжырымдап жүргені белгілі.

- «шығыс-батыс» мәдениеттану проблемасының қазіргі формасының қалыптасуын Еуропа мен Азиядағы, ең алдымен Үндістан мен Қытайдағы

адамдардың саяси құрылымы мен құндылық бағдарларындағы айтарлықтай айырмашылықтарға назар аударылған жаңа уақыт пен ағартушылық дәуіріне жатқызу керек. Бұл дәлелдер Шығысты еуропалықтар (ойшылдар да, жалпы жұртшылық та) бағалауда екі бағытты бастады:

1. панегириялық, ынталы,
2. негативті, сыни [50, 180 б.].

Бірінші жағдайда Шығыс, ең алдымен Қытай, жалпыға бірдей әл-ауқатты көтеру және ағартушылық қоғамы ретінде әрекет етті, олар еуропалық монархияларға мемлекеттік басқарудағы даналық пен орындылықтың үлгісі ретінде үлгі болды. Екіншісінде, Шығыс-Батыс философиялық-мәдени проблема ретінде, Шығыс деспотияларында билік еткен құлдық пен құқықсыздыққа, жаппай надандыққа, сауатсыздыққа, архаикалық дәстүрлерді соқыр ұстануға, мыңжылдық рухани және әлеуметтік тоқырауға баса назар аударылды.

Өркениеттік дамудың осы екі түрінің келесі қақтығысында Батыстың техникалық-экономикалық және әскери-саяси қатынастардағы сөзсіз артықшылығы анықталды. Бір жағынан, бұл еуропалық зиялы қауым арасында (және халықтың аз білімді топтары) Шығыстың «кемістігі» оны әлемдегі ең озық өркениетпен таныстыру қажеттілігі туралы идеяны тудырды. Бұл жүйе еуроцентризм деп аталды, оған сәйкес Батыс (АҚШ-ты қоса алғанда) бүкіл жер халқы үшін идеал және үлгі болуы керек, өйткені біз дінді, саясатты, өнерді, адамгершілікті, ғылымды немесе кез-келген нәрсені қабылдау барысында, ең әмбебап, адамгершілікке жатпайтын мәдени құндылықтардың қалыптасқанын байқаймыз [51, 304 б.].

Кезінде неміс классикалық философтары мен француз ойшылдарынан, ағылшын экономистерінен белгілі бір дәрежеде бастау алған еуроцентризм XIX–XX ғасырларға айналған Шығыс елдері халқының білімді бөлігінің санасына норма түрінде еніп кетті. Екінші жағынан, Батыстың мәдени кеңеюіне табиғи жауап ретінде Шығыс центризмі (немесе азияцентризм) пайда болады, оның басым идеясы азиялықтардың «Батыс варварларынан» рухани және моральдық артықшылығы бар деген түсінікті алға шығаруында. Еуропа Солтүстік Америкамен бірге адамзатқа оның дамуының алғашқы кезеңдерінде шығыста сақталған тұтастық пен руханилықты жоғалтқан әлеуметтік-мәдени эволюцияның қате, тұйық нұсқалары деп түсіндіріп келді. Ал Шығыста Батыстан тек жаратылыстану ғылымдарының жетістіктері мен техникалық өнертабыстарды алуға болады деп есептелді. Бірінші жағдайдағыдай, бұл тәсіл уақыт өте келе Батыста да өз жақтастарын тапты – өз мәдениетінің құндылықтарынан көңілі қалған және шындықты іздеген зиялылардың арасында буддизмге, индуизмге, даосизмге, исламға және басқа да дәстүрлі емес ілімдерге назар аудара бастайды [52, 400 б.].

Шығыс саяси философиясының дамуына шешуші әсер еткен әл-Фарабидің идеялары саяси мәселелерге, саяси процестерге және олардың даму тенденцияларын талдауға бағытталған саяси тұжырымдама ретінде қызығушылық тудырады. Ойшылдың саяси тұжырымдамасы Шығыс және ежелгі грек философиясының шығармашылық дамуы негізінде қалыптасты.

Оның идеалды әлемі – әділеттілік, сүйіспеншілік, ізгілік, өзара көмек және үйлесімділік әлемі, пайда болған ізгі мемлекеттің болашақ жобасы, ғалымның бұл идеясы оның адамзаттың бақытты болашағына деген ерекше сенімін, ақылға, парасатқа деген үміттенуді көрсетеді.

Гуманизм – әл-Фарабидің саяси жұмысының басты белгілерінің бірі. Ойшылдың саяси философиясы гуманизмнің екі жағын ашады: этикалық және саяси. Адамгершілік аспект, гуманистік құндылықтардың қалыптасуы ойшылдың адамға ғаламның ең жоғары құндылығы ретінде көзқарасын білдіреді. Философ ұсынған және негізделген саяси аспект қоғамда лайықты өмір сүру жағдайларын жасау қажеттілігі туралы идеяны алға тартады. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы туралы» трактатында әл-Фараби Қайырымды қаланы надан, моральдық емес, адасқан қалалардың әртүрлі түрлерімен салыстырады, қаланың қайырымды қаладан жазалаушылар қаласына айналуының әлеуметтік және рухани себептерін ашады. Қайырымды қала әлеуметтік жоба ретінде Батыста да, Шығыста да қалыптасуы мүмкін деген идеяны байқаймыз.

Барлық дүниежүзілік діндер Шығыс территориясында, әсіресе Таяу Шығыс жерінде дүниеге келді. Ал енді Шығыстың ерекше рухани қазынасы зороастризм діни бағыты екені анық. Батыста кең тараған христиан діні және араб елдерінен бастау алған ислам діні зороастризмнің біршама догмаларын өзіне басшылыққа алады. Әл-Фараби ислам дінінің қағидаларын толықтай қолдаған ойшыл болғанмен Ежелгі Иран жерінде кең тараған зороастризмнің этикалық қағидаттарын жақсы білгенге ұқсайды. Тікелей сілтеме жасамағанмен бұл ілімнің кейбір идеялары ойшыл ілімінде өзінің жалғасын алады.

Қазіргі рухани-адамгершілік және білім беру талаптарымен үйлесетін «Авестаның» маңызды қағидаттарының бірі – келісімге адалдық, сауда мен келісімшарттарды қатаң сақтау, қарыздарды уақтылы өтеу, алдау мен сатқындық сияқты адалдық қасиеттері. Жоғарда аталған қасиеттер тек Ізгі қаланың азаматтарына тән нәрселер. Көптеген Авеста зерттеушілері бұл сирек кездесетін рухани кітапты жоғары руханият пен этика мәселелерін қарастыратын тарихи жәдігер деп мәлімдейді.

Жоғары рухани сапа – зороастризмдегі надандықтың, зұлымдықтың алдын алу. «Авеста» рухани ережелерінде физикалық күшке ғана емес, рухани тазалыққа да ерекше орын беріледі. «Авестада» баланың тәрбиесі мен біліміне үлкен мән беріледі. Әсіресе, надандықпен күресудің біршама алғышарттарын ұсынады. Себебі, адамды қараңғылықтан жарыққа ұмтылуына кедергі келтіретін – надандық ұғымының қаншалықты қауіпті екендігі «Авестада» ерекше түрде жазылады. «Авестада» надандық ұғымына төмендегідей анықтама береді: «Надандық – қай ғасырда да адамзаттың жақсылыққа, ізгілікке, мейірімділікке ұмтылуына әрқашан кедергі келтіріп келеді. Надан адамның жүрегі жабық болады. Көз алдындағысын ғана көретін надан адамның ой дәрежесі биіктерге ұмтыла алмайды, тоқырап қалады. Сол себепті, надан адам қоғамды артқа тартады. Биіктерді бағындырғысы келетін ақылды адамдарға әрқашан аяғына тұсау болып келеді» [53, 511 б.].

Ал зороастризммен қатар бірнеше тарихи дәуірлерде өзіндік орын алған, тіпті кейінгі ғасырларға дейін қазақ халқының этникалық санасында бар болып келген Тәңірге сену, оны ашық дүниетаным ретінде қабылдау надандықты жеңудің өзіндік стихиялы талпысы деп қабылдауға болады. Демек, осындай далалық дүниетаным, натурфилософиялық сенім құбылысы да кездейсоқ емес, ол ғасырлар бойы халықтың руханиятында өзіндік орын алып келгені белгілі. Себебі, тәңіршілдік табиғаттың ішкі заңдылығын барынша құрметтеуге, онымен үйлесімді өмір сүруге шақырды. Экологиялық мәдениеттің кейбір көріністерін, әлемнің ырғақты қозғалысын сезінудің өзіндік сипаттарын біз тарихи құбылыстан аңғарамыз. Оның өзіне тән ерекше тыйымдары мен ғұрыптары болғанын атап өтуге болады.

Ал енді Шығыс мәдениетінің құрамдас бөлігі болып саналатын қазақ қоғамы да этикалық ұғымдарға аса жоғары мән берген. Мәселен, Шәкәрім шығармаларында ар тазалығы, имандылық, адамгершілік мәселелерін жиі көтерілген. Оның шығармаларында өзінің ішкі табиғатына, көзқарасына сәйкес келетін және сол идеясын жеткізуге лайық детальдар мен сюжеттік элементтер тапқанда ғана сол туындыны жазуға бой ұрады. Оның шығармаларында «ар-ождан» деген термин көптеп қолданылған.

«Ар қайда? Рақым қайда? Әдеп қайда?

Быт-шыт боп неге жүрміз әрбір сайда?

Көз жұмып, «көппен көрген ұлы той»деп,

Береді бұл надандық кімге пайда?» [54, 556]

«Ар-ұят, ар-ождан» ұғымы – жеке тұлғаның өзін-өзі танытудағы адамгершілік мәдени компоненттерінің бірі. Бұл құбылыс адамның әлемдегі экзистенциалдық жағдайының ерекшеліктерімен тығыз байланысты. «Ар-ұят» ұғымы философиялық тұрғыдан қарастырылғанда адамзат өміріндегі негізгі құндылық екендігі анықталған. Қазақтың ғажап ақыны Шәкәрімнің аталмыш өлеңі пәлсапалық ой-толғамдарға толы. Сондай-ақ, ақын адамгершілік ұғымын биіктетіп, надандық ұғымының адам баласына тигізер зардабын бір шумақ өлеңі арқылы жеткізгенін байқаймыз.

Жеке тұлға мен жалпы қоғам болмысының әмбебап категорияларының арасында моральдық-этикалық құндылықтар бар. Қоғамның рухани дамуын жетілдіру үшін моральдық-этикалық құндылықтардың адамзат өміріндегі рөлін түсіндіріп, одан әрі даму жолдарын жоспарлай білу шарт. Қандай кезеңде болмасын моральдық-этикалық тұжырымдамаларды зерттеу адамзат үшін маңызды. Моральдық-этикалық құндылықтардың ішінде айырықша орын алатын категориялардың бірі «ар-ұят». Ар-ұят дегеніміз не? Ол адам бойындағы жақсы қасиеттердің жиынтығы және адамға ғана қатысты құндылықтардың сипаты, руханилықтың айырықша өлшемі.

«Ар-ұят» рухани құндылық ретінде адамдар арасындағы қарым-қатынастарды бағалауда жиі қолданылады және адам болмысының ең маңызды көрсеткіші, басты сипаттамасы. Осыған қарамастан, ар-ұят қоғамда тек белгілі бір ұғым ретінде ғана танылмай, оны әрбір адам өзінің тұлғалық бейнесін көрсететін категория ретінде мойындай білу шарт. «Ар-ұждан»

адамның ойлау ерекшеліктерін, мінез-құлық стереотиптерін ашатын адамзат өміріндегі маңызды құбылыстар мен адамзат қоғамында адамгершілік стереотиптерін бейнелейтін аскиосфераның ең ежелгі компоненттерінің бірі.

Жалпы «ар» немесе «ар-ождан» дегенді қалай түсінеміз? Көп адамдар бұл сөздің мәнін ұғына бермейді. Негізінде бұл түсінік тек адамға ғана қатысты. «Ар» сөзіне ғылыми тұрғыдан анықтама берсек: «Ар-ождан – сіздің әрекеттеріңіз, күмәніңіз, бізде көңіл күйіңіз туралы ой». Ал психолог ғалымдар адамның жаман іс-әрекеттеріне тосқауыл болатын ар-ождан дейді. Францияның атақты жазушысы Виктор Гюго: «Жақсы болу оңай, ең қиыны – әділ болу. Ең мінсіз әділдік ол – ар-ождан» деп тұжырымдайды. Философ Ғарифолла Есімнің айтуынша: «Арлы адам, алдымен, құдайына қараған, құдай мақұлдамайтын іске бармайтын адам. Ар – әр адамның өз ісінің төрешісі», -деп айтады. Сондықтан, «ар-ұят» ұғымы кез келген ұлттың өмір сүру болмысында маңызды саналатын категориялардың бірі.

Адамның санасы заттарды, құбылыстарды, процестерді – прагматикалық, эстетикалық, адамгершілік және діни параметрлер бойынша бағалайды. Қоршаған әлемді бағалаудың стратегиялары өте алуан түрлі. Ал, адамды бағалауда айрықша орын алатын параметрлерінің бірі – адамгершілік, ар-ұят. Адамның сапалық өлшемі – ол ар. Ардың дүниеде көріну формалары әр қилы: ұят, ұждан, намыс, ынсап, мейірім, кісілік, жомарттық, ізгілік, парасаттылық ұғымдарымен тікелей байланысады.

Адамның өмір сүру болмысы басқа тірі жандылармен салыстырғанда өте жоғары. Қоғамдық өмірде саналы адам тәндік қажеттіліктен әлдеқайда кең, әлдеқайда терең әлемде өмір сүруді аңсайды. Ол – рухани әлем. Адамның өмір сүруінде екі әлем бар: биологиялық және рухани әлем. Биологиялық әлем адамның тәндік қажеттіліктерін ғана қанағаттандырса, рухани әлем – адамды мәңгіліктің аясында өмір сүруге шақыратын әлем. Биологиялық жағдай – ұрпақ жалғастыру, із-түссіз жоғалып кетпеудің кепілі. Өмір адам үшін белгілі бір мәнділікке ие болған кезде ғана өмір болып табылады. Адам күнделікті мұқтаждықпен ғана күн кеше алмайды, ол үнемі толғанады. Адам табиғаты шексіз, жан-жақты. Ол биологиялық дамуды ғана емес, қоғамдық, рухани дамуды да қажет етеді. Сондай адамның рухани дамуынан туған құндылықтардың бірі – ар-ұят. Арлы адам биік құндылықтарға қол созады. Ар адамның адами болмысын сақтап қалатын және оны өзгелермен қатар өмір сүру құқығын дәлелдейтін императив. «Ар-ұят» мәселесі философиялық ойдың даму тарихындағы ойшылдарды да ойландырмай кетпегені анық.

Ойшылдар өз дүниетанымында «ар-ұят» мәселесінің жеке адам мен тұлғаның, ұлт пен ұлыстың, қоғам мен мемлекеттің, жалпы, адамзат дамуындағы орны мен рөлі туралы, философиялық тұрғыдан жан-жақты ашып қарастыра отырып, адамзат өмірінде алатын орны мен маңызын айқындаған. Философиялық ойдың даму тарихында «ар-ұят» философиялық ұғым ретінде қалыптасып, оның болмыстық мәні жан-жақты таныла отырып, оны адамдықтың өлшемі, адам өміріндегі ең маңызды құндылық ретінде қарастырған. Сондықтан, ар-ұят құбылысы философиялық зерттеу алаңында

ұзақ жылдар бойы кеңінен қарастырылып келе жатқан этикалық ұғым.

Ар-ұят жеке тұлғаның әлеуметтік ортасында, қоғамда іс-әрекетінің моральдық талаптарға сәйкестенуімен, адамгершілік нормаларымен, адами құндылықтардың салтанат құруымен байланысады [55, 125-127 б.]. Қазіргі философиялық энциклопедияда осылай берілген анықтама ар-ұяттың адам өміріндегі қызметін айқындайды. Демек, ар адам баласының жақсылыққа ұмтылып, жамандықтан бойын аулақ ұстауы, ал адамгершілік болса адами құндылықтардың салтанат құруы, рухани жетілудің бастауы.

Қазақтың халық даналығы адам абыройын түсіретін моральдық принциптерді қатал айыптайды. Және керісінше, батырлық, патриотизм, төзімділік сияқты жағымды адамгершілік қасиеттер бағаланады. «Ер» түсінігі туралы мақалдар өте көп. Мысалы, «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді». Мыңжылдық тәжірибеден туындаған «Таспен ұрғанды, аспен ұр» деген даналықты айту үшін қазақ халқы небір қиын-қыстау күндерді бастан өткізді. Көшпендінің кең пейілділігі мен қонақжайлылығы мына мақалдан көрініс табады: «Кездескен адамыңды сыйла, мүмкін оны соңғы рет кездестірген шығарсың».

Осылайша, қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі адамгершілік-этикалық идеяларға жалпылама шолу жасаудың өзі Қазақстандағы этикалық ойдың халық даналығының тереңдігі таусылмас қайнар бұлағынан нәр алатын бай адамгершілік материалға негізделгенін көрсетеді. Қазақтың ақын-жыраулары ойдың асыл інжу-маржандарын осы мақал-мәтелдерден алып отырды. Көпғасырлық халық даналығы адамгершілік-этикалық идеяларға толы. Тарихтың бүкіл өн бойындағы өзара қатынастарды реттеп отыратын адамгершіліктің қарапайым нормалары бүкіл халықтың жинақтаған тәжірибесінің нәтижесі мен қорытындысы болып табылады.

Шәкәрімнің ар ілімінің мақсаты ішкі тазалыққа жету арқылы хақты тануға жол ашу. Ойшыл өз дүниетанымында ар-ұятты жоғарғы адамгершілік заңы, өмірлік норма, адамның моральдық өзін-өзі бағалауы ретінде таныды. Шәкәрімнің ар біліміне байланысты концептуалды көзқарастарының бірі «өлген жан өміріне нана алмай ұждан, жанға екі өміргеде бірдей керек таяныш екеніне нана алмаған кісінің жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір жол, заң тазарта алмайды», – деген ойында жатыр. Адам жүрегін тазалауда ешбір ғылым саласының, өнердің, заңның дәрменсіз екендігі, тек ар ілімінің орны айрықша екендігін көрсетеді. Ар өнер, білімнен де жоғары тұратын құндылық ретінде айқындайды. Адам бойында ар болмаса әр ісі зұлымдыққа бастап, адамшылыққа бастайтын әрекеттерді аяқ асты етпек. Ар адам өмірінде жанына мәңгі азық болатын, екі дүниегеде қажетті іс ретінде таниды.

Жанның екі өмірдегі азығы ол – ұждан. Адамдар арасындағы күншілдік, адамға жат әрекеттердің туындауы оның бойындағы арсыздық қасиеттердің басым болуымен тікелей байланысты. Адамның ар тазалығы оның өмірінде айрықша орын алмақ. Қазақ дүниетанымында Аяз би ізгілік, ар жолындағы адам деп қарастырылады. Мына үзіндіге назар аударайық: «...Баяғы өзінің жыртық тонымен жаман тымағын ордасының маңдайшасына шегелеп қойды.

Кейде хандықпен көңілі ауытқып, тура жолдан таяйын десе, тоны мен тымағына қарап: «Әй, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз, әліңді біл, құмырысқа жолыңды біл!» деп көңілін басушы еді». Аяз бидің тура жолдан таймағаны үшін оны ізгілік, ар жолындағы адам ретінде таниды. Аяз бидің ең жеңген асқақ кедергісі – тәкаппарлыққа берілмеуі. Оның ізгілігі, ар сақтауы шүкір, қанағат, тәуба секілді ұғымдар аясында анықталды [56, 18 б.].

Міне, Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы ізгілік, ар-ұят адамшылық мәселесінің алатын орнын осы ойдан-ақ байқауға болады. Өмірде адам баласы адамшылық әрекеттермен қатар хайуандық әрекеттерге де баруы мүмкін. Ал, адамның хайуаннан айырмашылығы оның ақыл-ойы, санасы емес пе? Ендеше, адам осынау өткінші өмірде өз бойына адамға ғана тән, адам үшін маңызды құндылықтарды ғана жинай білуі шарт. Ал, бойында ізгілік, ар-ұят, адамшылық қасиеттер болмаса, от оттап, су сулаған хайуаннан несі артық?! Осыдан барып «надандық», «надан адам» деген этикалық квазиұғымдардың пайда болатыны ақиқат.

Яғни, надандық екі жақты құрылымға ие. Біріншісі, жанның білім күйі екендігі және осы «болмыс күйімен» жанның білімге қарама-қарсы болуы. Демек,

мұндай надандық туралы айту үшін адамның жан дүниесінде білім бейнесі ғана емес, сонымен қатар білім бейнесіне қарама-қарсы суретке сену деген ұғымды бідіреді. Мысалы, адам адамның жанының өлмейтінін білмесе, бұл қарапайым надандық. Бірақ егер ол сондай-ақ, жан өледі деп ойласа және оған сенсе, ол да надандық. Өйткені оның жанның өлмейтіндігі туралы білімге қайшы келетін сенімі бар. Өйткені мұндай жағдайда адам өз жан дүниесінде бұл пән туралы білімге ие емес және осы пән бойынша білім түріне қарама-қарсы формаға сенеді. Ибн Синаның надандық теориясы психология мен логикаға, сондай-ақ, оның моральдық философиясына, яғни, бақытқа деген көзқарасына тікелей байланысты. Білім адамды кемелдік пен бақытқа жетелейтін негізгі фактор болғанымен, надандық – бұл кемелдік пен бақытқа жетудегі ең үлкен кедергілердің бірі деген тұжырымды Ибн Сина алға тартады [111, 1242 б.].

Ибн Синаның пікірінше, бақыт басқа әлемде өзінің шынайы мағынасын табатындықтан, білім мен надандық адамның мәңгілік өміріне тікелей әсер ететін қасиетке ие. Адам басқа әлемде бақытты немесе бақытсыз болады. Бақыт пен бақытсыздықтан басқа амал жоқ. Өзгергіштік – бұл бақыт пен бақытсыздық дәрежесі және олардың ұзақтығы. Сайып келгенде, адамның бақыты немесе бақытсыздығы – бұл шындықты немесе әлемде түсінікті нәрселерді білетіндігіне тікелей байланысты жағдай.

«Әл-Адхавия филь-меад» атты еңбегінде Ибн Сина – «әл-Ишарат» пен «әл-Тенбихатта» атты еңбектеріндегі жазбаларға сәйкес, жүйелі түрде – теориялық және практикалық немесе ғылыми-практикалық деңгейде өзін-өзі жүзеге асыру деңгейіне байланысты адам жанын және олардың басқа әлемдегі орнын жіктейді. Тиісінше, надандық адамның болашақ өмірін анықтайтын жалғыз фактор болмаса, өте маңызды фактор болып табылады. Бұл тіпті оның мәңгілік бақытсыздығының көзі бола алатын ұғымға әкеледі. Егер біз Ибн Синаның жіктелуіне мұқият қарасақ, онда бұл жағдай айқынырақ көрінеді. Ол өзінің аталған жұмысында жасаған классификациясы келесідей анықтама береді: «Құзыретті (мінсіз) және тазартылған (жоғары) жандар: бұл жандар теориялық және іс жүзінде құзыреттілікке қол жеткізеді. Басқаша айтқанда, бұл бір мезгілде заттардың ақиқатын білетін және адамгершілік тұрғыдан жетілуге жететін, яғни дене қажеттілігінен арылып, ізгіліктерге ие болатын жандар. Ибн Синаның айтуынша, «абсолютті бақытқа» қол жеткізген бұл адамдар ақыл мен адамгершілік қасиетіндегі ең озық нүктеге жеткен және осылайша басқа дүниелік бақыттың ең жоғары дәрежесіне ие жандар» [112, 63-67 бб.].

Құзыретті, бірақ тазартылмаған (жоғары емес) жандар: бұл теориялық тұрғыдан сауатты, бірақ практикалық тұрғыдан жетілмеген жандар. Бұл жандар әмбебап шындықтарды білсе де, олар моральдық жетілуге жете алмайды. Бұл жандардың моральдық жетілмегендігі олардың басқа әлемде абсолютті бақытқа жетуіне жол бермейді. Өйткені мұндай бақыт білімнен басқа жанның денеден және дененің уайымынан толық бөлінуін талап етеді. Олардың төмен моральдық құрылымы олардың басқа әлемде бақытты болуына жол бермейді. Алайда, бұл дене күтімі мен төмен мінез бұл жандар үшін маңызды емес болғандықтан, олар үнемі бақытсыз болмайды. Керісінше, олар осы дене уайымдары мен өзін-өзі

бағалаудың төмендігінен құтылу арқылы шынайы бақытқа қол жеткізеді.

Аяқталмаған (наки) және тазартылған жандар: бұл жандар теориялық тұрғыдан сауатты болмаса да, практикалық тұрғыдан сауатты. Басқаша айтқанда, бұл моральдық жетілуге жеткен, бірақ ғылыми жетілуге жетпеген жандар. Ибн Сина оларды бірнеше топта қарастырады:

а. Бұл топ осы әлемнің өмірінде өздерінің (теориялық) кемелдігі бар екенін білетіндерден тұрады, бірақ оған қол жеткізгісі келмейді. Мұндай құзыреттілікке жетуге ұмтылудан басқа, олар оны қабылдамайды, оған қарсы тұрады, тіпті шындыққа жанаспайтын нәрселерге сенеді. Оларды үнемі бақытсыздық күтеді.

б. Бұл топ сонымен қатар оны қажет етпейтін және мұндай кемелдікті толық білмейтін жандардан тұрады, өйткені олар бұл әлемнің өмірінде өздерінің кемелдігі бар екенін білмейді. Олар абсолютті бақытқа немесе абсолютті бақытсыздыққа жете алмайды. Дегенмен, бұл жандар басқа әлемде, тіпті белгілі бір деңгейде де, оларда бар білім дәрежесіне сәйкес бақыттың үлесін алады. Олардың бақытының себебі олардың моральдық жетілуінде. Яғни, адамдардың белгілі бір білім деңгейіне ие болуы, әсіресе «принциптер» туралы хабардар болуы.

Ал, екінші жағынан, бұл топқа кіретіндер – өз құрылымында өздерінің кемелділігі бар екенін білмейтін және бұл туралы ойлай алмайтын жандар, яғни, ақымақ (булх)және кәмелетке толмаған балалардың жандары. Олардың басқа әлемдегі жағдайы да алдыңғы топтың күйіне ұқсас.

Аяқталмаған және кірленбеген жандар: бұл теориялық және іс жүзінде жетілдірілмеген жандар. Басқаша айтқанда, бұл жандар шындықты білмейтін және моральдық жетілуге жетпеген жандар. Ибн Сина сонымен бірге бұл жандарды екі топқа бөледі:

Бірінші топ өздерінің кемелділігі бар екенін білетін, яғни олар мұны түсінетін, бірақ әлемдегі қажеттіліктерді қанағаттандырмайтын жандардан тұрады. Оларды басқа әлемде абсолютті бақытсыздық күтеді.

Екінші топ, керісінше, толық емес және тазартылмаған жандардан тұрады, олар өздерінің кемелділігі бар екенін түсінбейді. Олар мүлдем бақытсыз болмаса да, олар дене мүдделері мен жанның төмен құрылымына байланысты белгілі бір азапты бастан кешіреді. Көріп отырғаныңыздай, Ибн Сина басқа әлемде шынымен бақытсыз болатындар – бұл әлемде теориялық немесе ғылыми құзыреттілікке ие екенін білетін, бірақ оны мойындағысы келмейтін (қараңғылықта қалатын), оған қарсы тұратын және одан бас тартатын жандар деп санайды. Осы жерде келтірілген талдаулар арқылы ибн Синаның әл-Фараби ілімін рухани сабақтастықпен жалғастырып отырғанын, надандық құбылысын философиялық тұрғыда саралауға үлкен мән бергенін байқаймыз.

Түркілік дәстүрде және кейінгі қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында этизм, этикалық құндылықтар ұғымының баламасы ретінде ар-ождан ұғымы қолданылып келді, ол біздің руханиятымызда бұқара халықтың қоғамдық болмысы үшін өмір сүрудің негізгі тақырыбы ретінде ұсынылған [113, 35-36 б.]. Ал оның теориялық бастауларын әл-Фарабидің этикалық құндылықтарды жүйелеген еңбектерінен, парасаттылықты әспеттеген, надандықты сынаған

шығармашылығынан іздегеніміз жөнді. Әл-Фараби еңбектерімен тікелей таныс болмағанмен түркі ойшылдары оның ойларын барынша өрбіткені байқалды.

Түркі халықтарының философиясын дамытуға үлкен үлес қосқан ғұламалар қатарына Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Иасауи, Ахмет Иүгінеки, Сүлеймен Бақырғани және т.б. жатады. Қазақ халқының қалыптастырған рухани құндылықтар арасында ақын-жыраулардың рухани шығармашылығы да маңызды орын алады.

Біз бұл жерде белгілі философ О.А. Сегізбаев кезінде ұсынған қазақтардың ақындық шығармашылығының дамуы барысындағы үш кезеңге бөлген жіктелмеуін келтіреміз:

а) шартты түрде жыраулар дәуірі деп аталатын кезең (XV-XVIII ғасырдың бірінші жартысы);

ә) ақындық шығармашылық кезең (XVIII ғасырдың екінші жартысы – XIX ғасырдың бірінші жартысы);

б) ақындардың өзіндік сайысы – айтыстың пайда болуымен байланысты кезең (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы) [26, 120 б.].

Асан қайғы (XV ғ.), Қазтуған жырау (XV ғ.), Доспанбет жырау (XVI ғ.), Шалкиіз (1465-1560), Ақтамберді (1675-1768), Бұқар жырау (1668-1781), Шал ақын (1748-1819) және т.б. – өз дәуірінің, философиялық идеалдарын білдірген ойшылдардың бүтіндей бір шоғыры. Жыраулар мен ақындар өздерін толғандыратын мәңгі философиялық мәселелерді өз шығармаларында бейнелей отырып, орасан зор рухани күш жігерді өз бойларында қорытты. Надандықты сынға алу жоғарыда келтірілген түркі әлемінің ойшылдардың барлығының рухани мұрасында көрініс береді. Олардың барлығы надандыққа қарсы қоятын рухани күштің адам болмысында, әлеуметтік ортада бар екендігінде және оны үнемі жетілдіріп отыру қажеттілігін айтып өткенін байқаймыз. Түркілік дәстүр мен ислам дінінің құндылықтары аса көп қайшылыққа түспегені байқалды. Оның себебі этикалық нормалардың, категориялардың ұқсас деңгейде қабылдануда деген ойдамыз.

«Түркі және ислам өркениетінің дамуы тұрғысынан әл-Фарабидің этикалық ұстанымдарының айшықталуы» атты тараушада: түрік-ислам өркениетінің дамуы тұрғысынан әл-Фарабидің этикалық ұстанымдары жан-жақты талданады; Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық жүйесінің ең маңызды да іргелі элементі – Құдай ұғымы екендігі сараланады; әл-Фарабидің жан тағдырына қатысты мәселелері талқыланады; жаңа платонизмнің әсерін әл-Фарабидің теологиясында, метафизикасында немесе жалпы барлық этикалық философиялық көзқарастарынан байқауға болатындығы қарастырылады.

3.2 Әл-Фарабидің этикалық философиялық ойтанымының кейінгі тарихи кезеңдердегі рухани сабақтастығы

Ұлы дала ойшылдарының тәлім-тәрбиелік, рационалдық тарихында Шығыстың әл-Фарабимен ұқсас, үндес ойшыл-философы, бүкіл Шығыс

елдеріне танымал ғалым-энциклопедист, ірі мемлекет қайраткері, көрнекті ақын Жүсіп Баласағұнның есімі ерекше аталады. Оның «Құтты білік» атты еңбегі қоғамдық-әлеуметтік мәні бар түрлі ережелер мен заңдарды, әдет-ғұрыптарды, мәдениет және т.б. мәселелерді өз дәуірінің талап-тілектері тұрғысынан көрсете білген рухани мұра болып табылады. Бұл дастан идеялық жағынан имандылық, ізгілік рухында, тәлім-тәрбиелік, ғибраттық, өсиет-өнеге, нақыл сөздер түрінде жазылған философиялық, психологиялық және педагогикалық тұрғыдағы көркем туынды. «Құтты білік» дастанында ақын ақыл ойдың күші, білімнің адам өміріндегі пайдасы, ғылымның адамзат дамуындағы орны туралы ой толғап, өз замандастарына әлемді тану үшін терең білім қажет екендігін айтып, білімнің жан тазалығына, даналық пен бақытқа апарар жол екенін ұғындыруға ұмтылады.

«Құтты білік» дастанында имандылық, рухани-адамгершілік қасиет-сапалар, сонымен қатар тектілік, мейірімділік, достық тәрізді ұғымдардың мәні айқындалып, жалпы тәрбиенің, адамның өзін-өзі тәрбиелеуінің алатын орны нақты көрсетілген. Дастанда білім, ақылдың қасиеттері, жақсылық пен жамандық, адам бойындағы ізгі асыл қасиеттер туралы көп айтылады. Ж. Баласағұн адамгершілік сападағы кісілік қасиеттерді жоғары бағалай отырып, адамның «кісілік» арқылы ғана құрметке, сыйластыққа ие болатынын мына өлең жолдарында ашып көрсетеді:

Ұрпағыңның ұрпағына үлгі ет те –

Кісілікті кісілікпен құрметте!

Кісілікпен, ей, мәрт ерім, ұлы бол!

Кісілікке түсер содан ұлы жол.

Адамшылық жаса адамға, адам бол!

Адам атын мақтаныш қып адал бол! [114, 616 б.].

Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» дастанында патшалар мен уәзірлердің, хан сарайы қызметкерлері мен елшілердің, әскербасылары мен нөкерлердің, тәуіптер мен аспаздардың, диқандар мен малшылардың т.б. қоғам мүшелерінің мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқытары мен міндеттері қандай болу керектігін жеке-жеке баяндап шығады. Ақын мәселені әл-Фараби сияқты әмірші-патшаның өзінің қасиеттерінен бастайды. Ел-жұртты басқаратын адам – ақыл-парасаты ұшан-теңіз, ниеті түзу, сөзі шырын, білім мен өнерге жетік, қолы ашық, пейілі кең, жүзі жарқын, ешкімге кек сақтамайтын жан болуы шарт екенін айтады. Ел басқарған әкімдерді күншілдік, ашкөздік, сауық-сайранға құштарлық, қатыгездік, кекшілдік сияқты жаман қылықтардан сақтандырады [114, 36 б.]. Ал еңбектің мазмұнындағы отбасы, неке мәселесі, ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасы туралы өнегелі өсиеттер рухани-адамгершілік тәрбиенің негізі екендігі сөзсіз.

Адамгершілік, ар-ұят ұғымын түркі әлемінде «жәуәнмәрттілік» мағынасында қарастырған ойшылдардың бірі түркілік ғұлама – Жүсіп Баласағұн. Ойшыл «Өр секілді – ізгі іс, қиын шығуға, сұм нәрсе – ылди, оңай құлап құруға». Ізгілік жүрегі кең, адамшылдығы мол, парасатты, иманды адамдардың әрекеті деп таниды. Кісіге екі дүниеде пайдалы нәрсе ізгі іс, мінезі

түзулік. Екіншісі – ұят. Үшіншісі – әділдік. Бұл үшеуі арқылы адам шын бақыт табады» [114, 310 б.]. Жүсіп Баласағұн адам болып қалыптасу үшін үлкен моральдық талаптар қойған. Олардың ең бастылары, яғни адамгершілік, ар-ұяттың жоғалтпау екендігін өз шығармаларында дөп басып айтады. Ізгі кісі қандай қор болсын мен оның жолдасы болуға дайынмын деген ой айтады. Арды адамдықтың ең жоғарғы өлшемі ретінде тани отырып, адам бойындағы адамды адам етіп тұратын қасиеттердің бірі ретінде қарастырады. Ар адамның жүрегінде орныққан ең асыл қасиеті деп біледі. Ойшыл «жәуәнмәрттілік» сөзін жомарттық, қайырымдылық, кеңпейілділік, адамшылдық, ар деген қасиеттер жиынтығымен байланыстырады. Өз еңбектерінде адамның әділетті, ізгілікті, арлы болуын басты мәселе ретінде таниды. Ізгілік, ар құндылықтарын адам өмірінің түпқазығынан іздеді. Адамдықтың өлшемі ретінде ізгілік, ар-ұят, адамгершілік ұғымдарын қарастырды.

Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн шығармашаларында ел билеушіні анықтауда ойшылдардың ойларының бір арнаға тоғысып жатқандығын байқаймыз. Жүсіп Баласағұн дастанында «парасатты билеуші», «кемел қоғам» идеяларын біріңғай Фараби философиясымен байланыстыратын, соның әсеріне ықпал ететін көзқарастар басым болып келеді. Дастанда ол ең алдымен даналық, теориялық зерде туралы ой толғап, даналық табиғатын, оның ерекшелігін, туа біткен қабілеттер мен кейінгі білім жинақтаудағы адамның өз рөлі, таным үдерісінде ақиқатқа ұмтылу, т.б. мәселелер қарастырылады. Сондай-ақ, дастанда құт-берекемен, бақытқа өз адамгершілігін асыл етумен ғана жетуге болатынын ұқтырады [114, 38 б.].

Тағы бір ірі тарихи тұлға Мырза Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегінде ізгіліктік және ғылым этикасына сәйкес қырлары басты назарда болды. Дулати дүниетанымының мәдени-тарихи құндылықтарының да арнасы кең және маңызы терең. Бүгінгі таңда Мырза Хайдар сипаттаған көшпелі өміріміз бүгінгі таңда түбегейлі өзгерген. Дегенмен, рухани ойлау жүйеміз өзгермеді, Дулати заманындағы мәдени-тарихи құндылықтар күн өткен сайын бүгінгі ұрпақ тәрбиесі мен жалпы адамзаттың рухани дамуы үшін аса қажетті болуда. Нақтырақ тоқталсақ, біріншіден, Дулати көзқарасы, арман-мұраты мен қоғамдық-саяси, рухани мақсаты халық мәдениетінен нәр алады да, философиялық адамгершілік пен ізгілікке айрықша мән беретін Шығыс мәдениеті арқылы толықтырылды. Ең бастысы, ойшыл дүниетанымы қос мәдениеттің жалпыадамзаттық құндылықтары негізінде қалыптасып, адамдармен тығыз қарым-қатынаста болуымен және өмір теперішін көп көруімен ұшталып, кемелденді. Осы арқылы өзгенің өмірін толық түсініп, өзінің рухани ішкі «Менін» қалыптастыра алды. Ол «Хайдар» атына сай өмір сүрді, байлыққа қызықпай, ар-ожданын таза ұстап, жоғары абырой биігінде болды. Жер мен ел мүддесі үшін күрескен жауынгер сарбаздармен қоян-қолтық жүріп, ел-жұртының жай-жапсарын, мұң-мұқтажын біліп отырды. Яғни, ел басқаруға ұмтылған әрбір тұлға халық тағдырын өз тағдырым деп түсініп, оның талаптарына бей-жай қарамауға, бұқараның бақытты өмір сүруіне қажетті барлық жағдайды жасауға тырысуы тиіс. Әбу Насыр әл-Фарабидің мемлекет

басшысының туа біткен және өзі жеткен қасиеттері туралы ілімімен ұштасып жатқан бұл ұстанымның қазіргі заманда өзектілігі артып отырғаны еш күмән тудырмайды деп ойлаймыз [115, 614 б.].

Ұлы дала ойшылдарының бірі – Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» атты түсіндірме сөздігіндегі адамгершілік, ар-намыс, махаббат құндылықтарының ұлттық өрнектермен өрімдеген өрелі ойдың өрнегі екендігін де айтып кетпеске болмайды. Махмұт Қашғари бұл еңбегінде адам мен дүниенің, индивид пен әлемнің, жан мен тәннің, рух пен жүректің біртұтастығын түсіндіруді мақсат етеді. Сөздікте адамгершілік қағидалары, тәлімтәрбие, өсиет, ізгілік туралы ой-пікірлер айтылады. Мысалы, «Атасынан ақыл алса, тентек ұл да жөнделер», «Ұлысында ұлы болсаң, білімінді елге бер», «Ұлым, ақыл тыңдасаң, білімсіздік жоғалар, білім қалар артыңда, ғұмыр сырғып жоғалар» деген сияқты тағылымы терең, ғибраттық мәнді мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердің тәрбиелік мәні бүгінгі қоғамда да өз құндылығын жоғалтқан емес.

Ұлы даланың төсінде есімі ел есінде мәңгілікке сақталып қалған тұлғалардың бірі – Ахмед Йүгінеки. Адамгершілік тәрбиесінің руханилық қуатын ойшыл ғұламаның «адамгершілікке тәрбиелеу кодексі» деп бағаланған «Ақиқат сыйы» атты еңбегінен көреміз. Ахмед Йүгінеки бұл философиялық-этикалық еңбегінде адамдарды жомарттық, кішіпейілділікке, мейірімділікке шақырып, адамгершілік құндылықтардың әлеуметтік мәнін айқындаған. Ол жомарттық болған жерде алынбайтын асу, жылымайтын жүрек жоқ екенін айтып кеткен. Сонымен қатар Ахмед Йүгінеки адамдардың мінез-құлқын жақсарту арқылы ғана өмірді өзгертуге болатынын айтып, халық тілегімен санасатын көпшіл, қоғамшыл, мәдениетті, адамгершілігі мол тұлға өсіруді ата-ананың басты міндеті деп есептеген. Ақынның «Бақыт жолы білім арқылы білінеді», «Ойланып сөйлеген кісінің сөзі – сөздің асылы», «Тегі асыл адамның мінезі де сүйкімді, сүйкімді қылық көңілді еріксіз өзіне тартады», «Адамгершілік кімде болса, соны ер деп есепте», «Адамгершілік-үй, қарапайымдылық оның іргетасы сияқты», «Пайдасыз егес, орынсыз күлкіден сақтан», «Ұлым саған айтайын өсиетін дананың, білімдіні таны да, соңынан ер карағым!» деген ғибратты сөздерін адамның өзін-өзі тануына көмектесетін адамгершілік идеялары деп түсінуіміз ләзім. Бұл ұлағатты сөздер «Өзін өзі тану» сабақтарының дәйексөзі ретінде қолданылады. Оқыту әдістемесінде дәйексөз тақырыптың тереңдігін анықтау үшін беріледі. Өз кезегінде бұл сөздердің әр адам үшін пайдалы және құндылықтық тәрбиелік мәні бар сөздер болып саналады.

Төл тарихымыздың тағы бір терең тамырын XII ғасырда өмір сүрген ірі тұлға – Қожа Ахмет Яссауидің еңбектерінен табамыз. Ол «Диуани хикмет» («Даналық кітабы») атты еңбегінде рухани байлықты қоғамдық өмірдің дамуымен байланыстыра отырып, адам тәрбиесі туралы ережелерді қорытындылаған. Ойшыл ақын сабырлылық, ұстамдылық, қанағатшылдық, тәубешілік сияқты қасиеттер жан дүниесі таза, кемелденген адамға тән екенін айтқан. Қожа Ахмет Яссауи шығармасындағы сөз бен істе шыдамды, төзімді

болу, жақсы мен жаманды айыра білу, надандық, сараңдық, дүниеқұмарлық, жалған сөйлеп, имансыз болудан сақтану сияқты келелі мәселелер қазіргі жастар тәрбиесінде аса маңызды деп танылады [116, 34].

Қазақ халқының рухани мәдениетінде, дүниетанымдық көзқарастарында, адамгершілік туралы ой-пікірлерінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған ойшылдардың бірі – Асан Қайғының толғау, терме, афоризмдерінде тұрмыстіршіліктің түйінді мәселелері тілге тиек етіледі. Оның руханилығының негізі өмірде толып жатқан қайғы атаулыны, соның ішінде адам қасіретін терең сезінуімен ерекшеленеді. Асан Қайғының пайымында адам өмір жағдайына карамастан шынайы әрі әділетті болуы керек, ғайбат сөзден қорқуы керек. Ол халықтың санасында адам баласына тек жақсылық әкелетін жайлы мекен іздеген, мәңгілік бақ қонған «Жерұйықты» іздеуші атымен танылды. Сол сияқты Асан Қайғының адамды жақсы қасиеттерге, ізгі істерге жетелейтін тәрбиелік мәні бар, жастардың адами қарым-қатынаста айналасындағыларға сүйіспеншілікпен қарап, ешкімге қиянат жасамай әрдайым дұрыс әрекет етуге шақыратын мына өлеңінде адамдардың шығармашылық қабілетін дамытып қана қоймайды, ол сонымен қатар олардың бойында адамгершілік қасиеттерді жетілдіруге де септігін тигізеді.

Еділ бол да Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа,
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа,
Ердің құны болса да,
Алдыңа келіп қалған соң,
Қол қусырып барған соң,
Аса кеш те қоя бер,
Бұрынғыны қуыспа,
Өлетұғын тай үшін,
Көшетұғын сай үшін,
Әркімменен ұрыспа,
Ашу дұшпан артынан,
Түсіп кетсең қайтесің,
Түбі терең қуысқа!.. [117, 752 б.].

Ендеше, Асан Қайғының адам өмірін жақсарту, жақсылық жасау, қамқорлық таныту сияқты ізгілікті ойларының тәрбиелік мәні әрқашан өз биігінде рухани азық болып қала береді деп айта аламыз.

Адамгершілік қағидаларына негізделген тәрбие мәселесі жыр маржанын төгілген жыраулардың әдеби мұраларында көрініс тауып, жастарды елжандылыққа, рухы биік азаматтыққа тәрбиелеуге ықпал етті. Халқымыздың сан ғасырлық өмірін асыл сөзде бейнелеп көрсеткен жыраулар, атап айтқанда Қазтуған Сүйінішұлы, ерлік пен еркіндікті аңсаған жорықшы жырау Доспамбет, адамды жақсылыққа шақырып, жамандықтан бездірген, адал достықты дәріптеп, опасыздықты сынаған Шалкиіз Тіленшіұлы, «Күлдір де күлдір кісінетіп, күреңді мінер ме екеміз» деп халықтың бақытты өмірін армандаған Ақтамберді жырау

және өз халқының бірлігін, ынтымағын аңсаған Бұқар жыраулардың төл мұраларында туған жер, сыртқы жаулармен болған азаттық күрес, өз дәуірінің шындығы, ерлік, ел бірлігінің жырлануы жастарды елжандылыққа, рухы биік азаматтыққа тәрбиелейді.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің мол мұрасында өз халқының азаттығын, тәуелсіздігін аңсап, жастарды ерлікке үндеген Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, жақсы адам бойындағы қасиеттер мен жаман адам бойындағы кемшіліктерді қарама-қарсы қойып, адамгершілік ізгі қасиеттерді ардақтаған Сүйінбай Аронұлы, шығармаларында күрескерлік, жауынгерлік, азаматтық пафос басым Махамбет Өтемісұлы т.б. ұрпағына қалдырған асыл мұралары бүгінгі жастардың рухани игілігі және адамгершілік тәрбиесінің негізі болып табылады.

Ұлы Дала тарихында адамгершілік идеяларымен танымал болған тұлғалардың қатарында еліміздің бірлігінің, әділдік пен даналықтың, биік абырой мен адамилықтың қайталанбас нышанына айналған Төле би, Қазыбек би және Әйтеке бидің өнегеге толы өмір өрнектерін атап айту әбден орынды. Үш жүздің басын біріктіріп, халқының қамын ойлаған үш бидің арман тілектері болашақ ұрпағының адалдықта, жақсылықта, бейбіт заманда өмір сүруі десек, олардың бұл мақсаттары көбінесе туындаған дау-дамайды халықтың игілігіне шешуімен айқындалды.

Билердің тәлімдік ойлары, адамгершілік идеялары жастардың жан дүниесін, рухани әлемін байытатын даналық кілті деп танылады. Мәселен, Әйтеке бидің «Ақыл мен мінез – бірге туған егіз. Мінездің жаманы мен жақсысы – ақылдың жемісі. Жақсы адамның серігі – ақыл, қанағат, әдеп, төзім, сабыр, үміт, татулық, бірлік. Ер жігітке төзім – тірек, сабыр – қамал, ақыл – әл қуат, ар абырой – қазына, қанағат – асыл тас, бата – мұра, әдеп – сән, жалған сөз – дерт, ақиқат – ем, үміт – көңіл азығы. Өзіне жақсылық тілемейтін адам жоқ. Ал өзіңе жақсылық тілесен, өзгеге жамандық қылма! Айыптың үлкені – ізгілік жасай алмау емес, жамандық тілеу» деген аталы сөздері жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің қайнары десек те болады [117, 133 б.].

Билердің ұлағатты сөздері қоғамның тірегі саналатын қазіргі жастарды тәрбиелеуде қажетті даналық кілті бола алады. Сөйтіп, олардың рухани-адамгершілік тәрбиесін дамытуда Ұлы Дала ойшылдарының шығармашылыққа толы еңбектерінің маңызы зор екендігін көреміз. Қазақ философиясы негізінен поэтикалық формада көрініс тауып келді. Сонымен қатар қазақ философиясы этикалық негіздерден бастау алады, этикалық категорияларды даналық үлгісін қалыптастыру үшін қолданады. Ол туралы қазақстандық философ Т.Х. Ғабитовтың осы тақырып бойынша көптеген іргелі шығармаларын атап өтуге болады.

Адамзат тарихында адам баласы өмір сүрудің түрлі аспектілерін зерттеп, зерделеп, әлем философтары философиялық ой дүниесімен бөлісіп, түрлі тұжырымдамалар жасап келді. Адамзаттың өмір сүрудегі философиялық толғаныстары ұлғая келе, ғылым жолына бет бұрған тамаша ғалымдарын дүниеге әкелді. Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған, түркі әлеміндегі

философия ғылымына үлкен жаңалық әкелген тарихи тұлға Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармашылығын зерделеу әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай келеді. Керісінше, көптеген мәселелер зерттеу айналымына еніп, жылдан жылға нысандар аясы кеңейіп, құндылығы артып келеді.

Ізгілік пен парасатқа негізделген ақылдың кемел формасы – сау ақыл болған жерде надандыққа орын аз. Өйткені кемел ақыл надандықтың дұшпаны. Надандықтың адамдық асыл қасиетке көлеңке түсіретін құбылыс ретінде білімсіздік, қараңғылықтан нәр алмақ. Осы орайда Абай отыз сегізінші қара сөзі ойға оралады. Абай: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, содан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшіншісі – зұлымдық» [118, 123 б.].

Бірақ надандықтың тек білімсіздікпен ғана анықталмайды, надандар жоғары білімді, тіпті арнайы ғылыми дәрежесі бар адамдар ішінде де бар. Надандықтың адамшылық қасиеттің кемел формасы – кісіліктің антиподы. Бойында кісілігі аз немесе жоқ адамның надандығы басым болады. Кісілікті адамның жаны жомарт болмақ. Осы тұрғыда Абай: «Жомарт жанға адамның үш қасиеті тән, олар: ыстық қайрат, нұрлы ақыл және жылы жүрек», дейді. Наданда қайрат болуы мүмкін, бірақ ол ыстық емес, салқын; ақыл болуы әбден мүмкін, бірақ ол нұрлы емес, суық-мұз; наданның жүрегі жылы болуы мүмкін емес. Жүрегі жылы жан надандықтан іргесін алыстата бермек. Надандықтың бір көрінісі – мәңгірттік. Себебі наданда жылы жүрек болмаған соң, онда туған елге, тарихқа, мәдениетке, тілге, ата-анаға, бабаларына деген құрмет сезімі жоқ. Надан таза пайдадан өзгені көзіне ілмейді.

Осы хәлді Абай: «Естілер де ісіне қуанбай жүр, ел азды деп надандар мұңаймай жүр» немесе «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын» десе, енді бірде: «Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды» деп қапаланады. Тағы бірде Абай хакім: «Менсінбеуші ем наданды, өз-өзімді бек тұтып» деп көпшілікке ой тастаған. Сондай-ақ, Абай үшінші қара сөзінде былай келтіреді: «Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» [118, 8 б.].

Шәкәрім шығармаларында да надандық туралы кеңінен тарқатыла айтылады.

«Жар көрмеген надандар

Жарың кім деп күледі.

Оқыған ойсыз адамдар,

Жансыз өмір сүреді», [119, 246 б.].десе, тағы бірде:

«Кел, жастар, біз түрлі жол табалық,

Арам, айла, зорлықсыз мал табалық

Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік,
Бір білімді данышпан жан табалық.
Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,
Жалынарлық Абайға, жүр, барарлық» [119, 31б.] деп, жастарды надандықтан қашуға шақырады.

«Надандар төрт аяқты малға ұқсайды,
Қаңғырған тамақ іздеп аңға ұқсайды.
Өз бетімен табатын өнері жоқ,
Талапсыз өлі сүйек жанға ұқсайды», деп ақын надандықты малға теңейді.
[119, 36 б.].

Ақын, әдебиет зерттеушісі Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал» кітабына енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. «Масада» өзінің өміріндегі ең басты мақсаты ұйқыдағы халқын оятуға жұмсайды.

«Ұйқысын азда болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызыңдаса», десе
«Қазағым, елім,
Қайқайған белің,
Сынуға тұр таянып,
Талауда малың,
Қанауда жаның,
Аш көзіңді оянып,
Қанған жоқпа әлі ұйқың
Ұйықтайтын бар не сиқың!», - деп қазақтарды тағы да ұлттық жаңалану бағытында «оянуға» шақырады [120, 80 б.].

«Егіннің бастары» мысалында:
«Елде көп бұл бидайдай адам, - дейді,
Тәкаппар, оны халық, жаман, - дейді.
- Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның,
Тұтынба бұл мінезді, балам», - дейді
-деп санасы таяз тәкаппар надандардың болатынына қынжылып, сондай адамдардан бойын аулақ ұстауға ақыл кеңес береді.

«Маймыл мен көзілдірік» мысалында:
Алғанға бұл кеңесте ғибрат бар,
Маймылша іс ететін көп надандар.
Пайдалы затты орнына жұмсай алмай,
Сөгетін пайдасыз деп жоқ па адамдар?! [120, 88-89б.].

«Надандық» ұғымы сан қырлы, жан-жақты ұғым. Тек әдеби тұрғыдан емес, философиялық, тарихи, мәдени және әлеуметтік жағынан қарастыруға болатын әмбебап категория. Надандық ұғымын әлеуметтік тұрғыдан қарайтын болсақ, заманның құндылықтарына, сол кезде өмір сүрген ойшыл, қайраткерлердің шығармаларына қарап, қоғамның кейпін көреміз. Сол арқылы заманның заңдылықтарын, ой даму бағытын білеміз. Бұл халықтың сол кездегі хал-ахуалы мен тыныс-тіршілігінен хабар береді.

XX ғасыр басындағы ұлттық рухты дамыту, жаңғырту мәселесін көтерген қоғам қайраткері, ағартушы ақын, ойшыл-философ Ғұмар Қараш қазақ елін өркениетті елдердің қатарына қосып, мәдениетін көтеру, рухын ояту үшін халық ағарту жұмысынан басқа жол жоқ екенін түсініп, бар ғұмырын надандықпен, жалқаулықпен күресу жолына арнаған тұлға. Ағартушы ақын: «Қаның таза, сен олардан кем емес, Сен артықсын, олар саған тең емес», -деп халқына рух бере отырып, «Қай елдің ұлы, қызы болса надан. Сол елдің ырысы қайтып бағы сөнген. Қаруы бұл заманның ғылым, өнер. Еш құрал екеуіне қарсы келмес», -деп халқына ғылым мен өнердің мәнін тереңірек ұғындыруды мақсат еткені айтылады [121, 23 б.].

XX ғасыр басында көшпелі қазақ халқының ауыр халін көрген ойшыл ақын: «Көшпе халінде жүріп қазақ жұрты ешбір уақытта, өнерлі, білімді ел болмайды, білімсіз ел теңдік таппайды. Неге десең, ол ел надан болған соң пайдалы мен зиянды айырмайды. Өз халқын өзі сақтай алмайды – оған итте жау, құста жау, оның еншісіне душар өзара бөлінгендік, бәсеке, аралас отырған білімді жұртқа қол болу – жұтылу, ақыры діні, күнінен бірдей айырылып, сымпиып, құру, жоқ болудан басқа нәрсе тимейді» [121, 24 б.], - деп күйінді. Ұлтының келешегі үшін халық ағартудан басқа жол жоқ екенін, надандықпен, қараңғылықпен күресу керектігін түсініп, қысқа ғұмырын осы жолға арнады. Осылайша ұлттық сананы оятып, рухты жаңғыртуға күш салған, надандық, жалқаулық, тоғышарлық сияқты қазақ ұлтының бойындағы теріс мінез-құлықтарды өткір сынаған ойшыл ақын Ғ. Қараштың өлеңдері, шығармалары бүгінгі күні де рухты жаңғыртудың биік парадигмасы ретінде танылып отыр».

«Ғұмар Қараштың ұлттық рухты жаңғырту идеясы» деп аталатын ақынның мына өлең жолдарында надандық, жалқаулық құрсауында отырған қазақ халқының көрінісі былай сипатталады:

Жалқау жұрт кейін қалған қазақ халқы,

Өнер жоқ, білігі жоқ қазақ жарты

Қолданған өнерлері осы күнгі

Ойын ойнап, ішкі ішіп жасы қарты

Білмейді әдеп-әркін, дінін, күнін

Жоқ шығар хайуаннан ешбір парқы.

Қор қазақ, жалқау қазақ, надан қазақ», - деп өткір сынады. Немесе:

«Кәсіп жоқ, харекет жоқ, көзін сүзіп,

Келемеж қарлығашқа болған заман.

Кідіріп біздің қазақ қалып соңға

Басқалар асқан оң мен солдан заман» [121, 25 б.], - деп күйінді.

Әл-Фараби көтерген философиялық мәселелердің біршамасы жанама күйінде басқа халықтардың руханиятынан да орын алды. Мәселен, өзбек ойшылдарының шығармашылығынан да даналықтың маңыздылығын айқындаған ойлары көрініс тапты. Өзбекстанның белгілі қайраткері Абдурауф Фитрат (1884-1939) ғылымның көптеген салаларында еңбектенген ойшыл болды. Ғалым «Сайха» («Бонг»), «Үнді туристінің әңгімесі», «Батпырауық», «Шынайы махаббат», «Үнді диссонанстары», «Өзбек тілінің грамматикасы», «Чигатой әдебиеті» атты туындылардың авторы

[122, 525-538 бб.].

Фитраттың шығармаларында халықты надандық пен сауатсыздықтан құтқару, ғылымды көтермелеу, ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізу, халықтың өзіндік ерекшелігін тану, өзін-өзі танудың өсуі, күшті және дамыған мемлекеттің қалыптасуы, халықты тану, коммерциялық және кәсіпкерлік қызмет, ғылым жетістіктерін зерттеу сияқты идеялар ұсынылған. Оның жоғарыда аталған ұлтшылдық пен патриотизм рухына енген идеялары кәсіпкерліктің өркендеуінде, руханият пен ағартушылықта, ұлттық идеология мен дүниетанымдық бағдарларды қалыптастыруда, халықтың бірегейлігін түсінуде маңызды болып қала береді. Фитрат, әсіресе, надандық туралы ұғымның халықты, қоғамды нендей жағдайларға душар ететіндігін ерекше астарлап жазады. Надандықпен күрестің басты қаруы – ой дүниесінің өрісі, ақылдың алға шығуы [122, 525-538 бб.] деген ұғымды алға тартады.

Кейінгі дәуірдегі орыс философиясының өкілдері де адамның көптеген қасиеттерін айшықтаумен айналысты. Мәселен, Иван Ильин арды адамның өмір сүру болымысындағы ең маңызды қасиет ретінде зерделейді: «ар-ұждан адамның адамгершілік өзін-өзі бақылауды жүзеге асыра білу қабілетін сипаттайды, адамды өзге тіршілік иелерінен биік, бекзат етіп, қоғамды құтты ететін моральдық құндылық» [123, 82 б.]. Ойшыл арды адам бойындағы ең асыл құндылық ретінде қарастырды.

Философиядағы негізгі мәселелердің бірі, адам үшін ең қажетті, ең маңызды құндылық – адамгершілік, ар-ұят, ізгілік құндылықтары. Осы жерде В.Г. Белинский: «Адамгершілік, ар-ұят, ізгілік адам үшін бірінші орында болуы шарт, өйткені кез келген ғылым адамды белгілі бір маман болуға үйретсе, ал адамгершілік, ар-ұят, ізгілік ілімдері сені адам болуға бастайды», – деп ой тұжырымдайды [124, 51 б.]. Шыныменде адам үшін қай ғасырда өмір сүрсе де, қандай қоғамның мүшесі болса да оның болмысының баға жетпес құндылықтардың бірі ар-ұят ретінде зерделеуге болады.

Ал, Нина Арутюнованың ойы бойынша: «Ар-ұждан адам психикасының ең төменгі деңгейден жоғары деңгейге дейінгі барлық қабаттарын камтиды. Ол адамның индивидуалды, орны толмас және қайталанбас жеке қасиетін қалыптастыратын адамның «Меніне» енеді. Адам өмірінде, іс-әрекетінде басты орын алатын қасиет ретінде қарастырады [125, 57 б.]. Л.С. Лихачева ар туралы: «жеке тұлғаның рухани және эмоционалды әлемінде ар-ұжданның болуы, адамгершілік қасиеттердің жоғары екендігін куәландырады» Арды тек адамға қатысты түсінік ретінде анықтайды [126, 59 б.]. Игорь Кольной еңбегінде: «Ар-ұят адамның мәнін, адамдық болмысын сипаттайтын негізгі белгілердің бірі» Яғни, адам болмысының ең маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде таныған [127, 59 б.].

Абайтанушы Ғарифолла Есім: «Менің өмірден түйгенім, жаман адам болмайды, надан адам болады. Надандық дегеніміз, сірә, адамның ары оянбағандықтан болар. Арды оятатын қуат – адамның адамды аяу сезімі», дейді. Шын мәнінде надандықтың аса қауіпті екендігі жасырын емес. Осы орайда академик, надандық әлемге қасірет әкелетіндігін алға тартады: «Надандық

туралы әңгіме көп. Соның бірі – надандықтың емі жоқ дерт деген түсінік. Солай болуы мүмкін бе? Меніңше, емі жоқ дерт болмақ емес. Ол – сол дертті танып-білуге қатысты іс. Жоғарыда айтылғандай, адамның ары оянса, ол надандықтың пердесін сыпырып тастауға қауқары жетпей ме? Олай болса, надандықтан арылу мүмкіндігі үнемі адамның бар деген түйін жасайық. Тегі, адамның осы бағыттағы ой-өрісі құнарлы болмақ. Үйден шығатын есік жоқ деуге бола ма, егер де ол шын мәніндегі үй болса. Адам болып жаратылған соң, оның ары оянбауы мүмкін бе?» [128], деп түйіндейді.

Белгілі халқымыздың ойшылы Ғарифолла Есім «надандықтан аулақ адам бар ма?» деп сауал тастайды. Өз замандастарына сауал тастау, оған жауаптарды күту, олардың барлығын сыни ойлауға шақыру ел руханиятында Шәкәрімнен бастау алғандай. Оның атақты бес сауалы XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясын ойландырғаны белгілі. Ғарифолла Есім өз сауалына өзі нақты жауап береді және надандықтан ада бес түрлі адамдар бар деп келтіреді:

1. Сәбилер. Періштесі бар сәбилер надандықтан ада;
2. Туа біткен мүгедектер (ақыл-есі кемдер), оларды «жұмақтың перзенттері» деп атау – дәстүр. Туа ақыл-есі кем жанға надандық деген өлшем келмейді;
3. Пайғамбарлар, Жаратушының елшілері, олардың адамзат алдындағы миссиясын анықтаушы да – Жаратушы;
4. Әулиелер. Бұлар – періштеге қызмет етуші таза жандар. Олардың болмысындағы пенделік те көп талқысына түспегені ләзім;
5. Хакімдер. «Бұлар болмаса дүние ойран болады», – дейді Абай. Бұл – дәл айтылған сөз, ендеше, бұл жерден де надандық іздеудің қажеті жоқ». [128].

Әл-Фарабидің этикалық категориялар туралы терең мағыналы ойлары тарих қойнауында жасырын қалған жоқ және араб және түркі философиясында өзінің жалғасын тапты. Ортағасырлық ғұламаның қалдырған рухани мұрасы қазақ руханиятымен өзінің құндылықтық сипаттасынан жағынан алғанда толығымен сәйкес келді деуге болады.

Сонымен «әл-Фарабидің этикалық философиялық ойтанымының кейінгі тарихи кезеңдердегі рухани сабақтастығы» атты тараушада әл-Фараби дәуірінен қазіргі қоғамға дейін өзінің эволюциялық сипатын қалыптастырған надандық туралы түсініктердің кейбір қырлары мен адами қоғамға тиігізген зардаптары талданып, халық руханиятында орныққаны қарастырылады. Бұл бөлімде әл-Фарабиге дейінгі және кейінгі ойшылдардың тұжырымдары теориялық тұрғыдан зерделеніп, қазақтың дәстүрлі қоғамдағы данагөйлері, Абай мен Шәкәрім және кейінгі заманғы мамандардың шығармаларындағы ізгілік, адамшылық категорияларының қазақ руханиятында алатын орны және надандыққа қарама-қарсы күш екендігі айрықша көрсетілді. Сонымен қатар Өзбекстанның белгілі пәлсапашысы Абдурауф Фитраттың «Надандық» концепциясына берген тұжырымдамасы сараланады.

3.3 Әл-Фарабидің мұраларындағы даналық пен әділеттілік қағидаттарының надандыққа қарсы бағамдалуының заманауи кезеңге сәйкес дүниетанымдық маңызы

Әбу Насыр әл-Фараби білімге үлкен мән беріп, ғылымы дамымайтын елдің болашағы бұлыңғыр деп тұжырымдады. Әл-Фарабидің философиялық ойлары жалпыадамзаттық мәнге ие, сондай-ақ, Қазақстан үшін де аса маңызды. Әйгілі философ «Жан туралы» философиялық еңбегінде ғалымдардың әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту үшін бұрын-соңды болмаған қадамдарды ұсынады. Қазіргі таңда әл-Фарабидің ғылым туралы көптеген сөздері қанатты сөз тіркестеріне айналды. Мәселен, мына бір мысалды қарастырып көрсек. Сайф әл-Дауль есімді билеуші Әбу Насырды сарайға шақырып: «Ұстаз, мемлекетіміздің болашағы қандай?» - дегенде, әл-Фараби бірден: «Егер сіз болашақты білгіңіз келсе, маған жастық шағыңыз туралы айтыңыз», - деген екен.

Ұлы тәлімгер өскелең ұрпақты тәрбиелеудің маңыздылығын осылайша атап өтті: «Тепе-теңдікті қамтамасыз ету үшін әр мемлекет екі қанатқа сүйенуі керек: бірі – Денсаулық сақтау (медицина), екіншісі – білім. Егер медицина денені емдесе, онда білім – бұл рухани тағам». Сонымен қатар, рухани тамақ, яғни білім, әл-Фараби мен Шығыстың басқа ойшылдарының пікірінше, 7-8 жыл ішінде басталуы керек. Бұл жерде ақылға қонымды сұрақ туындайды: 6 жастан бастап балалардың бүгінгі оқуы қаншалықты негізделген? Біз оларды осылайша балалық шақтан айырамыз ба? Айтпақшы, кеңес мектептерінде 7 жастан бастап оқыту әл-Фарабидің ұсынысы бойынша енгізілді. Оқыту кезінде ол сендіруді қолдануды қажет деп санады және оқушыларын каллиграфия сияқты жаттығуларды қайталауға шақырды: «жазудағы ұзақ еңбекқор жаттығулардың нәтижесінде адам бұл өнерде жақсарады және оны неғұрлым ұзақ жасаса, соғұрлым ол күшейіп, жетілдіріледі» ойды білдіреді.

Осыған байланысты белгілі неміс ғалымы Гегель әл-Фарабидің өзі Аристотельдің «Физикасын» 40 рет, «Риториканы» 200 рет, ал «Жан туралы» 100 рет оқығанын атап өтеді. Әбу Насыр әл-Фараби тәлімгердің қандай этикалық қасиеттерге ие болуы керектігін өз мысалында былайша көрсеткен еді: «Мұғалімнің мінез-құлық нормасы – шамадан тыс қатаңдықты да, шамадан тыс жұмсақтықты да көрсетпеуі керек, өйткені қатаңдық оқушыны тәлімгерге қарсы қояды, ал жұмсақтық оның жеке басын құрметтемеуге, оның ілімін елемеуге әкеледі» [36, 26 б.]. Осы сөздерден мектеп қабырғасындағы қоғам руханиятын қалыптастырудағы алатын орны өте маңызды екенін аңғаруға болады. Өркениетті елдердің барлығы педагогтардың мәртебесіне зор маңыз береді. Өйткені надандықпен күрестің ұайнара бастауында отбасындағы тәрбие мен мектептегі білім беру үдерісі тұрады.

Қазақстан Республикасы мемлекеті өзінің білім беру саясатында ұлы түркілік ойшылдың білім мен ғылымның қоғамдағы маңыздылығы туралы ұстанымдарын жоғары бағалап, заманауи кезеңге сай бейімдеп, тиімді қолдануға

тырысады. Еліміздегі «Ғылым туралы» Заңның бірнеше рет толықтыруларға ұшырап, Республика Парламенті жаңа тарихи кезеңге сәйкес жаңарған мәтінін қабылдауға талпынып жатқаны да белгілі. Сонымен қатар орта мектептердегі тәрбие ісіне қатысты «мұғалімнің мәртебесі туралы» Заңның уақтылы қабылдануының нәтижесінде мұғалім әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан біршама қорғалды. Құжатта мұғалімдердің апта сайынғы жұмыс жүктемесін, сондай-ақ қағазбастылық пен есептердің барлық түрлерін азайтатын механизмдер қарастырылған екен [129]. Барлық үлкен істер осындай нақты қадамдардан басталады және ол білім беру сапасын арттырады деген ойдамыз. Біліммен қоса, адамгершілік үлгілері жас кезде тезірек қабылданады және ол надандықты жоюдың, онымен күресудің әмбебап механизмдерінің бірі.

Надандықтың әлеуметтегі көріністерін пайымдай келе қазіргі тарихи кезеңдегі кейбір сипаттамаларына тоқтала кеткенді жөн көрдік. Заманауи терминологиялық сөздіктерде надандық құбылысына үстірт анықтамалар кездесіп қалады екен. Мәселен, «надандық – бір нәрсе туралы білім мен ақпараттың жеткіліксіздігі. Ол толықтай немесе жартылай болуы мүмкін» деген уәж айтылады. Бұл жерде ақпараттың аздығы, білімнің жеткіліксіздігі пендені тікелей надандыққа апармайтынын айта алар едік. Қазіргі ақпараттар ағыны заманында ақпараттар өте көп, ал енді болашақта одан артық болмаса кем болмайды. Сондықтан адамның дүниетанымында, санасында олардың сандық тұрғыда жеткіліксіздігі әлеметтік субъектінің надандыққа жақындығын білдірмейді. Ақиқат туралы білім үнемі толығымен болады. Бұл үрдіс динамикалық тұрғыдан алғанда объективті құбылыс. Сондықтан жоғарыдағы анықтаманың тек күрделі құбылыстың бір қырын қамтып тұрғаны байқатады.

Отандық еркін зерттеуші Азиза Шужеева «Надандық несімен қауіпті?» деген тақырыпқа арнаған мақаласында адамның надандығын жоғары оқу орнынан алған дипломы қорғамайтындығын және білім жинақтаған азаматтардың барлығы надандық қақпанынан құтылып кете алады деп кепілдік беру мүмкін еместігін алға тартады [130]. Қоғамдағы надандықтың қауіптілігін бұқара халықтың байқамай қалатын тұстарына назар аудартады мақала авторы. Мәселен, қоғамдағы өзекті және өткір мәселелер бойынша сараптама жасайтын «псевдосараптамашылар» кейді өздерінің надандыққа толы қорытындыларын мемлекеттік органдарға, оқу және тәрбие орындарына ұсынуы мүмкін. Нәтижесінде қоғамда үлкен әлеуметтік кикілжіңдерге, қақтығыстарға алып баратын әрекеттер орын алуы мүмкін. Мәселен, газдың орынсыз күрт қымбаттауы 2022 жылдың қаңтарында Батыс облыстардағы халықтың наразылығын тудырып, бүкіл Қазақстанда саяси және экономикалық қатынастарға қатысты наразылыққа ұласқанын білеміз.

Ондаған жылдар бойы тиімсіз жиындар өтіп жатты және ЭКСПО, ЛРТ сияқты техникалық жобалар пайдадан гөрі үлкен қаражаттық шығындар әкелді, сонымен бірге кезінде көптеген заводтар мен фабрикалар мемлекеттік қаржының есебінен ашылып, бірақ жұмыс істеуі ұзаққа бармай жабылып қалып жатты. Желге ұшқан қаржыларға жауапкершілік болмағаннан кейін, сарапшылардың дайындаған сараптамалық құжаттарының өте үстірт және

сапалы болмағандықтан еліміз өзінің пәрменді дамуына қол жеткізе алмай жатқаны байқалып отыр. Осыларға бір сөзбен айтқанда тәуелсіздік кезеңіндегі интеллектуалдық ортадағы жасырын түрде «жемқорлық пен сыбайластықты» бүркемелеу, шындықты жария етпеу деп сипаттама бере саламыз.

Түп негізінде шықдықтың бүркемеленіп, айтылмай келуі бұл да надандықтың айқын белгілері және қоғамға қарсы жасалған әрекеттер деген категорияларға жататын дүниелер. Себебі, мемлекеттің экономикаға қажетті әрбір қаражатын, жинақтаған материалдық және рухани байлығын жауапкершілікпен сақтамау, оны тиімді пайдаланбау бір жағынан алғанда надандықтың көрінісі болса, екінші жағынан алғанда қылмыстың заманауи түрі деп бағалауға болатын дерек. Келесі ұрпақтың еншісіне тиісті көптеген әлеуметтік нысандар (мектептер, жатақханалар, стадиондар, ауруханалар және т.б.) кезінде салынбай қалғанының кесірінен заманауи кезеңде жас ұрпақ зардап шегуде. Міне, надандықтың осындай келбеті де бар.

Надандықтың кесірінен қоғамғы әлеумет қандай әлеуметтік зардаптарды шегуі мүмкін? Соған тоқтала кетелік. Атап айтқанда:

- еліміздегі әлеуметтік және экономикалық дамудың баяулауы. Өзінің надандығын қоғамда жасырын түрінде әр қилы салаларда (ғылымда, білімде, экономикада, мемлекет басқаруда, мәдениетте, технологияда, өнерде) бүркемелі түрде паш етіп жүрген азаматтар дамуға үлесін қоспайды, керісінше, оған кедергі болады. Сөйтіп, бұқаралық сананы алдаусырату арқылы өздерін нағыз отаншыл, шындық үшін күрескер образында көрсетуге ұмтылғандар дамуға кедергі жасаушылар. Олардың өзіндік тұлғалық, адамгершілік, руханилық келбеті өзінің жеке мүддесін күйттеудің шеңберінен артпайды, әлеуметтік органның сапалы өзгеруіне, дамуына ешқандай тиімді үлесі болмайды, әлеуметте прогресс баяулайды;

- жалған ақпараттардың таралуы. Надан адамдар көбейген сайын жалған ақпараттардың таралуы да көбейеді. Олар өздерінің надандығын көмкеріп, жасырып отыру үшін олар әлеуметтік ортада әр түрлі жалған ақпараттарды таратуға, өздері қабылдауға бейім тұрады, адамдардың назарын қосалқы «сенсацияларға» бұруға ұмтылады. Ал енді өркениетті елге тән сыни ойлау, креативтілік өкінішке орай алдыңғы қатарға шықпай қалуы жалған ақпараттардың тез таралуына себепкер болады. Жағымпаздық сияқты теріс қасиет шындықтың орнына жоғарғыға қолайлы пікірді білдірушілердің арасында кең барап келгені белгілі;

- әлеуметтік мәселелер. Надандық қоғамдағы теріс құбылыстардың көбеюіне алып келеді. Қылмыстың әр қилы түрлерінің таралуына түрткі болады. Мысалы, цифрлі технологияның күрт дамуы қоғамда қылмыстың жаңа түрлерін пайда болғызды. Енді жаңа технологияның көмегімен азаматтарға қаржылық нұқсан келтіретін алаяқтықтың заманауи түрлері шығып жатыр. Көп адамдар смартфондардың, компьютерлердің бала ағзасына зиян екенін жете түсінбегендіктен оларға өте жастай және көп уақыт беріп қоюдың салдарынан кейбіреулері көптеген дерттерге ұшырап жатыр;

- мүмкіндіктердің шектеулігі. Надандық қасиеттер ешкімге нағыз әмбебап,

толыққанды тұлға болуға мүмкіндік бермейді, ондай адамдар көбінесе қызғаншақ, өзімшіл болып келеді. Басқалардың жетістігі жандарына батады, қуаныштарын бөлісуге ұмтылмайды. Сондықтан надандық іштен шалатын нағыз теріс мағынадағы құбылыс екенін мойындап, әркім өзінің кемшілігін көре білу керек. Бастысы оны жеңуге тырысқаны абзал.

Қазіргі таңда жаһандық дәуірлеу, ақпараттар ағыны заманында әлеуметтегі, ғылымдағы жаңалықтар легі күнделікті өмірде қоғамдық сананы, ой жүйесін, адамның жан дүниесін біршама қыспаққа алады. Кейде әлеуметтік желілердегі, тіпті, телеарналардағы үстірт тақырыптарға, арзан ойын-күлкіге құралған бейнелер болмасын, бағдарламалар болмасын, надандықтың ұшқынын айқын көрсететіндей әсер қалдырады. Мәселен, күні кешегі уақытқа дейін зайырлы мемлекетте өмір сүріп келген Қазақстандағы азаматтары «мектеп оқушыларын арабтың ұлттық киімімен мектепке кіргізбейді» деген желеумен бас көтеріп, әртүрлі оқыс әрекеттерге барғанын жаңалықтардан білеміз. Діни мектеп пен зайырлы мектептің өзіндік айрмашылығын ажырату әрбір ел азаматының борышы екені анық. Осы мәселе көптеген аймақтарда өзектеніп отыр.

Жоғары кәсіби білім берудің қазіргі жаңа парадигмасы студент жастардың білімдік, рухани, зияткерлік, мәдени және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға, жеке даралық қабілеттіліктерін қолдауға, шынайы көрсете алуына мүмкіндік беретін оқыту мен тәрбиеге бағытталады. Жастар қоғамдық әлеуметтік өзгерістердің басты факторы, табысты, білімді ерекше әлеуметтік топ ретінде еліміздің өркендеуін қамтамасыз ететін күш болғандықтан бүгінгі таңда оларға берілетін адамгершілік тәрбиені рухани жаңғырумен сәйкестендіру қажеттігі туындайды. Қазіргі жастар кәсіби терең білімді, бәсекеге қабілетті, кісілігі биік, цифрлық сауаттылықты еркін меңгерген, әлем тілдерін білуге құштар, ақылойы толысқан кемел тұлға болып қалыптасуы қажет. Еліміз жастарға қоғамдық белсенді топтарының бірі және мемлекеттің стратегиялық ресурсы ретінде үлкен сенім артып, оларға мемлекеттік тапсырыс аясында және әлеуметтік қызмет көрсететін үкіметтік емес ұйымдар тарапынан жан-жақты көмек көрсету қарастырылған.

Адам баласының асыл армандарының бірі дүниеге ұрпақ әкеліп, келешек өмірді жалғастыратын өнегелі жастарды тәрбиелеу екендігі бек шындық. Халықтың өрен ойы мен тағылымды тәлімі тамыры тереңде жатқан рухани құндылықтармен тығыз байланысты. Рухани-адамгершілік тәрбие жеке адамның жан-жақты дамып жетілуіне бағытталған, жағымды мінез-құлықтағы адами тәртіп пен дағдыны қалыптастыратын гуманистік негіздегі жалпы тәрбиенің құрамдас бөлігі. Жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру түптеп келгенде халықтың өмір тәжірибесінен, ұлттық құндылықтардан бастау алады, сөйтіп, педагогикалық сипатқа ие болады.

Сол себепті студент жастарды қазіргі рухани жаңғыру жағдайындағы адамгершілікке тәрбиелеуде Ұлы дала ойшылдарының асыл мұраларының орны ерекше. Халқымыздың ұрпақ тәрбиесі туралы қордалаған рухани мұрасы тарихта болған ойшылдардың философиялық көзқарастарының, даналық сөздерінің, салиқалы ой-пікірлерінің негізінде дамып қалыптасты және олар

адамгершілік идеяларына бағытталып, ыарлық кезеңдерде ұрпағының жақсы адам болуын нысана тұтты.

Адамзат қоғамы қаншалықты дами берсін, бүгінгі ақпараттық технология үстемдік құрған ғасырда да ізгілік, адамгершілік, қайырымдылық әлеуметтік ортаның тереңдігін айқындап, мемлекеттің болашағын шешетін құндылық ретінде өзінің тарихтан бері келе жатқан орнын сақтап қала бермек. Алаш зиялысы Жүсіпбек Аймауытов жазып кеткендей, «Мәдениет жүзінде адам баласы құс болып ұшып, балық болып жүзіп, алысты жуық болдыруды анық қалап отырса да, бірін-бірі өлтіруі, зорлығы қиянаты қалмай отыр. Неге? Адам тәрбиенің құлы болуға жетпей, әлі күнгі табиғаттың құлы болып жүргендігі. Адам баласы табиғатқа қашан құл болудан құтылады? Сананы ақылға билетіп жалпы жұрт жақсы тәрбиелі болғанда құтылмақ. Адамшылықтың тарихына көз жүгіртсек, өмір жүзінен мысал қарастырсақ, атақты данышпандардың пікірін, сөзін байқасақ тәрбие адамды бұзуы, түзеуі көрінеді [131, 304 б.].

«Нағыз надандық – бұл білімнің жоқтығы емес, оны алудан бас тарту фактісі» деген австриялық философ және профессор Карл Поппердің дәйексөзі қай заманда да өзектілігін жоғалтпай келеді. Философиядағы бұл ұғым білімнің жетіспеушілігі ретінде қарастырылады. Надан адам салдары туралы ойланбастан тек түйсігіне сүйеніп әрекет етеді. Білім объектіге және субъектіге қатысты біздің ойларымыздан туындайды. Жалпы еліміздегі жоғары білім саласындағы әл-Фараби мұрасын тиімді игеру үлкен және маңызды мәселе.

Қазіргі заман талаптарына сай ойшылдың терең философиялық идеяларын студент жастарға жеткізе біліу қадамдары әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университетінде 2014 жылдан бастап мықтап қолға алынғаны белгілі. Бұл маңызды іске университет профессорлары Г.Ж. Нұрышева, А.С. Сырғақбаева, Ж.А. Алтаев және А.Д. Құрманалиева, ғылыми-зерттеу институт ғалымдары – Ғ.Қ. Құрманғалиева, Н.Л. Сейтахметова және т.б. қатысып келді. Әсіресе, «әл-Фараби және қазіргі заман: оқу құралы». Алматы: Қазақ университеті, 2014.- 221б. [132] атты арнайы оқу құралының әл-Фараби даналығын игеруде жас мамандарға, студенттерге үлкен әдістемелік көмегі тиді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ауқымында сол жылдары жүзеге асырыла бастаған «Smart Citi» жобасы әл-Фараби мұрасын игеруде үлкен нәтижелер әкелді. Сөйтіп, алғашқы рет теориялық білімді жоғары оқу орындарында практикалық мағынада қолданудың үлгісі дәлелденді.

Ал қазақтың тағы бір ірі тұлғасы, танымал ғалым А. Машани: «Абай қара сөздері ғылыми ойға, философиялық толғамға тұнып тұр ғой. Осыларды жете талдап көрер болсақ, әл-Фараби ілімінің ізін Абай шығармаларының бәрінен кезіктіре едік. Алдымен ақын, сосын музыкант, ақырында дүниежүзіне философ ретінде танылған әл-Фарабидің аспантаным, математика, медицина, сәулет, механика, физика, оптика салаларындағы құнды еңбектерімен көпшілігіміз таныс емеспіз. Сондай-ақ, табиғаттанудағы әл-Фарабидің басты еңбегі «Табиғат тағылымы» («Табиғат матбуғат») идеясы Абай шығармаларында кеңінен айтылатындығын Ақаң кітапта екі алыпты жалғастырап желі етіп тартуы тегін емес. Мәселен, әл-Фараби: «Ғалымның көркі

– оның иесін танудың жолы» екендігін ескертсе, Абай «Жер жүзін бе- зендірген Тәңірім шебер», - деп ғалам иесіне тәубе келтіреді. Немесе бабаның «Әр адамның ғаламда орны бар» деген тұжырымын Абай: «Сен де бір кірпіш дүниеге», - деп анықтай түседі», - дейді құнды еңбегінде [133, 216 б.].

Ұлы дала ойшылдарының еңбектерінде айтылған кемеңгерлік ой-пікірлердің өнегелік сипаты, рухани-адамгершілік тереңдігі қазіргі замандағы жоғары оқу орындарында білімденуші студент жастардың тәрбиесіне негіз болатын құндылықтар екендігі сөзсіз. Жастардың рухани мәдениеттің жаңғыруын ұлттық әдеби мұраларға деген қызығушылық пен құрмет тұрғысында түсінуі олардың бойында өз халқына деген мақтаныш сезімдерін ұялатады. Жастардың өмірге бейімделуінде, өзінің болашағын болжай алуында, тұлғалық қалыптасуында өзінің құндылығын жоймай келе жатқан Ұлы дала ойшылдарының тағылымы терең тәрбиелік мәнді туындыларының орны ерекше болуы да осыдан.

Шын мәнісінде, ғылымның басты мақсаты – адамның рухани әлеуетін айқындау, қалыптастыру жолдарын талдау, түсіну және бағалау. Жалпыадамзаттық игіліктер мен ұлттық құндылықтарға негізделген Рухани қоғам құру мәдени және саяси көшбасшылардың міндеті екені белгілі. Осы мақсаттар үшін этностың рухани негіздері мен жоғары мақсаттарын нығайтатын ұлттық идея қажет. Ол кедейлікті жоюды, жалпыға бірдей бастауыш білім беруді қамтамасыз етуді және ана денсаулығын жақсартуды қамтиды.

Рухани қоғамның қалыптасуы әлеуметтік мотивацияны қамтамасыз етуге бағытталған шараларды іске асыру үшін қажетті ғылым мен құндылықтарға негізделген жолдарды зерттеумен анықталады. Сауаттылық пен академиялық жетістіктердің жоғары деңгейінің сақталуына қарамастан, елдің даму деңгейі жаңа дағдылар мен жаңа ойлау тәсілдерін талап етеді. Қарым-қатынас пен білім өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыратын прогрестің қозғаушы күші болып табылады. Олар адамдарға жаңа және сенімді даму мүмкіндіктерін ұсынады.

Ғылымға толық қол жеткізе алмайтын, ғылым жаңалықтарын қолдана алмайтын ұлт өзін шектеп, надандықтан құтылу мүмкіндігінен айырады. Дүниетанымның бөлшектенуі, гуманистік құндылықтар мен идеалдардың нигилизмі, енжарлық, әртүрлі келеңсіз жайттардың орын алуы осы процестің теріс салдары екені анық. Надандықтың алдын алудың сенімді құралы – адамдардың шынайы құндылықтарын, олардың рухани негіздерін зерттеу. Әл-Фарабидің идеяларына сүйене отырып, оқу бағдарламаларын қайта қараған жөн, сонымен бірге жастар дискурсын жеке әлеуметтік сәйкестік ретінде елестету үшін руханиятты оңтайландыру жолдарын табу маңызды.

Сонымен қатар, әл-Фараби өзінің философиясына уақытша өлшемді, атап айтқанда, жасқа байланысты өзгерістер мен тиісті қабылдаулардың сипаттамаларын енгізеді. Сондықтан біз студенттердің надандыққа және оның адамның өмірлік жетістігіне әсеріне қатысты ұстанымын ашуды шештік. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың барлық біліктілікті арттыру курстарының екі жүз алпыс сегіз студенті гуманитарлық факультеттің сегіз мамандығы бойынша сұхбат алды. Зерттеу нәтижесінде, студенттер «Надандықты болдырмау үшін

қандай факторларды ескеру керек?» деген маңызды сұраққа жауап іздеді. Әлеуметтік зерттеу нәтижелері 1-кестеде келтірілген.

*Кесте 1. Қазақстандық респонденттердің жауаптарының нәтижелері:
«Надандықты болдырмау үшін қандай факторларды ескеру керек?»*

Қажетті жеке қасиеттер	Бірінші курс	Екінші курс	Үшінші курс	Төртінші курс
Дағдылар мен дарын	5.0	7.7	41.94	17.4
Рухани көзқарастар	1.0	3.8	5.38	0
Байланыс қабілеті	8.0	2.5	10.75	21.7
Бейімделу дағдылары	7.0	13.5	3.23	26.1
Сәттілік пен табысты болу	10.0	1.9	4.3	4.3
Ата-анаға қамқор болу	3.0	3.8	2.15	0
Қажетті адамдармен байланыс орнату	23.0	19.2	9.68	0
Жақсы білім	9.0	9.6	15.05	13.0
Еңбекқорлық	13.0	11.5	7.53	17.4
Компьютерлік сауаттылық	21.0	3.8	0	0

Қазақстандық студенттер надандықты болдырмауға көмектесетін факторлар туралы сұраққа жауаптарды мұқият тұжырымдайды. Олар надандықты жеңудің кепілі ретінде компьютерлік сауаттылықтан гөрі рухани құндылықтың маңызы зор екенін анықтайды. Жастардың рухани көзқарастарын талдау қазіргі және болашақ қоғамның мәдени даму бағыттарын болжауға мүмкіндік беретіні анық. Студенттер қауымы надандық сананы хаотикалық және бұрмаланған идеялардың көп болуының салдары деп түсінеді, бұл толық әлеуметтену процесін қиындатады және ұрпақтардың мәдени сабақтастығына және дәстүрлі жалпыадамзаттық құндылықтарды игеруге кедергі келтіреді. Соңғы он жылда адамдардың санасынан орын алған құндылықтық бағдарлары рухани-адамгершіліктен гөрі тұтынушылық бағдарларға түбегейлі бет бұрып, құндылықтық диссонанс жағдайына ауысты.

I. Адам өміріне деген тұтынушылық қатынастың ерекшеліктерін ескере отырып, көпшіліктің қоғамдық санасында индивидуализмнің басымдықтық таныта бастағандығынан айқын байқауға болады. Құндылықтық көзқарастар өзгерді, егер бұрын «жолдасыңды жауға берме» деген сөздер басым болса, ендігі кезде «әркім өзі үшін» және «өз көйлегің өзіңе жақын» деген жалау ұрандар алға шыға бастағаны байқаймыз. Әрине, қоғамда өзінің азаматтық деңгейін биік ұстап жүрген азаматтардың мол екенін ескерте кету керек.

II. Жаңа адам – еңбексіз мал табуды барынша игеруге тырысып келеді. Егер бұрын «Бейбітшілік, адал еңбек, жауапкершілік» басты мұрат болса, қазіргі таңда «еңбек етпей, оңай ақшаға қол жеткіз» деген жалған ұрандар кейбір азаматтар үшін негізгі бағдар болып келеді. Кейбір адамдар көп күш жұмсамай-ақ көп ақша алып, өз рақатымен өмір сүруге болатынына сенеді. Бұл бұқаралық сананың кейбір жаңсақ бағдарларына жататын өзіндік әлеуметтік ахуал және осындай түсініктерден құралатын надандық құбылысы әзірге өміршең.

III. Ақша құндылық ретінде барлық уақытта бағаланды. Қазіргі таңда оларға деген ерекше көзқарас қалыптасып келе жатқаны белгілі. Рухани құндылықтар әрқашан өркениетті қоғамда материалдық құндылықтардан жоғары болады. Бірақ соңғы онжылдықта жағдай күрт өзгерді. Нарықтың Батыс моделінің келуімен әлеуметтік өмірде капиталдың маңызы күрт өсті, ал ақша қазір адамдар арасындағы барлық деңгейдегі қарым-қатынастың негізгі өлшеміне айналды. Адамаралық қатынастар руханилық тұрғысынан алғанда біршама жұтаңданды [134, 280 б.].

Қазіргі өмір сүру жағдайлары бізден балаларды тәрбиелеуге, өз денсаулығымыз үшін және жақындарымыздың денсаулығы үшін күресуге, тұрғын үй-коммуналдық құрылымдарға және т.б. салатын ақшаның болуын талап етеді. Сонымен қатар, қажетті қаражат табу үшін этикалық принциптерден аттап өтуге де баратын кездер болады. Нарықтың жаңа жағдайларына бейімделе алмаған адамдар көбінесе техникалық ескірген жабдықта төмен жалақымен жұмыс істеуге мәжбүр болады. Міне сондықтан осындай әлеуметтік теңсіздікті түзеу арқылы әлеуметтік әділеттілік негіздерін орнатуға қадамдар жасаймыз.

IV. Мәдениет және антимәдениет индивидуализм рухында тәрбиеленген және еңбек етуден қашатын адам. Мәдениетті есте сақтау, рухани дамыған болу үшін бүгінде ақша қажет. Олар білім беруді жалғастыру, жайлы өмір сүру, жақсы әдебиеттер сатып алу, театрлар мен мұражайларға бару, танымдық саяхаттар жасау үшін қажет. Материалдық кедейлік рухани кедейлікке әкеледі. Бүгінгі күні бірдеңесі бар және Жоғалтатын нәрсесі бар адамдар, ең болмағанда, олардың қауіпсіздігі үшін, адамдардағы руханият пен адамгершіліктің жоғары деңгейде сақталуына көбірек алаңдауы керек. Қазіргі «мораль өмірдің материалдық жағдайларына байланысты өзгереді» деген сөз тіркесінің қолданысқа сіңіп кеткені бекер емес. Әлеуметтік қажеттіліктерге өте мұқтаж адамдар бәріне барады. Қазір адамдардың біршамасында жасырын (латентті) наразылық артып келетінін атап өткен жөн. Оны үйлесімді күйге жеткізудің негізгі тетегі демократиялық құндылықтарды барынша күнделікті өмір салтына орнықтыру болып келеді.

V. Адамның білімге деген құштарлығы бұрынғыдан да қатты. Адамдар білімсіз жақсы жұмыс таба алмайтынын түсінді. Дегенмен, мұнда да бізде бірқатар мәселелер бар. Біріншісі: ЖОО-лар мен гимназияларда ақылы оқуды таңдауды қалдырады, бұл жолмен білімге жету әркімнің қолынан келе бермейді. Екіншісі – институтқа түсу кезінде оқытушылардың пара алуы дерек кездеседі. Үшіншіден, жоғары оқу орнынан білікті мамандарды дайындап шығарудағы үстірттікке жол берілу қаупі бар [135, 368 б.].

Ұлы дала ойшылдарының еңбектерінде айтылған кемеңгерлік ой-

пікірлердің өнегелік сипаты, рухани-адамгершілік тереңдігі қазіргі замандағы жоғары оқу орындарында білімденуші студент жастардың тәрбиесіне негіз болатын құндылықтар екендігі сөзсіз. Жастардың рухани мәдениеттің жаңғыруын ұлттық әдеби мұраларға деген қызығушылық пен құрмет тұрғысында түсінуі олардың бойында өз халқына деген мақтаныш сезімдерін ұялатады. Жастардың өмірге бейімделуінде, өзінің болашағын болжай алуында, тұлғалық қалыптасуында өзінің құндылығын жоймай келе жатқан Ұлы дала ойшылдарының тағылымы терең тәрбиелік мәнді туындыларының орны ерекше болуы да осыдан.

Қоғамдағы тәрбиенің рөлін айқындай отырып белігілі шығыстанушы Әбсаттар Дербісәлі: «Жаратушыдан үміті бар, санасы имандылыққа бет бұрған кез-келген адам тән тазалығымен қатар, руханилықтың жоғары биігінде болуы тиіс. Зиялылық, тектілік пен тазалық, өз Отанын қалтқысыз сүю қасиеттерін бойына сіңірген, елінің келешегі үшін алаңдауы қажет. Болашақ жастарымызды да ұлты мен халқының текті тұлғасы болатын рухта тәрбиелеуіміз қажет» деген еді [136, 336.].

Қоғамның негізі, болашағы ұлттық тәрбиеге тәуелді, ұлттық тәрбие болмаса қоғамдық ортада кісілік қалыптаспайды. Кісілігі жоқ қоғам мемлекетке, оның болашағы ұрпаққа қажетті құндылықтарды бере алмайды, бұндай орта тарихтың бойындағы рухани дүниелерді кейінгі уақытқа жеткізуге, мемлекет мүддесін қорғауға қабілетсіз келеді. Сондықтан да өркениетті мемлекеттің бет-бейнесі оның мәдениеті, әлеуметтік ортада адам бойында кісілік қасиеттердің орын алуымен көрінеді. Әл-Фараби жазып кеткендей, мемлекеттің рухын қоғамдағы адамгершілік, қайырымдылық, әділеттілік, шынайылық, тұрақтылық, ізгілік көтереді, рухани құндылықтары ғана сақтай алады.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі өнеге мен өсиетке негізделген нақыл сөздер, тәрбиелік иірімдер ұлттық келбет пен ұлттық мінезден туындап отырған. Бұл дәстүр ата-бабаларымыздың сара жолы, болашақ ұрпағына қалдырып кеткен аманаты және ұлттық мұраты, адамгершілік тәрбиесінде халық тәжірибесінің, дала даналарының ой-пікірлерінің орны ерекше болуы да осыдан.

Сонымен соңғы тараушада: әл-Фарабидің надандық концепциясындағы тұжырымдамалардың қазіргі замандағы маңызы жан-жақты талданды; әл-Фарабидің мұраларындағы даналықты жаңғыртудың заманауи кезең үшін маңызды аспектілері қарастырылады; қоғамда орын алып жатқан надандықтың адамдарға тигізер зардаптары сараланып, оны шешудің тиімді жолдары ұсынылады; заманауи кезеңдегі надандықпен күресудің айрықша тәсілдері айшықталады және қазіргі таңда надандық ұғымына деген студенттердің көзқарасын білу үшін анкеталық талдау жүргізіледі, респонденттердің жауаптары сараптаудан өткізіледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Заманауи кезеңдегі ғалымдарға болашақ ұрпақ үшін әл-Фараби бабамыздың жасаған барлық еңбектерін ғылыми зерделеу және оны қорғау құрметті міндеті жүктелген. Ғұлама барлық ғұмырында адам баласының өмір сүруінің түрлі қырларын зерттеп, зерделеп, әлем философтарына ұсынды және өзінің ой дүниесімен бөлісіп, түрлі тұжырымдамалар жасап келді. Адамзаттың рухани және әлеуметтік дамуы толастамайды және соның арқасында ғылым жолына бет бұрған тамаша ғалымдарын дүниеге әкелді. Бүкіл әлем тарихындағы философия саласына үлкен жаңалық қосқан тарихи тұлға Әбу Насыр әл-Фарабидің зерттеулері әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай келеді. Керісінше, көптеген ізденушілердің зерттеу нысаны болып, жылдан жылға зерттеу аясы кеңейіп, құндылығы артып келеді.

Диссертациялық жұмыста әл-Фарабидің этикалық философиясындағы надандық мәселесінің ашылмаған және әлі зерттелмеген айырықша маңызды аспектілері зерттелді. Зерттеу барысында Платонның эманация жайындағы ілімі, Аристотельдің потенциалды және әрекетшіл туралы ілімі, әл-Фарабидің қайырымды қала туралы ілімі жан-жақты адам кемелділігінің қалыптасуы тұрғысынан талданды. Сонымен қатар, көпғасырлық халық даналығындағы, исламдағы адамгершілік-этикалық идеяларға сараптаулар жасалды. Түркі және қазақ философиясында эволюциялық жолмен сабақтасып отырған даналық үлгілерінің негіздері бағамдалып, Шығыс діліне сәйкес келетін дүниені поэтикалық рухани игерудің надандықпен күрестегі маңызды аспектілері қарастырылды. Әбу Насыр әл-Фарабидің қоғамды айқын және дәлелді принциптерге негізделген саяси құрылым ретінде қарастырудың сипаты ашылып, идеалды саяси қоғамның моделін ұсынуға тырысқан әлемдегі алғашқы философ екені дәлелденді.

Өркениеттілікке, әділеттілікке ұмтылғын мемлекет өз азаматтары үшін әрқайсысының шынайы қабілеттерін толығынан көрсете алатындай жағдай жасауы керек. Кезінде әл-Фараби бақыттың табиғаты туралы қызықты идеялар ұсынды. Ол бақытқа жету өмірдегі теориялық және практикалық қызметтің бірлігінде екенін көрсетті. Сонымен бірге ол бақыттың адамдардың бірлігі арқылы, дәлірек айтсақ, қоғам контекстінде қол жеткізу мүмкіндігін атап өтті. Ол мінсіз мемлекеттік құрылыстың қажеттілігін ең жоғарғы басшының, жоғарғы идеалды судьяның әділ және адал болуымен байланыстырды.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің теориялық қорытындыларынан кейін әлеуметтік-практикалық салада надандықты еңсеруге тиімді қолдануға байланысты мынандай нақты ұсыныстар беріледі:

- қазіргі қоғамда ұлттық интеллигенция өкілдерінің стихиялық түрде белең алған кейбір надандықтың салдарларын жою үшін дәстүрлі және электронды бұқаралық ақпарат құралдарындағы белсенділігін арттыру тиімді;
- надандықпен күрестің ерекше және әмбебап тәсілі ретінде тарихта қордаланған халықтың рухани құндылықтарын дәріптеу, азаматтардың саяси және құқықтық сананың құрылымын нығайту сияқты қадамдар орынды;

- әлеуметпен тікелей байланыс орнату, яғни телеарналарда рухани бағыттағы бағдарламалар мен басылым беттеріне әдебиетті, мәдениетті, өнер мен ғылымды кеңінен насихаттайтын нақты бағдарламалар қажет және адамаралық қатынастың озық үлгілері насихатталғаны абзал;

- әл-Фарабидің «Қайырымды қала» іліміне сүйеніп, жоғары оқу орындарында даналық ілімін насихаттайтын, надандықтан алшақ болуға әдістемелік бағдар беретін оқулық пен оқу құралдарын шығару өнімді, білім берудің сапасын көтеру және сыни ойлау қағидаттарын нығайту орынды;

- қоғамдағы проблемалардың шешу жолдарын қарастыру мақсатында әлемнің озық елдерінің өркениеттік білім беру және тәрбие үлгілеріне сәйкес ғылыми-зерттеу платформаларын құру және оған жастарды тарту қажет;

- әл-Фарабидің ілімінің басымды бағыттарын насихаттайтын құнды дүниелер цифрлік технологиямен аудио, видеожазбаларды әзірлеу арқылы әрбір студентке, жас мамандарға қолжетімді болғаны жөн;

- әл-Фарабидің этикалық категорияларды зерделеуінің мазмұнын еліміздегі философия пәні бойынша кәсіби саладағы мамандардың интернет қауымдастығын біріктіретін «Қазақ философиясы» чатындағы семинар жиындарында (жетекшісі – профессор Г.Ж. Нұрышева) талқылаудан өткізіп, надандық құбылысын талқылаған орынды.

Жоғарыда айтылған тұжырымдармен қатар әлемге әйгілі философ әл-Фарабидің мұрасын тереңінен зерттеу және насихаттау мақсатында бірнеше практикалық іс-шараларды ұсынғымыз келеді: «Адал азамат» концептісін жас ұрпақтың арасында жүзеге асыру үшін қол жетімді және түсінікті тілде жазылған мектептер мен колледждерге арналған «Ұлы ойшыл әл-Фараби» оқулығын әзірлеу керек; 11-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» бойынша мектеп оқулықтарында әл-Фарабидің еңбектерін зерделеу үшін жеке параграф енгізілгені жөн және «Қазақстан тарихы» университеттік пәні (ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі) қалпына келтіргені әділеттілікке сай келеді; Қазақстан Республикасының ел өңірлерінде жетекші университеттердің ауқымында Фараби орталықтары ашылғаны орынды. Осылардың барлығы халқымыздың, әсіресе жастардың даналыққа жақындап, надандықтан алшақ болуына шынайы интеллектуалдық іргетас боларына сенімдіміз.

Қазіргі Қазақстанда әділеттілік қағидаттарының қоғамдық дүниеде толықтай орнығуы үшін тек әлеуметтік жағдайдың жақсаруы жеткіліксіз екені анық, бұл үлкен, кешенді әрекеттер жиынтығына гуманитарлық саланың мамандары бел шешіп кірісуі міндетті. Себебі, руханияттың сапалы түрде өзгеруі, жағымпаздық, өтірік ақпар беру, сыни ойламау сияқты теріс сипаттағы бұрынғы тарихымыздың кемшіліктері надандықпен күресуді барынша баяулатады, әлеуметтік прогрессімізді тежейді. Осыған әл-Фарабидің, сонымен қатар басқа да данагөйлеріміздің терең мағыналары ойлары жастарға насихатталып, бұқаралық санада белең алғаны орынды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Маратова Алия. Әл-Фараби Қайырымды қала тұрғындары. «Massaget» <https://massaget.kz/blogs/26866/> 20.12.2020.
2. Касымжанов А. Х., Гафуров Б. Г. Аль-Фараби в истории культуры /АН СССР, Институт востоковедения. – Москва: Наука, 1975. – 181 с.
3. Орынбеков М.С. Духовные основы консолидации казахов. – Алматы: ИД «Аркаим», 2001. – 252 с.
4. Дербісәлі Ә.Б. Әбу Насыр әл-Фараби – Ұлы даланың дара тұлғасы: жинақ. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 418 б.
5. Бурабаев М.С., Кенисарин А.М., Курманғалиева Г.К. Проблемы бытия и познания в философии аль-Фараби /АН КазССР, Институт философии и права. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1988. – 221[2] с.
6. Есім Ғ. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 195 б.
7. Алтаев Ж.А. Әл-Фараби философиясы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 368 б.
8. Нурышева Г.Ж. Уроки французского фарабиеведения / Казахстанская правда. 16.09.2020 // Труды Второго учителя глазами зарубежных фарабиеведов // Казахстанская правда. 13.05.2020.
9. Құрманалиева А.Д. Ортағасырлық арабтілдес фәлсафадағы адам кемелділігі мәселесі // Вестник КазНУ. – 2011. №1 (36). – 131-141 бб.
10. Сейтахметова Н.Л. и др. Наследие аль-Фараби и формирование нового интегрального мировоззрения. / Коллективная монография. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2016. – 345с.
11. Сыргакбаева А.С., Каукуа J.P., Рушанова Н.Б. Духовная культура аль-Фараби: проблемы невежества в философии // Адам әлемі. – 2022. – Т.93, № 3. – С. 40-48.
12. Масалимова А.Р. Әл-Фараби философиясының қазіргі әлемдегі өзектілігі: азаматтық саясат және ізгі қала // Әл-Фараби: дәуір сұхбаттастығы. I Халықаралық Фараби форумы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 163б.
13. Философский энциклопедический словарь. – Москва: Сов. энцикл., 1983. – 840 с.
14. Аристотель философиясы. Әлемдік философия мұрасы. 3 т. / Құраст. Әбішев Қ.Ә., Әбжанов Т.Ы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 568 б.
15. Августин Аврелий. Исповедь. – Москва: Азбука, 2014. – 400 с.
16. Алексеева Т.А. Теория международных отношений как политическая философия и наука. Учебное пособие. – Москва: Аспект Пресс, 2019. – 608 с.

17. Боженев А.З. Основы философии. Учебное пособие. – Москва: Фолиант, 2017. – 280 с.
18. Бранская Е.В., Панфилова М.И. Основы философии. Учебное пособие для СПО. – Москва: Юрайт, 2019. – 184 с.
19. Виндельбанд В. История философии. Киев: Наука, 1997. – 279 [75] с.
20. Богатырев П.Г. Вопросы теории народного искусства. – Москва: Искусство, 1971. – 511 с.
21. Дронзина Т.А., Юнисов Е.А., Рахимжанова С.К., Маликова А.М. «Ар-ұят» ұғымының философиялық мәні // Қарағанды университетінің хабаршысы. – 2021. – 125-127 бб.
22. Лютер М. Избранные произведения / пер.с нем. СПб., – М.: Андреев и согласие, 1994. – 432 [82] с.
23. Роттердамский Э. Ақымақтықты мадақтау / Әлемдік философия мұрасы. Қайта Өрлеу дәуірі философиясы. – Алматы, Жазушы. 2006. – 502 б.
24. Неміс классикалық философиясы // <https://kazaksha.info>. 10.04.2023.
25. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы: [2 т.]. 1-ші т. / А. Құнанбаев. – Алматы: Көркем әдебиет баспасы, 1961. – 677 б.
26. Сегизбаев О.А. Казахская философия XV – начала XX века. – Алматы: Ғылым, 1996. – С. 386.
27. Рахимжанова С.К. Дәстүрдің философиялық мәні // ҚазҰУ хабаршысы. – 2017. Т. 61, № 3. – 49-57 бб. [51].
28. Rushanova N.B, Syrgakbayeva A.S. The problem of ignorance in the philosophy of al-Farabi // Аль-Фараби. – 2021. V. 75, №3. – С. 16-25.
29. Есім Ғ. Надандық туралы. <https://astana-akshamy.kz/nadandyq-turaly/> 26.03.2012.
30. Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары: монография / Әбу Насыр әл-Фараби; құраст.: Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Ж. Сандыбаев. – Алматы: Арыс, 2009. – 648 б.
31. Рушанова Н.Б., Каукуя Я. әл-Фараби философиясындағы тәрбиенің мәні // Адам әлемі. 2020 – Т. 85, №3. – 11-18 бб.
32. Машанов А. Әбу Насыр әл-Фараби. – Алматы: Жазушы, 1970. – 156 б.
33. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна Ltd. ЖШС, 2010. ISBN 9965-26-096-6, – 87 б.
34. Алтаев Ж.А., Әмірқұлова Ж.А. Әл-Фараби және ислам философиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 161 б.
35. Рысқалиев Т. Даналық пен түсініктің үлгілері. – Алматы: Ақыл кітабы, 1999. – 324 б.

36. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар: монография / әл-Фараби; Қазақ ССР ҒА, Философия және құқық ин-ты. – Алматы: Ғылым, 1973. – 446 [26 б., 331-335б.].
37. Қоянбаева Г. Фарабитану. Мәдени мұра бағдарламасы. – Астана: Аударма, 2006. – Т.16. – 440 б.[290].
38. Иванов В.Г. История этики средних веков. Л.: ЛГУ, 1984. – 245 с.
39. Сатыбекова С.К. Гуманизм аль-Фараби. – Алматы: Наука, 1978. – 285 с.
40. Духовные корни – Казах. – Алматы: Ғылым, 1994. – 190 б.
41. Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1996. – 256 б.
42. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. – Астана: Аударма, 2005. – Т.1. – 378 б.
43. Ғабитов Т.Х. Қазақ этикасының теориясы мен тарихы: Жоғары және орта оқу орындары студенттері мен оқушыларға арналған оқу құралы. – Алматы: ЖШС «Лантар Трейд», 2020. – 258 б.
44. Аристотель. Сочинения. – Москва: Мысль, 1983. – 830 с.
45. Философиялық сөздік / Бас редакторы: Нұрғалиев Р.Н. – Алматы, 1996. – 525 б.
46. Әлеуметтік философия. Хрестоматия. – Алматы: Ақыл кітабы, 1997. – 226 б.
47. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Адамға қарай бет бұрсақ. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 160 б.
48. Средневековая арабо-мусульманская философия в переводах А.В. Сагадеева [собр. пер. в 3-х т.] – Москва, 2010. – 55-56 б.
49. Нұрышева Г.Ж. Философия тарихы. – Алматы: Зият Пресс, 2005. – 180 б.
50. Есім Ғ. Фалсафа тарихы. – Алматы: Раритет, 2004. – 304 б.
51. Ғабитов Т.Х. Философия. – Алматы: Раритет, 2005. – 400 б.
52. Ғабитов Т.Х. Қазақ философиясы – Алматы: Раритет, 2011. – 280 б.
53. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. – Алматы, 2000. – 752 б.
54. Дронзина Т.А., Юнисов Е.А., Рахимжанова С.К., Маликова А.М. «Ар-ұят» ұғымының философиялық мәні // Қарағанды университетінің хабаршысы. – Қарағанды, 2021. – Б. 125-127.
55. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. – Астана: Аударма, 2005. – Т.1. – 378 б.
56. Султонзода С. аль-Фараби в исследованиях французских философов // әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті. 2019. – С. 31.
57. Tadzhikova K.K. О термине и понятии «субстанция» в философии Абу Насра аль-Фараби // Вестник КазНУ. Серия «Востоковедения». – Алматы, 2015. – №2. – С. 16.
58. Нуриев Б.Д. Терминологический инструментарий лингвофилософии аль-Фараби // Вестник Кемеровского государственного университета. – Кемерово, 2014 – №3 (59). – С. 210-213.

59. Одинаев А.Ш. Ключевые идеи учения Абу Насра аль-Фараби о гражданском обществе // Современное право. – Москва, 2007. – №6. – С. 119-120.
60. Шамсов М.С. Отражение некоторых свойств души в силлогизмах Ибн Сины // Известия института философии, политологии и права имени А. Баховаддинова Национальной академии наук Таджикистана. – Душанбе, 2020. – №4. – С. 111-116.
61. Рахматова Н.М. Вклад среднеазиатского ученого Абу Насра аль Фараби в развитие мировой философской мысли // Мировая наука. – Алматы, 2020. – №1 (34). – С. 421-423.
62. Мец А. Мусульманский ренессанс. – Москва, 1996. – 243 с.[87-89].
63. Петрушевский И.П. Ислам в Иране в VII-XV веках. – СПб., 2007. – 374 с.
64. Құран Кәрім: «Фұрқан» сүресі. 63 аят. – Алматы, 1996. – 352 б.
65. Прозоров С.М. Ислам как идеологическая система. – Москва, 2004. – 345 с.
66. Степананц М.Т. Восточная философия. – Москва, 1997. – 375 с.[15].
67. Сагадеев А.В. Восточный перипатетизм. – Москва, 2009. – 421с.[77-79].
68. Сагадеев А.В. Ибн Рушд (Аверроэс). Мыслители прошлого. – Москва, 1973. – 210-215 с.
69. Сагадеев А.В. Исследования по арабо-мусульманской культуре и философии // Избранные статьи. – Москва, 2009. – С. 111-114.
70. MacClintock S. Averroes. Encyclopedia of philosophy, 2nd edition. – USA, 2006. – P. 52-58.
71. Rosenthal Erwin I.J. Political thought in Medieval Islam. – Cambridge London: New York, 1958. – P. 10-15.
72. Кадыров К.Б. От философии до воспитательной мысли в изучении аспектов исламской культуры // ББК 1 Е91. – 2020. – С. 120.
73. Абрамцева О.И. Арабо-мусульманская философия: Средневековый этап // Гуманитарные науки в современном вузе: вчера, сегодня. – М., 2022. – С. 275[12].
74. Денильханова Р.Х. Целостность мира в арабо-персидской философии // Наука и инновации в XXI веке: Актуальные вопросы, открытия и достижения. М., 2018. – С. 29-32.
75. Логиновских Т.А. и др. Религиоведение. // Раннее религиозное сознание. Христианство: религия и церковь. Ислам. М., 2005. – С. 70.
76. Рахматуллин Р.Ю. Философия суфизма // Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. – 2015. – №10(3). – С. 165-167.
77. Стародуб Т.Х. Исламский мир. // Художественная культура VII–XVII веков: архитектура, изображение, орнамент, каллиграфия. – М.: Восточная литература, 2010. – С. 88.

78. Ефремова Н.В. Ислам: философия, религия, культура. – М.: Общество с ограниченной ответственностью «Садра», 2015. – 12 с.
79. Билалов М.И. Философия ислама о специфике исламской философии // Исламоведение. – 2019. – Т. 10. – №3. – С. 20-30.
80. Агзамходжаев С. Современное состояние исламского образования в Узбекистане // Россия и мусульманский мир. – 2010. – №11. – С. 124-133.
81. Ветошкин А.П., Некрасов С.И., Некрасова Н.А. Философия с иллюстрациями. Учебник. – М.: РГ-Пресс, 2020. – 624 с.
82. Губин В. Д., Некрасова Е. Н. Философия культуры. Учебник. – М.: РГГУ, 2019. – 185 с.
83. Аминов Т.М., Аминова Л. Я. Педагогическая теория «Аристотеля Востока» аль-Фараби // Мир педагогики и психологии. – 2020. – №4. – С. 6-11.
84. Демина Л.А., Малюкова О.В., Бучило Н.Ф. Философия. Учебник. – М.: Проспект, 2020. – 360 с.
85. Доброхотов А.Л. Философия культуры. – М.: Высшая Школа Экономики (Государственный Университет). 2016. – 560 с.
86. Ивин А.А., Никитина И.П. Философия науки. Учебное пособие. – М.: Проспект, 2020. – 352 с.
87. Канке В.А. Философия для психологов. Учебник. – М.: Инфра-М, 2018. – 316 с.
88. Кузьменко Г.Н., Отюцкий Г.П. Философия и методология науки. Учебник. – М.: Юрайт, 2014. – 450 с.
89. Любутин К.Н., Грибакин А.В. Западная философская антропология. Учебное пособие. – М.: Юрайт, 2019. – 172 с.
90. Матяш Т.П., Жаров Л.В., Несмеянов Е.Е. Основы философии. Учебное пособие. – М.: Феникс, 2020. – 314 с.
91. Миронов В.В. Философия с иллюстрациями. Учебник. – М.: РГ-Пресс, 2020. – 432 с.
92. Миронов В.В. Философия. – М.: Проспект, 2019. – 240 с.
93. Миронова Д. Политическая философия. Учебное пособие. – М.: Издательство МГУ, 2019. – 248 с.
94. Пржиленский В.И. Современная философия. Интеллектуальные технологии XXI века. Учебник для магистров. – М.: Проспект, 2020. – 336 с.
95. Путилова Л.М., Бубнова М.И. Философия и история образования. Учебник для академического бакалавриата. – М.: Юрайт, 2017. – 234 с.
96. Сергейчик Е.М. Философия истории. Учебник для вузов. – М.: Юрайт, 2019. – 408 с.
97. Философия. Учебник / ред. Чумаков А.Н. Вузовский учебник. – М.: Инфра-М, 2016. – 432 с.

98. Шаповалов В.Ф. Философия в 2 частях. Часть 1. Введение в философию. Классическая философия. Учебник для академического бакалавриата. – М.: Юрайт, 2017. – 390 с.
99. Шуталева А.В. Философские проблемы естествознания. Учебное пособие для СПО. – М.: Юрайт, 2019. – 164 с.
100. Голубинская А.В. Невидимые руки незнания: К Теории Социального Конструирования Невежества // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: «Философские науки». – 2021. – №4. – С. 45-52.
101. Нургали К.Р., Толбаева Д.Е. Невежества в поэтике Абая Кунанбаева // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия Филология. – 2021. – Т. 137, – № 4. – С. 103-110.
102. Барлыбаева Г. Духовное наследие казахских просветителей как квинтэссенция казахской философии // ҚР ҰҒА Хабаршысы. «Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар» сериясы. – 2016. № 6. – С. 40.
103. Нефёдов А.М. Постмодернизм необходимо преодолеть // Просвещение и познание. – 2021. – № 4 (4). – С. 21-35.
104. Раматов Ж.С., Хасанов М. Онтологических Гносеологических Воззрений аль-Фараби // Central Asian Academic Journal of Scientific Research. – 2022. – Т. 2, – №6. – С. 537-546.
105. Файзиходжаева Д.И. Аль-Фараби: Риторическая Аргументация // Periodica Journal of Modern Philosophy, Social Sciences and Humanities. – 2023. – Т. 14. – С. 150-154.
106. Кенисарин А.М., Нысанбаев А.Н. Становление историко-философских идей в учениях Аристотеля и аль-Фараби // Вопросы философии. – 2005. – №7. – С. 136-145.
107. Абдихаппарова Г.А. Аристотель и аль-Фараби: этическая преемственность в философии // Вестник КазНУ. Серия «Философии, культурологии и политологии». – Алматы, 2016. – Т. 58, №4. – С. 11-19.
108. Гуревич П.С., Филатов О.К. Философия и история образования. От Античности до эпохи просвещения. Учебное пособие для академического бакалавриата. – М.: Юрайт, 2019. – 290 с.
109. Рахматуллин Р.Ю. Философские взгляды аль-Фараби // Научный альманах. – 2015. – №7. – С. 1239-1242.
110. Юлдашев Ф.А., Юлдашева М.Б. Гносеологические аспекты концепции познания аль-Фараби в формировании ответственности личности // Вестник Омского университета. Серия «Психология». – Омск, 2020. – С. 234.[63-67].
111. Аминова Л.Я. Педагогическая теория «Аристотеля Востока» аль-Фараби. – М., 2020. – 21-22 с.

112. Қоғамдық білім негіздері / Нысанбаев Ә., Есім Ғ., Изотов М., Жүкешев К. т.б. – Алматы: Мектеп, 2006. – 258 б. [35-36].
113. Баласағұн Ж. Құтты білік / көне түркі тіл. ауд. / Ж. Баласағұн. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б. [310].
114. Әл-Фараби және қазіргі заман: оқу құралы / Ғ.М. Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 221 б.
115. Әбен Е. Дала даналары. – Алматы: Қазақстан даму институты, 2001. – 432 б.
116. Екімыңжылдық дала жыры / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000. – 752 б.
117. Құнанбаев А. Қара сөз: нақыл сөздер. – Алматы: Көшпенділер, 2007. – 158 б. [2].
118. Шәкәрім Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
119. Байтұрсынұлы А. Маса. Екінші кітабы. (1911), 88-89 бб.
120. Кенжеалиев И. Ғұмар Қараш. Оқу құралы. – Орал: БҚМУ баспаханасы, 2004. – 136 б.
121. Богатырев П.Г. Вопросы теории народного искусства. – М.: Искусство, 1971. – 511 с.
122. Ильин И.А. Путь к очевидности / И.А. Ильин. – М.: Республика, 1993. – 431 с. [82].
123. Рахимжанова С.К. Дәстүрдің философиялық мәні // ҚазҰУ Хабаршысы. – Алматы, 2017. – № 3(61). – Б. 49-57. [51].
124. Арутюнова Н.Д. О стыде и совести / Н.Д. Арутюнова // Логический анализ языка: Языки этики. – М.: Языки русской культуры, 2000. – С. 54-58. [57].
125. Лихачева Л.С. Этика: теория и практика: учеб. пос. / Л.С. Лихачева. – Екатеринбург: Урал, 2019. – 190 с. [59].
126. Кальной И.И. Человек и его метафизика. «Credo New». http://www.intelros.ru/readroom/credo_new/credo_04_2009/4325-chelovek-i-ego-metafizika.html. 2009.
127. Қазақстан Республикасының «Педагог туралы» Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000645> 19.07.2019.
128. Шужеева Азиза. Чем опасно невежество? «Фейсбук». 29.01.2024.
129. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1996. – 304 б.
130. Әл-Фараби және қазіргі заман: оқу құралы / Ғ.М. Мұтанов. Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 221 б.
131. Машанов А. Әбу Насыр әл-Фараби. – Алматы: Жазушы, 1970, 111-112 бб.
132. Алтай Ж.А. Ғылым тарихы мен философиясы. – Алматы: Раритет, 2008. – 368 б.
133. Тұрғынбаев Ә.Х. Философия. – Алматы: Білім, 2001. – 328 б.

134. Rushanova N.B., Syrgakbayeva A.S., Kulshanova A.A. «Ignorance» in ethnic culture – the philosophy of al-Farabi // *Xlinguae. Philosophies.* – 2023. – Vol.16 (3), – P. 23-37.
135. Дербісәліев Ә.Б. Жақсыдан қалған жәдігер. «Ақиқат». 2001.